

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

№ 3

МАРТ

№ 3

АЛМАТЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫ

1955

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

XXXIII жыл шығуы

Қазақ және орыс тілінде шығады

№ 3

М А Р Т

1955

М А З М У Н Ы

БАС МАҚАЛА—Совхоздардың жұмысы үлгілі және мол өнімді болсын	1
Ф. ҚӘРІБЖАНОВ — СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері бұлжытылмай жүзеге асырылсын	7
С. НЕЙШТАДТ — Ауыр индустрия — социалистік экономиканың негізі	17
С. ПОКРОВСКИЙ — Қазақстанда социалистік революцияның тарихи заңдылығы туралы	26
К. КОТОВ — Коммунистік партияның советтік мемлекеттік аппаратты нығайта беру жолындағы күресі	37

ПАРТИЯ ТҮРМЫСЫ

П. КАЛЮТА, П. КОЛЕСНИКОВ — Партия басшылығының стилі мен әдістерін жетілдіре беру керек	43
Д. БЕРЛИН — Қолхозды деревнядағы көпшілік-саясат жұмысы	47
Н. ЧАЛОВ — Совхоз әкімшілігінің жұмысын бақылау правосы	51

СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ

А. ЧУГАЙ — Совет халқының әл-ауқатының өсуі	54
И. ГАЛОЧКИН — Мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі іске жетіктікпен насихатталсын	56
Р. САМСОНОВА — Түркия — түріктің көзімен	59

Россияда 1905 — 1907 жылдары болған революция туралы әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші	62
---	----

Совхоздардың жұмысы үлгілі және мол өнімді болсын

Астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді онан әрі арттырудың кең программасын жасап берген СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы совхоздардың ауылшаруашылық өндірісіндегі барған сайын өсіп отырған ролін тағы да ерекше атап көрсетті. Совхоздар кәзіргі уақытта халық шаруашылығы саласында еліміздің алдында тұрған орасан зор міндеттерді ойдағыдай орындау ісіне: 1960 жылы астықтың жалпы түсімінің кемінде 10 миллиард пұтка жеткізілуін қамтамасыз етіп, мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі есе және онан да көп арттыруға өздерінің лайықты үлесін қосуы керек.

Ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендетуді ұйымдастыра отырып, Коммунистік партия халық бұқарасының бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын толық және асыра орындау жолындағы күресіне, халық шаруашылығының барлық салаларын өрге бастырудың, Совет мемлекетінің қуатын нығайтудың және халқымыздың әл-ауқатын

арттырудың негіздерінің негізі — ауыр индустрияны онан әрі мықтап өркендетуге сүйенуде.

Еліміздегі жоғары дәрежеде механикаландырылған ірі мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындары—совхоздар В. И. Лениннің нұсқауы бойынша Ұлы Октябрь социалистік революциясының ізінше құрыла бастады. Партия мен үкімет совхоздарды құрғанда, олардың алдына ірі-ірі шаруашылық-саяси міндеттер: елімізге жоғары сапалы және арзан ауылшаруашылық өнімді көп беру, ірі ауылшаруашылық өндірісін тиімді жүргізудің үлгісін көрсетіп, бұл ісімен ұсақ шаруалар шаруашылығын социалистік негізге қайта құруға көмектесу міндеттерін қойды. Совхоздар ауылшаруашылық жұмыстарын кеңінен механикаландыру және еңбек өнімділігін арттыру негізінде ауылшаруашылық өндірісін ұйымдастырудың, оның өнімділігін мықтап арттырудың үлгісі болуға және социалистік ауыл шаруашылығының капиталистік ауыл шаруашылығынан үздік артықшылығын дүние жүзіне көрсетуге тиісті болды.


Совхоздардың көпжылдық тарихы еліміздің ауыл шаруашылығын өркендетудің барлық кезеңдерінде олар өздеріне жүктелген міндеттерді аброймен атқарып келгенін айқын дәлелдейді. Коллективтендіру жылдарында шаруалар бұқарасы ірі социалистік ауылшаруашылық өндірісінің даусыз күшін және артықшылығын нақтылы мысалдардан көріп, бұған көзі жетті. Совхоз өндірісінің ерекшелік сипаты әрдайым оның мол товарлығында болып келді. Соғысқа дейінгі жылдардың өзінде совхоз астығының товарлығы 75 — 80 процент болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында совхоздар жауды жеңу ісінде зор үлес қосты.

Советтік қоғамдық құрылыс жасаған материалдық жағдайларды және өздерінің ұсақ шаруалар шаруашылығынан артықшылықтарын пайдалана отырып, совхоздар қысқа мерзімде өндірісті қалпына келтіріп қана қоймай, оны соғысқа дейінгі дәрежесінен едәуір арттырды. Совхоздар егіс көлемін ұлғайтты, мал басын көбейтті, оның өнімділігін арттырды, мал шаруашылығы мен егіншіліктің мемлекетке тапсырылатын өнімін көбейтті.

Коммунистік партия ауыр өнеркәсіптің табыстарына сүйене отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету программасын жасағаннан кейін совхоздардың ауылшаруашылық өндірісіндегі ролі ерекше өсті. Дегенмен, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь (1953 жыл) және февраль-март (1954 жыл) Пленумдарының шешімдерінде совхоздардағы ауылшаруашылық өндірісінің дәрежесі әлі мүлде жеткіліксіз екені және олардың мүмкіндіктеріне сай келмейтіні атап көрсетілді.

Партия мен үкімет совхоз қызметкерлеріне жаңа, неғұрлым жоғары талаптар қойды. Елімізде астық және малшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру ісінде совхоздарға зор және жауапты міндеттер жүктелді. Коммунистік партия мен Совет үкіметі жүктеген қандайда болсын міндеттерді ойдағыдай орындауға совхоздарда керекті жағдайлар мен мүмкіндіктердің бәрі бар екенін 1954 жылдың қортындылары тағы да айқын көрсетті.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь және февраль-март Пленумдарының шешімдерін орындау үшін қажырлылықпен күресе отырып, Қазақстанның совхоздары өткен жылы елеулі табыстарға жетті. Тың және тыңайған жерлерде жүзге жуық жаңа совхоздар құрылды. Жаңа жерлерді жырту тапсырмасы жарты миллион гектардан астам асыра орындалды. 300 мың гектардан астам жаңа жерлерге егін егілді. Тың және тыңайған жерлерді игеру, кең егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру мемлекетке тапсырылған астықты алдыңғы жылғыдан 21,5 миллион пұт көбейтуге мүмкіндік туғызды. Павлодар облысының Песчан



совхозы мемлекетке астықты бір жылдың өзінде оған дейінгі 6 жылғыдан көп тапсырды.

Астық өндіруді арттырумен бірге Қазақстанның совхоздары сыйырды, қойды және шошқаны біраз көбейтті. Мемлекетке мал шаруашылығының өнімін тапсыру бір жылдың ішінде едәуір артты: ет 151 мың центнер, сүт 387 мың центнер, жүн 1 450 центнер артық тапсырылды.

Бірсыпра совхоздар әрбір 100 гектар жерден өндірілетін ауылшаруашылық өнімін көбейту тапсырмасын ойдағыдай орындап келеді. Мысалы, Қостанай облысының Соколов шошқа совхозы әрбір 100 гектар жерден 37 центнер ет өндірді, мұның өзі 1960 жылға белгіленген тапсырмадан едәуір артық.

Ауылшаруашылық өнімінің ұлғаймалы ұдайы өндірілуін қамтамасыз ете отырып, алдыңғы қатарлы шаруашылықтар астықтың, еттің, сүттің және басқа өнімдердің түсер құнын кемітті. Қостанай облысының Молоотов атындағы совхозында әрбір центнер астықтың түсер құны жоспардағыдан 7 сом, Павлодар облысының Северный совхозында 16 сом кемітілді. Павлодар тресінің совхоздары өткен жылы 25 миллион сом пайда келтірді, ал бұрын бұл совхоздардың бірсыпрасы пайда орнына, зыян көретін еді.

Республика совхоздарының өткен жылғы табыстары олардың ауылшаруашылық өнімін өндіруді арттыру мүмкіндіктеріне сай келмейді. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы әрбір 100 гектар жерден алынатын астық және мал шаруашылығы өнімінің көлемі әлі де аз екенін көрсетті. Мұның өзі ең алдымен Қазақстанның совхоздарындағы жағдайды толық сипаттайды. Өткен жылы республиканың совхоздарында егістік, шабындық және жайлымдық жердің әрбір 100 гектарына небәрі 17 қойдан келгенін, ал мемлекетке тапсырылған жүн небәрі 39 килограмнан келгенін көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Әрбір қойдан алынатын биязы жүн әлі күнге соғысқа дейінгі мөлшеріне жеткен жоқ.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысында Қазақ ССР мал совхоздарының қолайлы жағдайда болуына қарамастан, мал басын өте шабан өсіретіні, мал шаруашылығының өнімділігі кем болып отырғаны, мұның нәтижесінде совхоздар мемлекетке етті, сүтті және жүнді аз тапсыратыны атап көрсетілді. Сондықтан мал шаруашылығын шұғыл өркендетіп, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру совхоздардың ең шұғыл міндеттерінің бірі болып табылады.

Совет Одағында колхоздар мен совхоздарда орта есеппен егістік, шабындық және жайлымдық жерлердің әрбір 100 гектарынан 27 центнерден ет, 260 центнерден сүт, әрбір 100 гектар егістік жерден кемінде 30 центнерден шошқа еті және дәнді дақылдар егісінің әрбір 100 гектарынан кемінде 74 мың жұмыртқа өндірілетін болғанда ғана елімізде мал шаруашылығы өнімдерінің өндірілуін жоспарланған дәрежеге жеткізуге болады. «Істі ұйымдастырғанда, — деді СОКП Орталық Комитетінің Пленумында Н. С. Хрущев жолдас, — совхоздар ауылшаруашылық жерлерінің әрбір 100 гектарынан мал шаруашылығы өнімдерінің колхоздардағыдан едәуір көп өндірілуін қамтамасыз ететін болу керек».

Қазақ ССР Совхоздар министрлігі таяу уақыттың ішінде республиканың совхоздарында 1955 — 1960 жылдарда, жеке аймақтардың, аудандардың және совхоздардың экономикалық, табиғи ерекшеліктерін есепке ала отырып, әрбір 100 гектар жерден мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді едәуір арттыру шараларын белгілеуге, сүттің жоспарланған мөлшерде өндірілуін сыйырлармен, еттің өндірілуін семіртілген әртүрлік малмен және құспен, жүннің өндірілуін қоймен жеткілікті қамтамасыз етудің барлық шараларын қолдануға тиіс.

«Жердің әр түрін жақсы пайдалану, әрбір 100 гектар жерден ауылшаруашылық өнімдерінің алынуын мықтап арттыру, өлшемді өнім алу»

ға жұмсалатын қаржы мен еңбек шығынын азайту, — деп көрсетілді СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысында, — совхоз қызметкерлерінің аса маңызды міндеті деп саналсын. Мемлекеттік кәсіпорындар болып табылатын совхоздарда, өнеркәсіптегі сыяқты, техниканы дұрыс пайдалану және еңбек өнімділігін үнемі арттыру негізінде өндірісті үлгілі ұйымдастыру үшін барлық мүмкіндіктер бар».

СОКП Орталық Комитетінің Пленумы партия және совет органдарына жердің әр түрін неғұрлым толық және тиімді пайдалану негізінде совхоздарда мал шаруашылығы өнімдерін өндірудің онан әрі едәуір арттырылуын және өнімнің түсер құнының мықтап кемітілуін қамтамасыз етуді міндеттеді. Бұған сәйкес Қазақстанның совхоздары таяудағы 5—6 жылдың ішінде товарлы өнімнің көлемін бірнеше есе арттыруға тиіс. Осы жылдың өзінде олар елімізге екі жүз миллион пұттай астық тапсырып, сүт, ет, тоңмай, жүн, жұмыртқа өндіруді мықтап ұлғайтуға тиіс.

Совхоздардың, партия және совет органдарының қызметкерлері барлық күш пен резервтерді пайдаланып, өндіріс озаттарының тәжірибесін барлық малшылардың игілігіне айналдырғанда ғана совхоздарда мал шаруашылығының өркендеуін қамтамасыз етуге болады. Совхоздардың қызметкерлері сыйырлардың сүттілігін мықтап арттырып, малды жайып және қолдан семіртуді ұйымдастыру шараларын қолдануға, сөйтіп мемлекетке тек сөміз және орташадан жоғары қонды мал тапсырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Кәзір мал шаруашылығында ең жауапты маусым басталды — мал қыстату аяқталып келеді. Әрбір килограмм жем-шөпті дұрыс пайдаланып, малдың шығын болуына, оның өнімділігінің кемуіне жол бермеу керек. Мұның өзі быйыл мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге аса маңызды жағдай туғызады. Совхоздардың барлық малын олардың өзінде өндірілетін жем-шөппен қамтамасыз етуге байланысты мәселелерді кәзірден шешіп, жергілікті жағдайда әрбір гектардан мол өнім және неғұрлым қоректі азық беретін жем-шөптік дақылдар егуді совхоздарда кеңінен енгізу керек. Мұнымен бірге барлық өнімді малды жақсы қоралармен қамтамасыз ететіндей болып, құрылыс программасын мерзімінде орындау керек, мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру дәрежесін арттыру керек.

СОКП Орталық Комитеті Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын тек астық өндіруді онан әрі ұлғайтқанда ғана ойдағыдай орындауға болады. Астық шаруашылығы — бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізі, мал шаруашылығын өркендетудің шешуші шарты. Елімізде астық өндіруді ұлғайту мақсатымен тың және тынайған жерлер онан әрі кең көлемде игеріледі, сол сыяқты бүкіл егіс көлемінде егіннің шығымдылығын арттыру шаралары қолданылады.

Совхоздар тың және тынайған жерлерді игерудің неғұрлым қолайлы формасы болып табылатынын өткен жылдың тәжірибесі көрсетті. Мол жерлері, көптеген малы, маңдай алды техникасы және маман кадрлары бар ірі мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындары болып отырған совхоздар неғұрлым аз еңбекпен және аз қаржымен көп товарлы өнім өндіре алады.

Осы қыста республикада 250 жаңа совхоз құрылды. Совхоздар быйыл барлығы 5,5 миллион гектар тың және тынайған жер жыртып, дәнді дақылдардың егіс көлемін мықтап ұлғайтуға тиіс. Неғұрлым өнімді дақыл — жүгерінің өзін быйыл совхоздарда кемінде 200 мың гектар егіп, онан мол өнім алу керек. Мұның өзі бір жолы екі міндетті орындауға — астық қорын молайтуға және сүрленген жақсы малазық алуға мүмкіндік береді.

Партия мен үкімет республика совхоздарының іс жүзінде үлгілі, мол өнімді социалистік шаруашылықтарға айналуына керекті материалдық жағдайлардың бәрін жасады. Өткен жылы ауыр индустрия Қазақстанның совхоздарына көптеген тракторлар, комбайндар және басқа күрделі машиналар берді. Совхоздардың энергия-техникамен қарулануы екі есе өсті. Қазіргі уақытта да ауыр өнеркәсіп совхоздарға мыңдаған жаңа машиналар беруде. Ауылшаруашылық машиналары оларға барған сайын күшті қарқымен көп беріледі.

1955 жылы республикамыздың халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалатын қаржы өткен жылғыдан екіжарым есе дерлік, ал 1953 жылғыдан 5 еседен аса көбейтіледі. Қазақстанның совхоздары мен машина-трактор станцияларында құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 1954 жылғыдан үш есе артады.

Тың және тыңайған жерлерді игеретін аудандарда жаңадан ондаған құрылыс трестері ұйымдастырылады. Олар жаңа совхоздар мен машина-трактор станцияларында зор көлемде құрылыс жұмыстарын жүргізеді. Қазақ ССР Қалалық және селолық құрылыс министрлігінің «Главзападстрой» трестерінің өзі Қостанай облысының 82 совхозында барлығы 458 миллион сомдық құрылыс жұмыстарын жүргізуге тиіс.

Солай бола тұрсада, құрылыс жұмыстарының өрістетілуі тым шабан. Мәселен, сол «Главзападстрой» тресті быйылғы жылдың біржарым айы ішінде совхоздарда небәрі үш миллион сомдық құрылыс жұмыстарын жүргізді, яғни бірінші тоқсанның жоспары небәрі 3 процент орындалды. Құрылыстың мұндай қарқыны ешкімді қанағаттандырмайды. Құрылыс ұйымдары өздерінің жаңа совхоздар құрылысына көзқарасын өзгертіп, құрылыс жұмыстарын істің мүдделеріне сай жүргізуге міндетті.

Мұнымен бірге совхоздардың басшылары құрылыс жұмыстарын шаруашылық әдісімен мейлінше өрістету шараларын қолдануға тиіс.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерімен жігерленген ауыл шаруашылығының барлық еңбекшілері сыяқты, совхоз қызметкерлері де көктемгі егіс жұмыстарына әзірленуде. Көктем таялды. Оңтүстік аудандарда егіс жұмыстары қызу жүргізілуде. Істің мүдделері көктемгі егіске әзірлікті таяудағы күндерде аяқтауды талап етеді. Әрбір тракторды, сеялқаны, плугты толық әзірлеп, қажетті мөлшерде тұқымды жеткізіп, оны егістік кондицияға келтіру керек, егін және трактор бригадаларын қажетті құрал-саймандардың бәрімен қамтамасыз ету керек, сөйтіп көктемгі егісті ең қысқа мерзімдерде және жоғары агротехникалық дәрежеде өткізетін болу керек.

Алайда жер-жерден алынған хабарлар көктемгі егіске әзірлікте әлі де көптеген олқылықтар мен кемшіліктер бар екенін көрсетеді. Көптеген совхоздар трактор паркіні әзірлеуді ұзаққа созды. Тракторларды жөндеу қарқыны IV тоқсандағыдан бәсеңдеп қалды.

Әсіресе совхоздарды тұқыммен қамтамасыз ету, тұқымды мемлекеттік элеваторлар мен складтардан жеткізіп алу жұмысының жәйі қауіптенерлік. Мысалы, республиканың совхоздарына бөлінген 455 мың тонна тұқымнан совхоздардың іріктеп алғаны жартысына да жетпейді, ал жер жерге тасып алынғаны онан да аз. Тұқымның едәуір бөлегі егістік кондицияға жеткізілмеген, қара сұлы араласқан, көктегішітігі кем. Республиканың Совхоздар министрлігі тұқымды тасып алу және тазарту мәселесін коллегияның мәжілістерінде бірнеше рет талқылады, бірақ онан іс алға басқан жоқ. Министрліктің қызметкерлері ұйымдастыру жұмысын жүргізу орнына, жиі-жиі мәжіліс жасаумен, көптеген бұйрықтар шығарумен уақыт өткізеді.

Қазақстанның Совхоздар министрлігі миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді игеретін жаңа совхоздарға көмектесуге айрықша көңіл бөлуге тиіс. Бірақ ол мұны істемей отыр. Қостанай облы-

сында 76 жаңа совхоз құрылуда. Олардың бірсыпырасында осы уақытқа дейін жеткілікті тұқым, жанармай жоқ. Урицкий ауданының бес совхозына 13 мың тонна тұқым керек, ал түкпір пункттерде небәрі 3 мың тонна тұқым бар. Ақмола облысында құрылған 50 жаңа совхозда осы уақытқа дейін жанармай құятын ыдыстар жоқ және жанармай іс жүзінде әлі тасып алынбай келеді. Республиканың совхоздары өздеріне бөлінген жанармай қорларының небәрі жартысына жуығын алды. Темір жол станцияларына әкелінген техника онан мезгілінде алынбайды. Ол түгіл ондаған совхозда трактор-егін бригадаларын құру аяқталған жоқ.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі совхоздарды ең жаңа техникамен жабдықтауға, оларды кадрлармен нығайтуға, еңбек өнімділігін арттыруға, совхоз қызметкерлерінің егін шығымдылығын, мал шаруашылығының өнімділігін арттырып, өнімнің түсер құнын кеміту үшін материалдық ынталылығын күшейтуге қамқорлық жасап келеді. Совхоз қызметкерлері бұған өздерінің саяси және өндірістік жігерін онан сайын күшейтіп жауап беруде. Партия ұйымдары бұған басшылық етіп, партия-көпшілік және ұйымдастыру жұмысын күшейтуге міндетті. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының тарихи шешімдерін ойдағыдай орындаудың кепілі міне осында.

Совхоздар министрлігі, жергілікті партия және совет органдары совхоздарға басшылықты түбірінен қайта құруға тиіс. Әрбір шаруашылықта табиғат байлықтарын тиімді пайдаланып, еңбек өнімділігінің едәуір артуын, товарлы өнімнің өсуін, өнімнің түсер құнының кемуін, қор жыйнаудың көбеюін қамтамасыз ету керек. Мұның үшін шаруашылық есепті, үнемшілдік тәртібін бұлжытпай қолдану, мемлекетке тапсырылатын өнімді мейлінше көбейту совхоз өндірісіндегі әрбір қызметкердің негізгі міндеті болу керек.

Совхоздарды үлгілі, мол өнімді шаруашылықтарға айналдыру—совхоз қызметкерлерінің құрметті міндеті. Партия мен үкімет совхоздар алдына қойған міндеттерді ойдағыдай орындауға совхоз қызметкерлерінің барлық күшін аянбай жұмсайтыны күмәнсіз.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері бұлжытылмай жүзеге асырылсын

Ф. КӘРІБЖАНОВ,

Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары

Қуатты социалистік индустрияға сүйене отырып, совет халқы халық шаруашылығының барлық салаларын өрге бастыруда тамаша табыстарға жетті. Ұлы лениндік нұсқауларды басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия, халық шаруашылығының барлық салаларын онан әрі мықтап өркендетудің негізі — ауыр индустрияны күшейте беруді өзінің басты міндеті деп есептеп келді және есептеуде.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің кең өрістерін белгілеп берді. Пленум совет халқы алдына: 1960 жылы астықтың жалпы түсімін 10 миллиард пұтқа жеткізу және оның негізінде ет, сүт, жүн және халық шаруашылығының басқа өнімдерін өндіруді едәуір арттыру міндетін қойды.

Тың және тыңайған жерлерді игеру астық өндіруді арттырудың мол резерві болып табылады. 1956 жылдың өзінде жаңа жерлердегі егістің көлемі 28 — 30 миллион гектарға жеткізілуге тиіс. Астық және мал шаруашылығының өнімдерін өндіруді онан әрі арттыру ісінде, орасан көп тың және тыңайған жерлері бар Қазақ ССР маңызды орын алады. Мемлекеттік жоспар бойынша 1954 жылы Қазақстанда 6 300 мың гектар тың және тыңайған жер жыртылуға тиісті еді. Республиканың колхоздары мен совхоздары бұл жоспарды әлде қайда асыра орындап, өткен жылы 8 миллион гектардан астам тың және тыңайған жерлерді жыртып. Мұның өзі быйыл колхоздар мен совхоздарда егіс көлемін 19 миллион гектарға жеткізуге мүмкіндік береді.

Тың және тыңайған жерлерді игеру 1954 жылдың өзінде егіс көлемін колхоздарда 18 процент, совхоздарда 20 процент ұлғайтуға мүмкіндік туғызды. Тың және тыңайған жерлерге 1,5 миллион гектардан астам бидай және басқа ауылшарушылық дақылдары егілді. Мұның бәрі астықтың жалпы түсімін едәуір арттыруға мүмкіндік берді. Республикамыз 1954 жылдың аяғында мемлекетке 242 миллион пұттан астам астық тапсырды, бұл бұған дейінгі екі жылдың ішінде тапсырылған астықтан едәуір көп.

Коммунистік партия мен Совет үкіметі, туысқан республикалардың еңбекшілері Қазақстанға баға жетпес материалдық-техникалық көмек көрсетіп келеді. Өткен жылдың өзінде ғана Қазақстанның МТС-тері мен совхоздарына 50 мыңнан астам трактор (15 аттың күшімен есептегенде), 12 мың комбайн және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналары берілді.

Жаңа жерлерді игеру, астық өндіруді онан әрі арттыру күресінде жұмысшылар мен шаруалардың мызғымас одағы онан сайын нығайып, шыңдалуда. Партияның шақыруы бойынша Қазақстанға 100 мыңнан астам тракторшылар, комбайншылар, шоферлер және ауыл шаруашылығының басқа мамандары келді. Бұлардың көпшілігі — дақты совет жастары. Оның үстіне біздің республикамызға басқа туысқан республикалардан өздерінің комбайндарымен келген 6 мың комбайншы қазақстандықтарға егін жыйнауға көмектесті. Еліміздің ірі-ірі өнеркәсіп-

ті қалалары бізге астық тасу үшін 15 мыңнан астам жүк автомашиналарын жіберді.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы Қазақстанның ауыл шаруашылығы алдына аса зор міндеттер қойды. Быйыл республиканың колхоздары мен совхоздары 1956 жылдың егісіне арнап 9 миллион гектар тың және тыңайған жер жыртуға тиіс. Бұл жерлерде жүздеген жана совхоздар құрылуда. Тың жерлерді игерудің негізгі жұмысы осы совхоздарға жүктеледі. Мұның бәрі 1956 жылы республикада егіс көлемін 27 миллион гектарға жеткізуге мүмкіндік береді. Мұның ішінде дәнді дақылдардың егіс көлемі 3 есе ұлғайтылып, 23 миллион гектарға жеткізіледі.

Жаңа жерлерді онан әрі игеру нәтижесінде Қазақ ССР-ның астық және малшаруашылық өнімдерін өндіруде алатын орны онан әрі арта түседі. Бірақ халық шаруашылығының мүдделері бидаймен бірге басқа да ауылшаруашылық дақылдары өндірісін мықтап арттыруды талап етеді.

Астық және жем-шөп өндіруді арттыру ісінде тары егісінің көлемін ұлғайтудың ерекше зор маңызы бар. Тары — бағалы азықтық дақыл, ал тарының сабаны мен мекені — малға жақсы азық. Қазақстан тарыдан дүниежүзілік мол өнім алып келеді. Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Құрман» колхозында атакты тарышы Шығанақ Берсиев 1943 жылы гектарынан 203 центнер тары алды. Соғысқа дейінгі жылдарда Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Павлодар және республикамыздың басқа бірсыпра облыстарының алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары тары егісінің гектарынан сусыз жерлерде 50 центнерге дейін, суармалы жерлерде 100 центнерге дейін өнім алып келді. Алайда, тарыдан мол өнім алудың тамаша тәжірибесі кеңінен таратылмады.

Соңғы жылдарда республиканың бірсыпра облыстарында тарының егіс көлемі едәуір азайды, шығымдылығы кеміді. Мысалы, Ақтөбе облысының колхоздары мен совхоздары мемлекетке 1941 жылы екі миллион пұттай тары берсе, 1952 жылы небәрі 231 мың пұт, 1953 жылы 461 мың пұт, 1954 жылы 1 403 мың пұт тары тапсырды. Батыс Қазақстан облысында да тары егісінің жәйі осындай.

Республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдары өздерінің тары өндіруге көзқарасын өзгертуге тиіс.

Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Қостанай және басқа облыстардың колхоздары мен совхоздарының тары өсіріп, онан мол өнім алуда жеткілікті тәжірибесі бар. 1954 жылы Павлодар облысының колхоздары мен совхоздары тарыдан мол өнім алып, мемлекетке 8 540 мың пұт тары тапсырды. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты бұл бағалы дақылдың егіс көлемін ұлғайтуға ұшы-қыйыры жоқ мүмкіндіктер туғызылады.

Қант қызылшасын өндіруді арттырудың да сондай зор маңызы бар. Қазақстанда қызылша үш облыста — Алматы, Талдықорған және Жамбыл облыстарында өсіріледі. Алайда бұл облыстардың партия, совет және ауылшаруашылық органдары қант қызылшасын өсіруге көңіл бөлуін бәсеңдетті. Мұның салдарынан соңғы жылдарда көп колхоздарда қант қызылшасының шығымдылығы едәуір кеміді.

Мұның негізгі себебі — агротехниканың төмен дәрежеде болуы. Терең зябь жырту жоспары орындалмайды, сол себепті қант қызылшасының едәуірі көктемде жыртылған жерге егіледі, көп колхоздарда қызылшаға арналған жер саяз жыртылады, агротехникалық ережелер орындалмайды, бірсыпра колхоздарда жерді жыртар алдынан жергілікті және минералды тыңайтқыштар енгізілмейді. Егіс мезгілінде және сапалы бапталмайды. Қызылшаны сирету және шабықтау жұмыстары 20 — 25 күн орнына 70 — 80 күнге созылады.

Қант қызылшасын өсірудегі кемшіліктерді жою керек. Бізде бұл дақылдан мол өнім алуға керекті жағдайлардың бәрі бар. Мысалы, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы «Октябрь» және «Красная звезда» колхоздары соңғы сегіз жыл бойына қант қызылшасының гектарынан 400 — 600 центнерден өнім алып келеді. Талдықорған облысы, Талдықорған ауданының Сталин атындағы колхозы, Алматы облысы, Іле ауданының Сталин атындағы колхозы және басқа бірсыпыра колхоздар да қызылшадан мол өнім алуда.

Еліміздің халық шаруашылығын өркендетуде мақта өндіруді арттырудың маңызы зор. Біздің республикамыздың мақта өндіруді ұлғайтып, оның шығымдылығын арттыруға барлық мүмкіндіктері бар. Алайда бұл мүмкіндіктер, СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдерінде көрсетілгеніндей, жеткіліксіз пайдаланылады. 1954 жылы республикада шитті мақтаның түсімі орта есеппен гектарына небәрі 14,7 центнерден келді, ал алдыңғы қатарлы колхоздар мен совхоздар гектарынан 25 — 30 центнер және онан да көп мақта алады. Оңтүстік Қазақстан облысы, Ильич ауданындағы «Мақта-Арал» совхозы өткен жылы 5 250 гектар мақта егісінен мемлекетке гектарына 34 центнерден, ал жеке бригадалар мен звенолар 40 центнерден және онан да көп мақта тапсырды.

Шитті мақта өндірудің артта қалуының негізгі себептері: агротехниканың төмен дәрежеде қолданылуы, партия ұйымдарының бұл дақылды өсіруді тиісінше бақылап отырмайтыны, мақтаның жыйнағанда көп ысырап болуы, жұмыстардың нашар механикаландырылуы. Көп уақытта жер-ауа райы жағынан бірдей жағдайда болып отырған колхоздар мақтадан әртүрлі өнім алады. Оңтүстік Қазақстан облысы, Қызылқұм ауданының «Ақтөбе» және І-ші Май атындағы колхоздары бірдей жағдайда, жерінің құнарлылығы да бірдей, алайда бұлар мақтадан өнімді әртүрлі мөлшерде алады. «Ақтөбе» колхозы 1950 жылдан бастап жыл сайын егіс көлемін ұлғайтып, орта есеппен гектарына 20 — 28 центнерден мақта алып келеді. Ал І-ші Май атындағы колхоз бұл уақыттың ішінде егіс көлемін ұлғайтпады деуге болады және орта есеппен гектарына небәрі 10 — 12 центнерден мақта алады.

Мақта өсіргенде неғұрлым тарқатарлы егіске, сол сыяқты шаршы-ұялап еккен егіске айрықша көңіл бөлу қажет, бұл істе тәжік мақташыларының тәжірибесін үйрену керек. «Мақта-Арал» совхозында мақтаны тарқатарлап егу әдісін қолдану арқасында мақтаның шығымдылығы гектарына 2 — 2,5 центнер артты, ал мақтаны шаршы-ұялап егу және егісті екі бағытта баптау әдісін қолдану мақтаның шығымдылығын гектарына тағы да 3 — 4 центнер арттырды. Мақташылардың озат тәжірибесін шебер пайдалану Қазақстанда мақта өндіруді арттыруға зор мүмкіндіктер туғызады.

Республиканың колхоздары мен совхоздарында күріш және күнбағыс сыяқты бағалы дақылдарды өндіру әлі де артта қалып келеді. Партия және ауылшаруашылық органдары бұл дақылдарды өсіруге баса көңіл бөлуге тиіс.

Қазақстанның ауа райы және жер жағдайлары жеміс, жүзім шаруашылығын кең көлемде өркендетуге, жеміс-жидек дақылдарын өсіруге мүмкіндік береді. Әрбір колхоз бен совхоз жеміс және жидек бауларын егуге осы жылғы көктемнен бастап кірісетін ету керек. Бұл жұмысты өсіресе республиканың солтүстік облыстарында тыңғылықты жүргізу керек, өйткені бұл облыстарда жеміс және жүзім шаруашылығы тіпті нашар. Быйыл колхоздарда кемінде 1 500 — 2 000 гектар жеміс, 400 гектар жидек, 500 гектар жүзім бауларын, совхоздарда 250 — 300 гектар жеміс және 200 гектар жидек бауларын егу керек.

Астық өндіруді арттыру — ауыл шаруашылығының барлық салаларын, ең алдымен оның мал шаруашылығы сыяқты маңызды саласын өркендетудің шешуші шарты. Өткен жылы республикада мал шаруашылығын өркендету жолында біраз жұмыс істелді. Сыйырлардың саны 7,5 процент, шошқа 28 процент көбейтілді; мемлекетке ет 1953 жылғыдан 76 мың тонна, сүт 24 мың тонна көп талсырылды және сатылды.

Республиканың көптеген алдыңғы қатарлы колхоздары мен совхоздары партия мен үкіметтің халық шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өркендету туралы тарихи шешімдерін жүзеге асыра отырып, қоғамдық мал шаруашылығын өркендету және оның өнімділігін арттыру ісінде едәуір табыстарға жетті. Павлодар облысындағы, Социалистік Еңбек Ері Выдрин жолдас директор болып істейтін Песчан етті-сүтті мал совхозы көкшөп конвейерін қолдану, мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру, фермаларда күнбе-күнгі жұмыстың екі аралық тәртібін енгізу нәтижесінде, сүт өндіруді едәуір арттырды. Жеке озат малшылар, мәселен сауыншылар А. Даренко және К. Бейсенова өздеріне бекітіп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 4 — 4,5 мың килограм сүт алды.

Солтүстік Қазақстан облысындағы Мамлют тұқым мал совхозы өткен жылы мал басын көбейту жоспарын малдың барлық түлігінен асыра орындады. Совхозда орта есеппен әрбір сыйырдан 3861 килограм сүт алынды. Бұл совхоздың жеке сауыншылары өздеріне бекітіп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 5 мың килограмға дейін сүт алды. Павлодар облысындағы № 499 қой совхозының коллективі де зор табыстарға жетті. Мұнда орта есеппен әрбір қойдан 4,84 килограм жүн алынды.

Алайда, СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімінде өте дұрыс көрсетілгеніндей, Қазақстанда тұтасынан алғанда мал шаруашылығының жәйі қанағаттанғысыз болып келеді. Малдың көп өлуі, аналық малдардың көп қысыр қалуы, олардың жалпы мал ішінде үлес салмағының кем болуы, тұрақты жем-шөп базасының, жақсы мал қораларының болмауы, малдың ойдағыдай күтілмеуі мал шаруашылығын өркендету ісіндегі елеулі кемшіліктер болып келеді. Көп колхоздар мен совхоздарда малдың өнімділігі әлі өте төмен.

Өткен жылы өнімді мал шаруашылығын өркендету жоспарын малдың барлық түлігінен колхоздардың небәрі 4,5 проценті, сыйырдан колхоздардың үштен бір бөлегі, қойдан небәрі 16 проценті орындады. Республиканың колхоздары жалпы алғанда жем-шөпті алдыңғы жылдардағыдан көп дайындай тұрсада, бірсыпра облыстарда, мәселен Солтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл және басқаларында жем-шөп жеткіліксіз дайындалды, мұның зардабынан онда мал қыстату қанағаттанғысыз өткізіліп, мал көп шығын болуда.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімі бойынша Қазақстан 5 — 6 жылдың ішінде ет, жүн және сүт өндіруді 2 — 3 есе арттыруға тиіс. Мұның үшін малды едәуір көбейтіп, оның өнімділігін мықтап арттыру керек. Республиканың колхоздары мен совхоздары 1960 жылы сыйыр малын орта есеппен 175 — 180 процент көбейтуге, қой мен ешкіні 36 миллионға, шошқаны 1,5 миллионға жеткізуге міндетті.

Кәзір мал шаруашылығындағы ең жауапты маусымдардың бірі — жаппай мал төлдету басталды. Мұның өзі колхоздар мен совхоздардың басшыларынан төлдің жақсы күтілуін қамтамасыз ететін жедел және тыңғылықты шаралар қолдануды талап етеді. Республиканың бірсыпра облыстарында жем-шөп таусыла бастады, олай болса басқа аудандардан жем-шөп алдыруды жедел ұйымдастырып, қоғамдық малды аман сақтап қалуға барлық шараларды қолдану керек.

Республиканың мал шаруашылығын онан әрі өркендетудің орасан зор міндетін ойдағыдай орындау үшін ең алдымен тұрақты жем-шөп

базасын жасаудың бірсыпра мәселелерін шешу қажет. Тұрақты жем-шөп базасын жасаудың негізгі шарты — астық шаруашылығын өркендету.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы жүгері егісін ауыл шаруашылығына кеңінен енгізуді астық, әсіресе жем-шөп өндірісін арттыру ісіндегі негізгі міндет етіп алға қойды. Жүгерінің бағалылығы мынада: бір ғана осы дақылды өсірудің өзі, бір жағынан, астық қорын толықтыруға, екінші жағынан, малды өте қоректі көк шөппен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұнымен бірге жүгері дәнін тек құрғақтай ғана емес, сүттеніп-балауызданып піскен жүгері собықтарын сүрлеу және консервілеу жолымен де пайдалануға болатынын көрсету қажет. Қазақстанның жер-ауа райы жағдайлары бұл бағалы дақылды оңтүстік облыстарда да, солтүстік облыстарда да кең көлемде өсіруге мүмкіндік береді. Солай бола тұрсада бізде жүгері соңғы уақытқа дейін қағажу қалып келді, оны жете бағаламады және өте аз егіп келді.

Республиканың ғылыми-зерттеу мекемелері жүгері егу мәселелерімен шұғылданбады, сол себепті оларда Қазақстанда бұл дақылды өсірудің қортылған тәжірибесі жоқ екенін көрсету қажет. Бұл олқылықты мейлінше қысқа мерзімде жойып, туысқан республикалардың жүгеріден мол өнім алушы шеберлерінің, оның ішінде Социалистік Еңбек Ері М. Е. Озерный жолдастың бұл саладағы табыстарын толық пайдалану керек.

Республикада кәзір жүгерінің орташа шығымдылығы гектарына 8—9 центнерден аспайды. Ал алдыңғы қатарлы шаруашылықтардағы жүгері өсіру тәжірибесі бұл дақылда астық және малға керекті бағалы азық өндіруді арттырудың қандай зор мүмкіндіктері бар екенін көрсетеді. Алматы облысының Миучурин атындағы колхозы 1953 жылы орта есеппен әрбір гектардан 35 центнер жүгері дәнін алды, ал 1954 жылы жүгеріні шаршы-ұялап егу, тыңайтқыштар енгізу арқасында гектарына 86 центнерден жүгері алынды.

Республиканың солтүстік облыстарында да сүрлеуге және шала піскен собықтарын консервілеуге арнап жүгері өсіруге зор мүмкіндіктер бар. Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысы, Соколов ауданының «Дозор Ильича» колхозында 1954 жылы алынған жүгерінің көк сабақтары мен жапырақтары және шала піскен собықтары орта есеппен гектарына 500 центнерден келді. Ақмола облысы, Калинин ауданының Молотов атындағы колхозы, Павлодар облысының «Береговой» совхозы және басқалары жүгері өсіруде жақсы нәтижелерге жетті.

Быйыл республиканың егіншілері алдына зор және жауапты міндет — 600 мың гектарға жуық жүгері, оның ішінде колхоздарда 400 мың гектар, совхоздарда 200 мың гектар жүгері егу міндеті қойылып отыр. 1960 жылы республикада жүгері егісінің көлемін кемінде үш миллион гектарға жеткізу керек. Жүгері егісінің көлемін ұлғайтқанда, тек жаңа жерлерді игеру есебінен ғана емес, мұнымен бірге шөп өнімділігі кем шабындықтар мен жайлымдар есебінен де, сол сыяқты өнімділігі кем дәнді дақылдардың егіс көлемін кеміту есебінен де ұлғайту керек болады.

Жұмыстарды механикаландырудың кәзіргі дәрежесінде жүгері еңбекті көп керек ететін дақылдықтан қалды. Кәзір жүгеріні шаршы-ұялап етуге, егісті екі бағытта машина күшімен баптауға, дәнін алуға арналған жүгеріні де, сүрленетін жүгеріні де комбайндармен жыйнауға мүмкіндіктер бар. Көктемгі егіс маусымында жүгері өсіру агротехникасының ерекшеліктерін ескере отырып, жүгеріні тек шаршы-ұялап себу әдісімен егу керек. Шаршы-ұялап тұқым себетін сеялқалар болмаған жерлерде жүгеріні жәй сеялқалармен, тоғыспалы әдіспен, сол сыяқты жүгері отырғызатын құрал-саймандармен егуге болады.

1955 жылы мал азығына керекті жем дайындаумен қатар пішен, сабан және басқа көлемді азық дайындауды әлде қайда арттыру керек.

Быйыл республиканың колхоздары 15 миллион 400 мың тонна көлемді азық, оның ішінде 11 миллион 400 мың тонна пішен дайындауға тиіс. Малазықтық тамыр-жемісті және бақша дақылдарын 900 мың тонна, сүрленген жем-шөпті 3 миллион тонна мөлшерінде дайындау керек. Совхоздарда 1955 жылы кемінде 2 600 мың тонна пішен, 215 мың тонна малазықтық тамыр-жемісті және бақша дақылдарын, 1 450 мың тонна сүрленген жем-шөп дайындау керек.

Коммунистік партия әрбір істің табысты болуын адамдар, кадрлар шешеді деп үйретеді. Жаңа жерлерді игеретін аудандарға келген жұмысшылар мен мамандарға, колхозшыларға қамқорлықпен көңіл бөліп отыру — тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысының табысты болуының бұлжымайтын шарты. Бұған байланысты партия және совет органдары құрылыс жұмыстарының ұйымдастырылуына ерекше көңіл бөліп, оны күнбе-күн бақылап отыруға тиіс. Жаңадан игерілетін жерлердегі құрылыстың аса зор мемлекеттік маңызы бар.

Быйыл Қазақстанның совхоздары мен МТС-терінде барлығы 1 900 миллион сомдық құрылыс жұмыстары жүргізілуге тиіс, яғни 1954 жылғыдан үш есе дерлік көп. Республикаға, астық совхоздарында және жаңадан құрылған құрылыс трестерінде тұрақтап жұмыс істеуге маман кадрлар — инженерлер, техниктер, құрылыс жұмысшылары келді және келуде. Одақтық үкімет МТС-тер мен совхоздарға тұрғын үйлер, мәдениет-құрылыс орындарын және өндірістік үйлер салу ісінде үнемі көмектесіп отыр. Жаңадан құрылған совхоздардың өзінде стандартты бөлшектерден және жергілікті материалдардан 2 мыңнан астам тұрғын үйлер, жүздеген магазиндер, асханалар, нан пісіретін орындар, жатақ үйлер, мектептер, моншалар салынды. Көптеген қоныстанушылар мемлекеттен жәрдем алып, өздеріне жекеменшікті үйлер салды.

Құрылыстың орасан кең өрістетілуіне байланысты республикамызға бұл істе елеулі қиыншылықтар кездесіп отыр. Басшы кадрлар әлі де жеткіліксіз, көптеген құрылыс ұйымдарының өндірістік базасы нашар. Атбасар және Петропавл трестерінің совхоздарында тұрғын үйлерді пайдалануға тапсыру өте артта қалып келеді, Қөкшетау, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының совхоздарында құрылыс жұмыстарының жәйі нашар. Республиканың Совхоздар министрлігі құрылыс жұмыстарына жедел басшылықты әлі қамтамасыз ете алмайды, озат тәжірибені кеңінен таратып, енгізу шараларын қолданбайды.

Республикада Қалалық және селолық құрылыс министрлігі құрылды, бұл министрлік әлі болса ұйымдастыру кезеңінен өте алмай, құрылысқа нашар басшылық етеді. Министрліктің құрылыс жұмыстарын шын мәнісінде кең өрістететін уақыты жетті. Бұл істе оған жергілікті партия және совет органдары мейлінше көмектесуге тиіс.

Су шаруашылығындағы құрылыстың жүзеге асырылуы қанағаттанғысыз. Өткен жылы республиканың колхоздарында су шаруашылығының құрылыстарын салу жоспары небәрі 30 процент орындалды. Артезиан құдықтарының скважиналарын бұрғылау, шахталы және трубалы құдықтар жасау жұмыстарымен бірге көктемгі қар суын жыйнайтын тоғандар, бөгеттер жасауға айрықша көңіл бөлу қажет.

Құрылыс жұмысында республиканың дайындау ұйымдары алдына зор міндеттер қойылып отыр. Олар быйыл түкпір аудандарда көптеген складтар салуға, ондаған жаңа элеваторлар және астық сақтайтын басқа қоймалар салуды аяқтауға тиіс. Өткен жылдың тәжірибесін ескере отырып, быйылғы егіннің өнімін қабылдауға күні бұрын әзірлену керек.

Мәдени-тұрмыс орындарының және өндірістік үйлердің, су шаруашылығы құрылыстарының өте шабан салынуы ауылшаруашылық өндірісін оған әрі өркендетуге едәуір бөгет жасайды. Партия, совет орган-

дары құрылыстарға жергілікті құрылыс материалдарын жасауды жолға қоюға көмектесіп, жұмыстардың дұрыс ұйымдастырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Бұл міндетті ең алдымен бастауыш партия ұйымдарының ролін күшейткенде ғана орындауға болады. Бастауыш партия ұйымдары өздеріне берілген, әкімшілік орындардың жұмысын бақылау правосын жүзеге асырып, қызметкерлерді тұрғын үй және материалдық-тұрмыс жағынан орналастыру мәселелеріне ерекше көңіл бөліп, шаруашылық басшыларына көмектесіп отырған жерлерде жұмыс жақсы жүргізілуде.

Бұл жерде Павлодар облысының Куйбышев атындағы жаңа совхозын мысалға келтіруге болады. Мұндағы құрылыста 4 бригада үнемі жұмыс істеді, олардың бірі құрылыс материалдарын дайындады, қалған үш бригада үйлер салды. Солтүстік Қазақстан облысының Маленков атындағы совхозында құрылыс жұмыстары жақсы ұйымдастырылды. Онда қысқа мерзімде 35 тұрғын үй, асқана, магазин, аурухана салынды. Совхоз жұмысшыларының пәтерлеріне электр жарығы мен радио енгізілді. Жаңадан құрылған: Ақмола облысының «Калинин», «Изобильный», Қостанай облысының «Орджоникидзе», «Өрнек», «Славян» совхоздарында және басқаларында құрылыс жұмыстары ойдағыдай жүргізілуде.

Алдыңғы қатарлы совхоздарда құрылыс жұмыстарын ұйымдастырудың тәжірибесі күштерді дұрыс орналастырып, жергілікті құрылыс материалдарын — тасты, шлак қалдықтарды, шикі кірпішті, әсіресе қамысты пайдаланған жерлерде қысқа мерзімде-ақ жақсы тұрғын үйлер, өндірістік үйлер және мәдени-тұрмыс орындарын салуға болатынын көрсетеді.

Қамыс — жергілікті құрылыс материалдарының аса маңызды түрлерінің бірі. Қазақстанда қамыстың ұшан-теңіз мол қоры бар. 1954 жылы республикада қамыстан 940 қой қоралар салынды, ал 1955 жылы 3 миллион қойға жетерлік қоралар салуға ұйғарылды. Сол сыяқты тактайтанған қамыстан бірнеше мың жақсы стандарт тұрғын үйлер салынбақ. Мұндай үйлер жылылығы және тазалығы жағынан, кірпіштен немесе тастан салынған үйлерден қалыспайды.

Машина-трактор станциялары — колхоз өндірісін өркендетудің шешуші күші, социалистік мемлекеттің колхоздарға басшылық етудегі аса маңызды тректі пункттері. Сол себепті де ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісінде МТС қызметкерлеріне ерекше жауаптылық жүктеледі.

Партия мен үкіметтің орасан зор көмегі арқасында машина-трактор станциялары едәуір нығайды. Быйыл республикада тағы да 50 жаңа МТС құрылады. Қазақстан МТС-терінің машина-трактор паркі көптеген жаңа қуатты дизельді тракторлармен, комбайндармен, пішен жыйнайтын және басқа күрделі ауылшаруашылық машиналарымен толықтырылды. 1954 жылы Қазақстанның МТС-тері, 5,5 миллион гектардан астам тын және тыңайған жер жыртып, мемлекеттік жоспарды 1,5 миллион гектар асырып орындады. Республиканың МТС-тері барлық трактор жұмыстарының жоспарын 107 процент орындады.

1955 жылы егіннен мол өнім алу үшін күресе отырып, МТС-тер мен совхоздар зябь жырту жоспарын толық орындады, егін салынатын жерлерді өткен жылғыдан 2760 мың гектар көп әзірледі, мұның өзі быйылғы көктемде жаздық дақылдар егісін агротехникалық жақсы мерзімдерге өткізуге мүмкіндік береді. Республиканың машина-трактор станциялары колхоздарға ауылшаруашылық өндірісін механикаландыру ісінде мейлінше көмектесуге тиіс.

Тың және тыңайған жерлерді игеру тәжірибесінің көрсеткеніндей, ірі социалистік шаруашылықтарды — мемлекет беріп отырған техника мен материалдық ресурстарды неғұрлым тиімді пайдалана алатын сов-

хоздарды ұйымдастыру — бұл жерлерді игерудің неғұрлым қолайлы формасы болып табылады. Республиканың совхоздары 1954 жылы, жоспарда белгіленген 2 236 мың гектар орнына, 2 775 мың гектар тың жер жыртып, жаңа жерлерге 300 мың гектар дәнді дақылдар екті, мұның есебінен астықтың түсімін 13 миллион пұт арттырды.

Быйыл Қазақстанның совхоздары 5,5 миллион гектар тың және тыңайған жерлерді игеруге тиіс. Өткен жылғы көктемде құрылған 93 совхоздан тыс быйыл тағы да 250 жаңа астық совхозы құрылды. Жаңадан құрылған совхоздар мамандармен толық қамтамасыз етілді, оларға қажетті техника, ауылшаруашылық саймандары, дақылдардың тұқымы берілуде.

Мемлекет совхоздарға орасан зор көмек көрсетуде. Қазір совхоздардағы машина-трактор паркінің қуаты 1952 жылғыдан екі еседен аса өсті. Совхоздарда техниканы пайдалану едәуір жақсарды. Орындалған трактор жұмыстары әрбір тракторге 1953 жылы 288 гектардан келсе, өткен жылы 437 гектардан келді.

Совет мемлекеті әрбір совхоздың мол өнімді, үлгілі шаруашылық болуына керекті жағдайдың бәрін жасады. Алайда совхоздардың жұмысында әлі де елеулі кемшіліктер бар. СОКП Орталық Комитеті көптеген совхоздардың жұмыс дәрежесі өскен талаптарға сай келмейтінін көрсетті. Мұның өзі біздің республикамыздың совхоздарына да толығынан жатады. Көптеген совхоздарда, әсіресе жылқы совхоздарында орасан көп жерлер өнімсіз пайдаланылады. Техниканы дұрыс пайдалану, еңбек өнімділігін үнемі арттыру негізінде өндірісті үлгілі ұйымдастыруға совхоздардың толық мүмкіндігі бар.

Ауыл шаруашылығын онан әрі мықтап өркендету ісінде озат тәжірибе мен ғылымның табыстарын зерттеп қорытып, ауыл шаруашылығы өндірісіне енгізудің маңызы орасан зор. 1954 жылғы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесі біздің елімізде ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге ұшан-теңіз мүмкіндіктер бар екенін көрсетті.

Социалистік жарыс колхоз және совхоз өндірісінің мыңдаған жаңашылдарын, өз ісінің тамаша шеберлерін жетілдірді. Көрмеге біздің республикамыздан ауыл шаруашылығының 4 600 озаттары, 319 шаруашылық, оның ішінде 47 колхоз, 3 совхоз, 12 МТС және арнаулы станциялар, 116 мал фермалары қатысты.

Механикаландырылған ауыл шаруашылығын жүргізудің озат агротехникалық әдістерін кеңінен насихаттап, колхоз және совхоз өндірісіне енгізу ісінде көрмеге қатысушылардың табыстарын көрсетудің ерекше зор маңызы болды, мұның өзі бір жағынан жаңа жерлерді игерудің бағалы тәжірибесін қорытын көрсетті.

Ауылшаруашылық өндірісі жаңашылдарының табыстары барлық колхоздардың, машина-трактор станцияларының және совхоздардың жұмыс практикасына енгізілуге тиіс. Біздің заманымызда жыйналған тәжірибені есепке алып пайдаланбайынша, шаруашылықтың дұрыс жүргізілуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Алайда республикада озат тәжірибені насихаттау бүгінгі күннің талаптары мен тілектеріне сай болмай, артта қалып келеді. Совхоздар министрлігі, партия және совет органдары озат тәжірибені насихаттауды жақсартып, озаттардың тәжірибесін қалың бұқараның игілігіне айналдыруға тиіс.

Колхоздың жаңашыл ғалымы Т. С. Мальцев жасаған топырақты өңдеу системасын кеңінен енгізу, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттыруды көздейтін аса маңызды шаралардың бірі болып табылады. МТС-тердің, колхоздардың және совхоздардың мамандары колхозшылармен, механизаторлармен бірге облыстар мен аудандардың жер-ауа райы жағдайының ерекшеліктерін есепке ала отырып,

бұл прогрестік әдісті дәнді дақылдар ғана емес, техникалық дақылдар егілетін жерлерде де топырақты өңдегенде кеңінен қолданудың нақтылы шараларын белгілеуге тиіс.

Т. С. Мальцевтің әдісі бойынша топырақты өңдеу системасын шеберлікпен енгізу қандай нәтижелер беретінін Ақмола облысының Қазатком атындағы совхозының жұмыс тәжірибесінен көруге болады. 1952 жылдың өзінде бұл совхозда 300 гектар жер аудармайынша терең жыртылды, мұның өзі егіннің шығымдылығын гектарына 2,8 центнер арттырды. 1953 жылы совхозда 2 579 гектар жер жаңа әдіспен жыртылды, мұның өзінен егіннің шығымдылығы гектарына 4,8 центнер артты. Жерді аудармайынша терең жырту әдісі кәзір республиканың бірсыпыра колхоздары мен совхоздарында ойдағыдай қолданылып, егіннен тұрақты мол өнім алынуын қамтамасыз етуде.

Егіннен мол өнім алу жолындағы күрестің жауапты кезеңі — көктемгі егіске әзірлік басталды. Республиканың оңтүстігінде егіс жұмыстары кеңінен жүргізілуде, көп ұзамай солтүстік облыстарда да егіс басталады. Партия ұйымдары, совет және ауылшаруашылық органдары колхозшылардың, МТС және совхоз қызметкерлерінің, ауыл шаруашылығы мамандарының барлық күшін көктемгі егіске әзірлікті неғұрлым тез аяқтап, оны ойдағыдай өткізуге жұмылдыруға тиіс.

Егіс жұмыстары көлемінің ұлғаюына байланысты бірсыпыра МТС-тер мен совхоздарда сеялкалардың тапшылығы байқалады. Сондықтан, бұрын жарамсыз деп тасталған барлық трактор және ат сеялкаларын жөндеп қалпына келтіруге шұғыл шаралар қолдану керек.

Білгалды сақтауға, минералды тыңайтқыштар әкелуге, оларды енгізуге, тұқым себер алдынан жердің топырағын сапалы етіп өңдеуге, сөйтіп егісті неғұрлым қысқа мерзімде өткізуге ерекше көңіл бөлу қажет, өйткені мұның Қазақстан жағдайында егіннен мол өнім алу үшін шешуші маңызы бар.

Партия ұйымдары, МТС-тер мен совхоздардың директорлары, колхоздардың председателдері кәзір егіске керекті барлық тұқымды тазартуды тезінен аяқтап, толық егістік кондицияға жеткізуге айрықша көңіл бөлулері керек. Егіске жарамсыз, сол сыяқты неғұрлым жақсартылған сорттарға айырбасталатын тұқымды күн ілгері «Заготзерно» пункттерінде айырбастау керек. Жаңа совхоздарда егісті тұқыммен қамтамасыз ету жөнінде көп жұмыс істеу керек болады.

Тың және тынайған жерлерді ойдағыдай игеру совет, ауылшаруашылық органдарының бұл жұмысқа қаншалықты іске жетіктікпен басшылық етуіне, партия басшылығы дәрежесінің қаншалықты жоғары болуына тығыз байланысты. Әсіресе бұл басшылықты ауылшаруашылық өндірісіне жақындатудың маңызы зор, мұның өзі епалдымен кадрларды дұрыс іріктеуге, оларды дұрыс орналастырып, тәрбиелеуге байланысты.

Село аудандық партия комитеттері жұмысының қайта құрылуы, деревняға партия және совет жұмысына қажетті жалпы білімі және саяси даярлығы бар 2 000-дай коммунистің жіберілуі ауыл шаруашылығына іске жетіктікпен нақтылы басшылық етуге жағдай туғызды, деревнядағы партия-саясат жұмысын күшейтті.

Ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өркендету міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру ісінде село коммунистері зор роль атқарады. Коммунистер жаңа жерлерді игеру, колхоз және совхоз даласынан мол өнім алу жолындағы күрестің, село еңбекшілерінің жаппай социалистік жарысының бастаушылары және ұйымдастырушылары болды.

Алайда партия-саясат жұмысының ұйымдастырылуында, мазмұнында және формаларында әлі де ірі-ірі кемшіліктер бар. Көп уақытта еңбекшілерге саяси тәрбие берудің жанды, творчестволық жұмысы орнына бірсарындылықпен, жалпылама құрғақ сөзбен уақыт өткізіледі. Рес-

публиканың көптеген партия және совет қызметкерлері мал фермаларында, егін және трактор бригадаларында, отар участоктерінде сирек болады.

Партия ұйымдары ауыл шаруашылығының еңбекшілері арасындағы партия-саясат жұмысының мәселелеріне айрықша көңіл бөлуге тиіс. Әсіресе жаңадан құрылған совхоздардың партия ұйымдары коллективті топтастыру жолында зор жұмыс жүргізуге тиіс.

Қазақстанның еңбекшілері партия мен үкіметтің әкелік қамқорлығына және Совет Одағы халықтарының туысқандық көмегіне жауап ретінде, астық және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді онан әрі арттыру жолындағы күресті кең өрістетіп отырып, 1955 жылдың өзінде мемлекетке кемінде 350 миллион пұт, ал 1956 жылы 600 миллион пұт астық тапсыруға және сатуға, елімізге етті, сүтті, жүнді және мал шаруашылығының басқа өнімдерін көп беруге өздерінің барлық күшін аянбай жұмсайды.

Партия және совет органдары қалың бұқараны бұл міндеттерді орындауға жұмылдыруды көздейтін көпшілік-саясат жұмысын күнбе-күн жүргізіп отырып, еңбекшілердің тұрмыс және мәдени қажеттерін терең зерттеп, олардың тілектеріне сергектікпен көңіл бөлуге тиіс. Қазір жаңа жерлерді игеретін аудандарға мындаған совет патриоттары келуде, олар мұндағы қиыншылықтарға қажырлылықпен төзуде. Жағдай неғұрлым қиын болса, партия ұйымдары кемшіліктермен солғұрлым жігерлі күресуге, еңбекшілерге сол ғұрлым қамқорлықпен қарауға міндетті. Басшылардың өздеріне қамқорлықпен қарайтынын көріп отырса, адамдар ауыр жағдайды, қиыншылықтарды жеңіл өткізетін болады.

Партия ұйымдары халыққа дәрігерлік жәрдемнің жақсылап жолға қойылуын, моншалардың, кір жуатын орындардың, асханалардың және магазиндердің жұмысты бөгелмей атқаруын, жатақ үйлердің таза және тұрмысқа қолайлы болуын күнбе-күн бақылап отыруға міндетті.

Коммунистік партия совет адамдарының жанқиярлық еңбегін ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге ұйымдастыруда. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауына әзірлік және бұл сайлауды өткізу еңбекшілер арасында еңбек тасқынын және саяси өрлеу туғызды. Механизаторлар, колхозшылар, совхоз жұмысшылары арасында қысқы агротехникалық жұмыстардың жоспарын орындауды, көктемгі егіс жұмыстарына жақсы әзірленуді және бұл жұмыстарды жақсы өткізуді көздейтін социалистік жарыс барлық жерде кең өрістетілуде. Партия ұйымдары бұқараның еңбек және саяси өрлеуіне басшылық етіп, ауыл шаруашылығының қызметкерлеріне мейлінше көмектесіп отыруға, ғылымның және озат тәжірибенің табыстарын ауылшаруашылық өндірісіне қажырлылықпен енгізуге тиіс. Бұл міндеттерді орындау социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету ісінде СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын ойдағыдай жүзеге асырудың кепілі болады.

Ауыр индустрия—социалистік экономиканың негізі

С. НЕЙШТАДТ,

экономика ғылымдарының докторы

Марксизм-ленинизм қандайда болсын қоғамның өмір сүріп дамуының негізі — материалдық өндіріс процесі, тіршіліктің жабдықтарын табу тәсілі, материалдық игіліктерді өндірудің тәсілі деп үйретеді. Қоғамдық тіршіліктің, адамдардың қызметінің үнемі, бөгелмей ілгерлеп отыруы үшін өндіріс үздіксіз дамып беруге тиіс. Үздіксіз байланыстылығында және үнемі жаңаланып отыруында қаралатын өндіріс процесі — ұдайы өндіріс. Егер өндіріс бірдей көлемде жаңаланатын болса, онда бұл — жәй ұдайы өндіріс процесі, ал егер өндірістің көлемі үнемі ұлғайтылып отыратын болса, бұл — ұлғаймалы ұдайы өндіріс процесі.

Өндірісті үнемі жаңалап, ұлғайтып отыру ұдайы өндірістің даңқты маркстік схемаларында белгіленген айқын шарттарды орындауды талап етеді. Бұл маркстік схемаларды В. И. Ленин өзінің «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде және ұдайы өндіріс теориясына арналған басқа еңбектерінде дамытып, едәуір толықтырды.

Қ. Маркстың ұдайы өндіріс теориясы капиталистік өндірістің заңдарын зерттеу нәтижесінде жасалды, алайда оның негізгі қағидаларының социалистік ұдайы өндіріс үшін де күші бар. Барлық қоғамдық-экономикалық формацияларға қолдануға болатын бұл теорияның аса маңызды қағидасы—қоғамдық өнімнің екі үлкен бөлімге бөлінуі. Мұның біріншісіне өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін барлық кәсіпорындар, екіншісіне тұтыну заттарын өндіретін барлық кәсіпорындар жатады. Ұдайы өндіріске және жыйынды қоғамдық өнімді өткізуге ғылыми талдау жасау үшін бұл бөліністің орасан зор маңызы бар. Мұны анықтай келіп, Қ. Маркс буржуазиялық экономистердің шатастыруын әшкереледі, сөйтіп қоғамдық өндірістің аса маңызды заңдылықтарын ашып берді.

Бұл заңдылықтар қоғамдық өндірістің бір бөлек өнімдерін (өндіріс құрал-жабдықтары) көбінесе өндіріс процесінде пайдалануға болатынын дәлелдейді. Бұл өнімдердің есебінен құрал-жабдықтың тозған бөлектері мен өндірістің тұтынылған құралдарының орны толтырылады. Осы өнімдердің есебінен ескі кәсіпорындар ұлғайтылып, жаңа кәсіпорындар жасалады. Қоғамдық өндірістің басқа өнімдерін (тұтыну заттарын) тек қоғам мүшелерінің өздерінің керектерін қанағаттандыру үшін пайдалануға болады. Сонымен, өндірістің онан әрі өсуі ең алдымен бірінші бөлімге, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің ұлғайтылуына байланысты. Өндірістің материалдық саласының онан әрі өмір сүріп дамуына арналған бұл бөлімнің өнімі ғана бүкіл халық шаруашылығының өндірістік аппаратының өзін жаңартып, ұлғайтуға жұмсалады.

* *
*

Қандайда болсын қоғамда ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыру үшін қоғамдық өндірістің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салаларының, тұтыну заттарын өндіретін салаларынан оза өсіп отыруы ке-

рек екенін маркстік-лениндік саяси экономия даусыз дәлелдеді. Бұл жалпы экономикалық заң қандайда болсын қоғамның экономикалық және техникалық прогресін, оның өндіргіш күштерінің өсуін көрсетеді. Ал мұның өзі қоғамдық еңбектің өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге жұмсалатын үлесі, тұтыну заттарын өндіруге жұмсалатын үлесінен асып отыратынын көрсетеді.

Ұлғаймалы ұдайы өндірістің барысында өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің тұтыну заттары өндірісінен оза өсуі міндетті. В. И. Ленин ұдайы өндірістің маркстік теориясын дамыта келіп, қоғамдық өндірістің бірінші бөлімінің екінші бөлімінен шапшаң өсуі ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы болып табылатынын атап көрсетті.

«Сонымен, — деп жазды В. И. Ленин, — біз өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің бәріненде жылдам өсіп отыратынын, одан кейін тұтыну жабдықтарын өндіретін өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің өсіп отыратынын, ал тұтыну жабдықтары өндірісінің бәрінен де шабан өсіп отыратынын көреміз» (Шығармалар, 1-том, қазақшасы, 82-бет).

Мұнан әрі В. И. Ленин өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін неғұрлым тез ұлғайту туралы қағида өндіргіш күштердің дамуының, қоғамның техникалық прогресінің заңдылығын білдіретінін атап көрсетеді. В. И. Ленин былай деп жазды: «Демек, қоғамдық өндірістің өндіріс құрал-жабдықтарын даярлайтын бөлімі тұтыну заттарын даярлайтын бөлімінен гөрі тез өсуге тиіс» (Шығармалар, 3-том, қазақшасы, 40-бет).

Алайда жалпы экономикалық заңдар әртүрлі қоғамдық-экономикалық формацияларда, оларға тән өндірістік катнастарға және ерекше экономикалық заңдардың сипатына, әсіресе, кезіндегі әрбір формацияның ілгерлеп дамуын белгілейтін негізгі экономикалық заңның сипатына сәйкес, әртүрлі әсер етеді. Мәселен, алдыңғы қоғамдық-экономикалық формациялардан өзгеше капитализмге ұлғаймалы ұдайы өндіріс сай келеді. Бірақ, қосымша құн өзінің негізгі экономикалық заңы болып табылатын капитализм жағдайында өндірісті ұлғайту капиталистердің пайдасын көбейтудің құралы болып отырады, онда өндіріс тек өндіру үшін, еңбекшілерді қанау үшін дамытылады. Капитализм тұсында өндіріс пен тұтыну арасында қайшылық болып отырады. Бұл оның негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен меншіктенудің жеке формасы арасындағы қайшылықтың көріністерінің бірі.

Мұның бәрі капиталдың мүшелі құрамының өсуінен, еңбекті қанаудың артуынан, оның шектен тыс ауырлауынан, жұмыссыздықтың өсуінен, еңбекшілердің салыстырылмалы және мүлдем қайыршылануының күшеюінен көрінеді. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі және бұған байланысты өндіргіш күштердің тежеусіз ұлғая беруі капитализм жағдайында халықтың барған сайын кеміген сатып алу қуатына, еңбекшілердің тұтынуының қайыршылық дәрежесіне соқтыға береді, мұның өзі сайып келгенде артық өндірудің оқтын-оқтын болатын экономикалық кризистеріне бастайды.

Осы күнгі капитализм жағдайында оның негізгі экономикалық заңы неғұрлым көп пайда алынуын қамтамасыз етуді талап етеді, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі өндіріс процесінің іріп-шіруіне себеп болады, бүкіл экономиканы милитарландырудың өсуіне, өз елдерінің және басқа елдердің, әсіресе колония мен тәуелді елдердің еңбекшілерінің онан сайын мықтап талануына бастайды.

Капитализмге қарама-қарсы социализм жағдайында құрал мен мақсат арасындағыдай, өндіріс пен тұтыну арасында тура байланыс бар. Социализмнің негізгі экономикалық заңы жоғары техника негізінде өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіре беру жолымен, бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын керектерін мейлінше толық қанағаттандыруды талап ете-

ді. Социалистік өндіріс қоғам мүшелерінің керектерінің барған сайын жан-жақты дамуына бастайды. Өнімді еңбекке қарай бөлу заңы негізінде еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты үнемі арта береді, олардың зат сатып алу қуаты үздіксіз өсе береді. Ал мұның өзі социалистік өндірістің өсуіне жағдай туғызып, мұнымен бірге оған барған сайын көтеріңкі талаптар қояды.

Социализм тұсында ұлғаймалы ұдайы өндіріс үздіксіз жүзеге асырылады. Мұндай өндіріс артық өндіру кризистеріне, капитализмнің басқа сондай жазылмайтын кеселдеріне ұшырамайды және буржуазиялық елдердегіден үздік шапшаң қарқынмен дамып отырады. Біздің елімізде 1929 жылдан 1949 жылға дейінгі дәуірде өнеркәсіп өнімінің жылма-жыл өсуі 20 процент болғанын көрсетудің өзі бұған жеткілікті дәлел. Бесінші бесжылдықтың алғашқы үш жылы ішінде өнеркәсіп өнімін шығару 45 процент артты. Өткен жылы ССРО-ның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1953 жылғыдан 13 процент, ал 1950 жылғыдан 65 процент өсті.

Социалистік өнеркәсіптің дамуының бұл үздік шапшаң қарқынымен салыстырғанда, капитал елдеріндегі өндірістің даму қарқыны тіпті ауызға алғысыз. Онда өнеркәсіп соңғы ширек ғасырдың ішінде үнемі бір орында қалып келеді. Мәселен, АҚШ-та 20 жылдың (1929 — 1949 жылдар) ішінде өнеркәсіп өнімінің орташа есеппен жылма-жыл өсуі екі процент болды, мұның өзі де соғыс өндірісін ұлғайту нәтижесінде өсті. Өткен жылы АҚШ-тың халық шаруашылығының барлық салаларында елеулі кризис белгілері болды. Бүкіл 1954 жыл бойына онда өнеркәсіп өндірісі 1953 жылғы июндегі дәрежесінен (төмендеудің басталған кезі) 13 процент кем болды, ал өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі біржарым жылға жетпейтін уақыттың ішінде 15 процент дерлік төмендеді. Өндірістің төмендеуімен қатар жұмыссыздық өсті. 1954 жылғы октябрьде жұмыссыз адамдардың саны, әдетте кемітіп көрсететін ресми мәліметтер бойынша, онан бір жыл бұрынғыдан 2,5 есе көбейді. Мұның өзі шаруашылықтың қарама-қарсы екі системасының экономикалық дамуының қарама-қарсы бағытын, шаруашылықтың социалистік системасының капиталистік системадан артықшылығын көрсетеді.

Қандайда болсын ұлғаймалы ұдайы өндірістің негізі—өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі социализм тұсында толық күшінде болып отырады. Бірақ, социализмнің өзіне тән заңдары бойынша белгіленіп отыратындықтан, өндірістің өсуі жана саналық бағыт алады. Социализм тұсында өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуімен қатар, халық бұқарасының тұтыну дәрежесінің төмендемейтіні былай тұрсын, қайта социалистік қоғам еңбекшілерінің тұтынуы үнемі өсіп отырады. Ал мұның өзі тұтыну жабдықтарын өндіретін салалар тез өсіп, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салалар онан да тез, оза өскенде ғана мүмкін болатын нәрсе. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі оза өспейінше, халық шаруашылығының қандайда болсын салаларының, оның ішінде тұтыну жабдықтарын өндіретін салалардың азды-көпті айтарлықтай өсуі мүмкін емес, өйткені еңбектің механикалық құралдары — машиналар, оларға керекті жабдықтар өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салаларда жасалады.

Бұған байланысты, халық шаруашылығының өндіріс құрал-жабдықтарымен бірге еңбек құралдарын да жасайтын бірден бір саласы, ауыр өнеркәсіпті дамытудың ерекше маңызы бар.

* *
*

Қоғамдық өндірістің екі бөлімге бөлінуінен тыс, халық шаруашылығы ірі-ірі салаларға — өнеркәсіпке, ауыл шаруашылығына, транспортқа бөлінеді, ал бұл салалардың әрқайсысы ішкі салаларға бөлінеді. Бұл

екі түрлі бөлініс, өзара тығыз байланысты бола тұрсада, бір-біріне сай келіп отырмайды. Өнеркәсіпте өндіріс құрал-жабдықтары бәрінен де көп өндіріледі, бірақ ол тұтыну жабдықтарын да өндіреді. Ауыл шаруашылығында тұтыну жабдықтары бәрінен де көп өндіріледі, бірақ ол өндіріс құрал-жабдықтарын да өндіреді.

Жыйынды қоғамдық өнімнің ұдайы өндірілуіне және өткізілуіне теориялық талдау жасауда, бүкіл қоғамдық өндірістің ішіндегі пропорциялар және өзара байланыстар туралы мәселені ғылыми қорытуда өндірістің екі ірі бөлімге бөлінуінің маңызы зор. Ал практикада, халық шаруашылығының ұйымдастыру құрылысын есепке алғанда, салалық бөлініс те маңызды роль атқарады. Халық шаруашылығының барлық алуан түрлі салалары арасында тығыз өзара байланыстылық және өзара тәуелділік болып отырады.

Капитализм жағдайында өнеркәсіптің жетекшілік ролі жүзеге асырылады. Бірақ бұл қала мен деревня арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы қарама-қарсылықты тереңдету негізінде жүзеге асырылады. Капитализм тұсында ауыл шаруашылығы өнеркәсіптен мықтап артта қалады, қала капиталистерінің, помещиктердің, кулактардың, капиталистік мемлекеттің шаруаларды қанауы күшейеді.

Социализм жағдайында өнеркәсіптің халық шаруашылығындағы жетекшілік ролі принципінде өзгереді. Оның ролі қала мен деревня арасындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы арасындағы қарама-қарсылықты жоюға көмектеседі. Социалистік өнеркәсіптің жетекшілік ролі негізінде ауыл шаруашылығының бұрынғы артта қалуы жойылады. Социалистік өнеркәсіптің жетекшілік ролі ұсақ шаруалар шаруашылығын социалистік негізге қайта құру үшін пайдаланылады. Бұл ұсақ шаруашылық маңдай алды техникамен жабдықталған ірі коллективтік өндіріске айналдырылады. жұмысшы табы басшылық роль атқаратын жұмысшы табы мен колхозшы шаруалар одағы нығайтылады. Социализм тұсында бүкіл халық шаруашылығының прогресі өнеркәсіптің жетекшілік ролі негізінде жүзеге асырылады.

Біздің өнеркәсіптің бүкіл халық шаруашылығын дамытудың базасы болғаны және болып отырғаны партияның шешімдерінде сан рет атап көрсетілді. «Өнеркәсіп халық шаруашылығының бүкіл системасындағы жетекші, бастаушы болды және болып отыр. Өнеркәсіп біздің бүкіл социалистік шаруашылығымызды, оның ішінде ауыл шаруашылығы мен транспортты алға бастайды. Өнеркәсіп еліміздің қорғаныс қуатының базасы болды және болып отыр». (СОКП—қарарлары мен шешімдері... II бөлім, 1953 ж., 978-бет).

Социалистік өнеркәсіп өзінің халық шаруашылығындағы жетекшілік ролін ауыр индустрия және оның өзегі — машина жасау өнеркәсібі арқылы жүзеге асырып отырады. Ауыр индустрияның өнеркәсіптегі және бүкіл халық шаруашылығындағы жетекшілік ролі мынадан туады: ауыр индустрия еңбек құралдарын — бүкіл өнеркәсіпке, сол сыяқты бүкіл халық шаруашылығына керекті машиналар мен станоктарды жасап шығарады. Сондықтан өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі туралы сөз болғанда, мұның өзі ең алдымен ауыр индустрияға жатады. Машиналы индустрия тек ауыр индустрияның көмегімен жасалады. Сондықтан да Коммунистік партия мен Совет үкіметі ғылыми танылған объективтік экономикалық заңдарға сүйене отырып, Совет Одағының еңбекшілерін елімізді социалистік жолмен индустрияландыруға, ал онан кейін мұның негізінде ауыл шаруашылығын коллективтендіруге жұмылдырды.

Социалистік құрылыстың алғашқы қадамдарынан бастап Коммунистік партия: социализмнің бірден-бір материалдық негізі, егіншілікті де қайта құра алатын ауыр индустрия бола алады, ауыр өнеркәсіпсіз ешқандай өнеркәсіп жасау мүмкін емес, ал онысыз біз дербес ел

ретінде мүлде құримыз деген лениндік қағиданы бұлжытпай қолданып келді.

Маркстік-лениндік экономикалық теорияны басшылыққа ала отырып, Коммунистік партия өзінің шаруашылық құрылысы саласындағы сара жолында ауыр өнеркәсіп социалистік экономиканың түпкі негізі, берік арқауы болып табылатынына сүйенді және сүйенуде. СОКП Орталық Комитетінің январь (1955 жылғы) Пленумы мынаны атап көрсетті: «Коммунистік партия, машиналы ірі өнеркәсіпті барынша өркендету және елімізді электрлендіру туралы ұлы Лениннің ілімін басшылыққа ала отырып, бүкіл халық шаруашылығының және Отанымыздың мызғымайтын қорғаныс қабілетінің берік негізі, совет халқының әл-ауқатын ұдайы арттырудың қайнар бұлағы болып табылатын ауыр индустрияны оған әрі өрге бастыруды, бұрынғысынша, өзінің басты міндеті деп санайды».

Жұртқа мәлім, Совет Одағының Коммунистік партиясы елімізді социалистік жолмен индустрияландыру ісін ауыр өнеркәсіпті дамытудан бастады және сонан бері өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін оздыра ұлғайтуды, ең алдымен ауыр өнеркәсіпті дамытуды көздейтін өзінің сара жолын батыл жүргізіп келеді. Ауыр өнеркәсіптің тездетілген қарқынмен дамытылуына бөгет жасауға тырысқан қандайда болсын дұшпандық әрекеттерге партия сан рет қыйрата соққы берді. И. В. Сталин бастаған Орталық Комитеттің басшылығымен Коммунистік партия, елді индустрияландыру жоспарын аяқсыз қалдыруға, ауыр индустрияны дамыту қарқынын бәсеңдетуге, сөйтіп ССРО-ның экономикасын дүниежүзілік капиталистік шаруашылықтың шылауына айналдыруға тырысқан троцкийлік-бухариндік сатқындарды рақымсыз талқандады. Партия өзінің сара жолын тексеруге, ауыр индустрияның маңызын кемітуге, оған көңіл бөлуді нашарлатуға тырысқан қандайда болсын әрекеттерге қарсы әрдайым күрес жүргізіп келді және келешекте де күрес жүргізеді.

Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін баса ұлғайтып, өндірісті үздіксіз өсіре беруді қамтамасыз еткен социалистік индустрияландыру негізінде еліміздің бұрыннан мұраға қалған нешеме ғасырлық техникалық-экономикалық мешеулігі жойылып, халық шаруашылығын техникалық қайта құру аяқталды, бүкіл экономика социалистік негізде қайта құрылды, еліміздің қорғанысқабілеті қамтамасыз етілді, халықтың материалдық және мәдени дәрежесі артты.

Соғысқа дейінгі бесжылдықтар тұсында ССРО-да қуатты ауыр индустрия жасалды. 1937 жылы бүкіл өнеркәсіптің негізгі өндірістік қорлары (өндірістік үйлер мен құрылыстар, машиналар мен жабдықтар) 1928 жылғы дәрежесінен 5,5 есе артты, ал өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салаларда 7 еседен аса артты. Бүкіл өнеркәсіптің және ауыр шаруашылығының жалпы өнімі ішінде ірі өнеркәсіп өнімінің үлесі 1913 жылғы 42,1 проценттен 1937 жылы 77,4 процентке жетті. Бүкіл өнеркәсіптің жалпы өнімі ішінде өндіріс құрал-жабдықтарының үлесі 1913 жылы 33,3 процент болса, 1940 жылы 60 проценттен асты.

Машина жасау өнеркәсібі ерекше мықтап өсті. Мысалы, өнеркәсіптің жалпы өнімі ішінде машина жасау өнеркәсібінің өнімі 1913 жылы небәрі 6 процент болса, 1940 жылы 30 процент болды. Машина жасау өнеркәсібінің бүкіл өнеркәсіп өніміндегі үлесі жағынан Совет Одағы дүние жүзінде бірінші орынға шықты.

ССРО-да жасалған ауыр индустрияда жетекшілік роль атқарып отырған қуатты өнеркәсіп совет халқының Ұлы Отан соғысында жеңіп шығуын қамтамасыз еткен шешуші факторлардың бірі болды. Соғысқа жетіне бейімделіп қайта құрылған халық шаруашылығы армияны оған керекті қару-жарақпен, оқ-дәрімен, киім-жабдықпен және азық-түлікпен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды.

Соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін Коммунистік партия мен Совет үкіметі халық шаруашылығын қайтадан бейбітшілік жолға тез түсіруді қамтамасыз етіп, экономиканы жаңадан мықтап өркендетуді ұйымдастырды. Төртінші (соғыстан кейінгі бірінші) бесжылдықтың өзінде-ақ халық шаруашылығы қалпына келтіріліп қана қоймай, оның үстіне соғысқа дейінгі дәрежесінен едәуір асып түсті. Өткен төрт жылдың ішінде бесінші бесжылдық жоспардың тапсырмаларын орындаудың барысы бұл жоспардың аса маңызды көрсеткіштер жағынан мерзімінен бұрын орындалатынын дәлелдейді.

Мұның бәріне біз тек партия мен үкіметтің өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін үнемі баса ұлғайтып, ауыр индустрияны тездетілген қарқынмен көркейтуі арқасында жеттік. Мәселен, 1954 жылы еліміздің бүкіл өнеркәсіп өнімі 1940 жылғыдан 2,8 есе, ал ауыр индустрияның өнімі 3,4 есе көбейді. Бүкіл өнеркәсіп өнімі ішінде өндіріс құрал-жабдықтарының үлесі 1940 жылы 60 процент болса, 1953 жылы 70 процентке жетті.

Шаруашылық құрылысы саласында партияның сара жолын ойдайдай жүзеге асырудың нәтижесінде совет халқы халық шаруашылығының ең күрделі міндетін шеше алатын, жоғары дәрежеде дамыған машина жасау өнеркәсібі бар ірі ауыр индустрия жасады. Жоғары дәрежеде дамыған ауыр өнеркәсіптің жасалуы — совет халқының жеңіспен жеткен мызғымайтын тарихи табысы.

Индустрияландырудың советтік әдісі әсіресе еліміздің бұрын экономика жағынан артта қалған аудандарында — Орта Азия республикалары мен Қазақстанда ерекше роль атқарды. Совет Одағының негізгі экономикалық қуатты аудандарының қолдауымен, орыс жұмысшы табының қалтқысыз көмегімен Орта Азияда және Қазақстанда, бүкіл еліміздің халық шаруашылығының дамуының орташа қарқынына асып түсетін тездетілген қарқынмен индустрия ошақтары жасалды, ауыр өнеркәсіп шапшаң дамытылды. Мұның өзі өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін баса күшейту негізінде, бұл республикалардың халықтарының бұрынғы экономикалық және мәдени мешеулігін неғұрлым қысқа мерзімде жоюға, оларды Совет Одағының алдыңғы қатарлы халықтарымен іс жүзінде теңгеруге мүмкіндік туғызды. Мәселен, Қазақстанда 1940 жылы ірі өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылғыдан 20 есе артты, ал бүкіл ССРО-да 12 есе артты. Қазақстан кәзір еліміздің алдыңғы қатарлы индустриялы-колхозды республикаларының бірі.

Бұған байланысты, капитализм системасындағы Шығыс елдері әлі күнге техника-экономика саласында әлсіз, артта қалған аграрлық елдер болып отырғанын көрсету қажет. Империалистік державалар колония және тәуелді елдерді метрополиялардың аграрлық-шикізаттық шылауына айналдырды. Олар бұл елдерде ұлттық өнеркәсіптің, әсіресе ауыр индустрияның, машина жасау өнеркәсібінің дамуына бөгет жасап отырады. Сондықтан Таяу және Орта Шығыс елдерінде, мысалы, өндіріс құрал-жабдықтарын өндіретін салалар тұтыну заттарын өндіретін салалардан едәуір артта қалып келеді (жалпы өнеркәсіптік өндірістің төмен дәрежеде болуының өзінде), ал өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін озыра өсірмейінше олар ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыра алмайды. Колония және тәуелді елдер халықтарының барған сайын артта қалып, қайыршылануының себебі осында.

* *

*

Социализм тұсында өндірісті дамытумен қатар еңбекшілердің әлауқаты үздіксіз өсіп отырады. Коммунистік партия, Совет үкіметі еңбекшілердің әлауқат және мәдениет дәрежесін арттыра беруге үнемі қам-

қорлық жасауда. Бұл мақсатпен ауыр индустрияны мықтап өркендету негізінде совет халқы жеңіл және тамақ өнеркәсібін алға бастырып, ауыл шаруашылығын өркендете береді, сөйтіп көпшілік тұтынатын заттар өндірісін шұғыл өркендетуге тырысады. Мұнда өндірістің әртүрлі салаларын дамыту қарқындары тіпті де беталды белгіленбейді.

Социализмнің негізгі экономикалық заңының және халық шаруашылығының жоспарлы (пропорциялы) даму заңының объективтік талаптарын ескере отырып, Совет Одағының белгілі тарихи дәуірдегі ішкі және сыртқы жағдайына талдау жасай отырып, партия мен үкімет шаруашылықтың жеке салаларын дамытудың нақтылы келешектерін және олардың арасалмақтарын белгілейді. Қазіргі уақытта біздің еліміз ауыр өнеркәсіптің табыстары негізінде, индустрияның бұл саласын бұрынғысынша шапшаң қарқынмен дамыта отырып, онымен бірге халық тұтынатын заттар өндірісін өркендетуді ұйымдастыра алатын дәрежеге жетті. Мұның үшін жеңіл және тамақ өнеркәсібін күшейту қажет, әсіресе халыққа керекті азық-түлік, өнеркәсіпке керекті шикізат өндіретін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету керек.

Халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының талаптарын басшылыққа ала отырып, партия мен үкімет халық шаруашылығындағы мүмкіндігі болған ішінара үйлеспеушіліктерді алдын-ала байқап жойып отырады, шаруашылықтың жеке салаларын дамыту қарқынына нақтылы өзгерістер енгізіп отырады. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі кейбір жылдарда, нақтылы жағдайларға сәйкес, өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісі мен тұтыну заттарының өндірісі арасындағы қалыптасқан арасалмаққа белгілі бір түзетулер енгізудің іс жүзінде мақсатқа лайықтылығын және қажеттілігін жоққа шығармайды.

Мұндайда белгілі бір кезеңде, халық тұтынатын заттар өндірісінің арта қалуы жою мақсатымен ауыл шаруашылығын, жеңіл және тамақ өнеркәсібін тез ілгерілету қажет болуы мүмкін. Қазір ауыр өнеркәсіптің, өзін онан әрі тез өркендеуіне керекті машина-жабдықтармен қамтамасыз ете отырып, мұнымен бірге жеңіл және тамақ өнеркәсібіне, ауыл шаруашылығына керекті машиналар мен жабдықтарды мейлінше көптеп өндіруге, сол сыяқты халық тұтынатын заттарды көп жасап шығаруға мүмкіндігі бар.

Бұл жағдайды Коммунистік партия ауыр индустрияны онан әрі күшті қарқынмен дамыту, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, халық тұтынатын заттардың шығарылуын арттыру қажетіне пайдаланады. Мысалы, өткен 1954 жылы ауыр өнеркәсіп онан әрі өсті. Металл, көмір, мұнай, электр қуатын, химиялық бұйымдарды өндірудің, машиналар мен жабдықтар жасаудың ұлғайтылуы өнеркәсіптің барлық салалары өнімінің, оның ішінде халық тұтынатын товарлардың, астық өндірісінің өсуін қамтамасыз етті. Жұртқа мәлім, Украинаның оңтүстігінде және Поволжье аудандарында ауа райының дәнді дақылдарға және басқа ауылшаруашылық дақылдарына қолайсыз болуына қарамастан, 1954 жылы егіннің жалпы түсімі, сол сыяқты дайындалған және сатып алынған астық елімізде 1953 жылғыдан көп болды. Шитті мақта, картоп, овощь және басқа ауылшаруашылық өнімдері де 1953 жылғыдан көп жыйналды және көп дайындалды. Әсіресе тың және тыңайған жерлерді игеруде зор табыстарға қол жетті.

Егер техникамен жабдықталуы өспеген болса, ауыл шаруашылығында (сол сыяқты халық шаруашылығының басқа салаларында) бұл табыстарға жету мүмкін болмаған болар еді. Тек ауыр индустрияның оза өсуі нәтижесінде ғана 1954 жылы ауыл шаруашылығына орасан көп тракторлар, комбайндар және басқа машиналар жіберуге мүмкіндік болды. Алайда ауыл шаруашылығына беріліп жатқан машиналар қаншама көп болсада, бұлар — ауыр өнеркәсіп жасап шығаратын және халық

шаруашылығының барлық салаларына орналастырылатын орасан көп машина-жабдықтардың шағын бір бөлегі ғана. Мұның өзі ауыр индустрияның еліміздің бүкіл халық шаруашылығында жетекшілік роль атқаруын тағыда айқын дәлелдейді.

ССРО-да коммунистік қоғам орнату міндеттері жоғары техника негізінде өндірісті онан әрі үздіксіз ұлғайтып жетілдіре беруді, еліміздің өндіргіш күштерін онан әрі өсіре беруді, еңбек өнімділігін едәуір арттыруды, олай болса, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін онан сайын күшейтуді талап етеді. СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы ауыл шаруашылығы алдына орасан зор мемлекеттік маңызы бар міндеттерді қойды. Бұл міндеттер ауыл шаруашылығын алуан түрлі машиналармен және жабдықтармен онан әрі жабдықтауды талап етеді. Жеңіл және тамақ өнеркәсібін, сол сыяқты транспортты машиналармен, механизмдермен камтамасыз ету міндеті де осыны тілейді.

Коммунизмнің материалдық-өндірістік базасын жасау міндеті елімізді электрлендіру негізінде өндірісті комплексті жолмен механикаландыруды, автоматтандыруды, телемеханикаландыруды, өндірісті химияландыруды керек қылады, техникалық прогресті онан әрі мықтап алға бастыруды, халық шаруашылығының барлық салаларында ескірген техника орнына үнемі жаңа техника, ал жаңа техника орнына ең жаңа техника енгізуді талап етеді. Қазіргі уақытта, техника ерекше шапшаң өркендеп отырған кезде, неғұрлым озат техникалық табыстарды — реактивтік, электрондық, атомдық техниканы мейлінше толық пайдалану қажет. Мұның үшін бізде жаңа күрделі механизмдер жасалуда, орасан зор кәсіпорындар салынуда. Әртүрлі станоктар мен машиналар жасап шығару жылдан-жылға ұлғайтылып, осы күнгі мінсіз автоматтар мен автоматтық аспаптар, автоматтық тораптар, үздіксіз линиялар және автомат-заводтар іске қосылуда.

Соңғы төрт жылдың ішінде (1951 — 1954 жылдары) біздің елімізде жаңадан қуатты су электр станциялары: Верхне-Свир, Цимлян, Өскемен, Мингечаур станциялары, Кама станциясының бірінші кезектегі бөлімі және басқалары салынды. Быйыл Волгадағы Горький және Куйбышев су электр станциялары, Днепрдегі Каховка су электр станциясы іске қосылады. Волгадағы Сталинград, Обьтағы Новосибирь, Ертістегі Бұхтарма, Ангарадағы Иркут қуатты электр станциялары және басқа бірсыпыра станциялар шапшаң қарқынмен салынуда. ССРО-да 5000 киловаттық алғашқы атомдық электр станция салынып, кәзірдің өзінде бейбітшілік мақсатына пайдаланылуда.

Салынып жатқан, сол сыяқты салынатын мұнан да басқа көптеген құрылыстарды көрсетуге болар еді, бірақ өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісіне, ауыр индустрияға қандай тілектер, қандай талаптар қойылатынын түсіну үшін осының өзі де жеткілікті. Оның үстіне АҚШ бастаған империалистік державалар Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы агрессиялық сорыс ашуға жаңталаса әзірленіп жатқанын әрдайым есте сақтау қажет. Мұның өзі де еліміздің қорғанымын үздіксіз арттыра беруді, олай болса, еліміздің қорғаныс қуатының мырғымас негізі болып отырған ауыр индустрияны мейлінше өркендетуді талап етеді.

Бұл айтылғандардың бәрі өндіріс құрал-жабдықтарының өндірісін онан әрі баса ұлғайту коммунистік құрылыстың ең шұғыл, маңызды міндеті болып қалатынын көрсетеді. Мұның өзі партия мен үкіметтің шаруашылық құрылысындағы сара жолы.

Соңғы кезде халық тұтынатын товарлар өндірісін ұлғайтуды көздейтін шаралардың жүзеге асырылуына байланысты жеке экономистер біздің елімізде ауыр және жеңіл өнеркәсіпті өркендету қарқындарының

арасалмағы туралы мәселеде өрескел бұрмалаушылыққа жол берді. Бұл экономистер, социалистік қоғам құрылысын аяқтаудың және социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің бүкіл дәуірі бойына ауыр және жеңіл өнеркәсіпті дамытудың бірдей қарқынын белгілеу немесе жеңіл өнеркәсіптің оза өркендеуін қамтамасыз ету керек болады-мыс дегенді айтып, социализмнің негізгі экономикалық заңын теріс түсіндірді, сөйтіп партияның шаруашылық құрылысындағы сара жолын тексерді.

Марксизмді тұрпайылаушылардың бишаралық ролінде шыққан бұл экономистер маркстік-лениндік саяси экономияға мейлінше жат, ұлғаймалы ұдайы өндірістің барысында өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін баса ұлғайтудың экономикалық заңы социализм жағдайында күшінде болмайды-мыс дейтін көзқарасты білдірді. Олардың пікірінше социализм тұсында тұтыну заттары өндірісін оза өсіру талап етіледі-мыс. Мұнан ауыр индустрияны дамыту қарқынын бәсеңдету керек дейтін талап туады, ал мұның өзі еліміздің бүкіл социалистік экономикасын және қорғанымыздық қуатын нашарлатқандық болады. Партиялық баспасөзде, СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдерінде сол сыяқты Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасында марксизм-ленинизм рухына мейлінше жат және оңшыл уклонның сарқыншағы, партияның сара жолынан тайғандық болып табылатын бұл көзқарастар толық әшкереленді.

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы Совет мемлекетінің қуатын онан әрі нығайту күресінде Коммунистік партия ауыр индустрияны онан әрі дамытуды және мұның негізінде халық шаруашылығының барлық салаларын онан сайын өркендетуді, совет халқының әл-ауқатын үздіксіз арттыра беруді өзінің басты міндеті деп есептейтінін атап көрсетті. Коммунистік партияның саясатының терең өмірлік күші мынада: орат маркстік-лениндік теорияны басшылыққа алып отырған, қоғамның экономикалық дамуының объективтік заңдары білімімен қаруланған партия коммунистік құрылыстың ғылыми дәлелденген жоспарларын жасайды және бұқараны бұл жоспарларды жүзеге асыруға ұйымдастырып жұмылдырып отырады.

Қазақстанда социалистік революцияның тарихи заңдылығы туралы

С. ПОКРОВСКИЙ,

тарих ғылымдарының докторы

Еліміздің халықтары және бүкіл адамзат үшін Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар. Дүниежүзілік империализмнің майданын неғұрлым әлсіз жерінен бұзып, Россияда пролетариат диктатурасын орнатып, Октябрь революциясы бүкіл дүниежүзілік тарихта жаңа дәуірді — капитализмнің күйреу, социализм мен коммунизмнің жеңіп орнығу дәуірін бастады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы қазақ халқының тарихында да түбірлі бұрылыс жасады. Ол, патшалық Россияның езілген басқа халықтары сыяқты, қазақ халқын да әлеуметтік және ұлттық езгіден азат етті, оның экономикасы мен мәдениетінің болып көрмеген дәрежеде көркеюін, ұлттық советтік мемлекетінің құрылуын, оның дамудың капиталистік сатысына соқпайынша, тура социализмге өтуін қамтамасыз етті.

Rоссияда Октябрь революциясының жеңуі тарихи заңдылық болды. Елдің экономикалық және саяси дамуы, оның империализм дәуіріндегі ішкі және халықаралық жағдайы, тап күштерінің арасалмағы, тап күресінің дамуы бұған қолайлы жағдай туғызды.

Совет халқының жаулары, оның ішінде буржуазиялық ұлтшылдар жалақорлықпен: Россияда социалистік революцияның «тарихи негізі болған жоқ» дегенді айтты. Халық жаулары бұлай дегенде, әсіресе Россияның ұлттық шеткері аймақтарын дәлелге келтіріп, бұл аймақтар социалистік революция үшін пісіп үлгерген жоқ, Совет өкіметінің мұнда ішкі базасы болған жоқ, ол бұл аймақтарға сырттан әкелінді деп келді. Шетелдік империалистер мен ішкі контрреволюция азамат соғысы жылдарында ұлттық шеткері аймақтарды Совет елінен бөлектеуге, онда буржуазиялық-феодалдық құрылысты қайта орнатып, бұл аймақтарды Советтік Россияға қарсы күрестің тіректі базалары етіп пайдалануға тырысты.

Ішкі және сыртқы контрреволюцияның біріккен күштерінің совет еліне қарсы күресі толық күйреумен аяқталды. Коммунистік партияның басшылығымен Совет елінің жұмысшылары мен шаруалары жаудың шапқыншыларын талқандап, өздерінің туған жерін олардан тазартты. Қазақстан еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге, Октябрь революциясының туы астында күресіп, жауды жеңуге өздерінің үлесін қосты. Жұмысшылар мен шаруалардың одағы, туысқан халықтардың мызғымас достығы күрес жалынында шынығып, нығайды. Бұл жеңіс Совет өкіметінің мызғымас өмірлік күшін, оның халық арасындағы терек тамырларын, Ұлы Октябрь социалистік революциясының бүкіл еліміз үшін, оның ішінде еліміздің ұлттық шеткері аймақтары үшін тарихи заңдылығын көрсетті.

* * *

*

Қазақстанда социалистік революцияның (оған дейін буржуазиялық демократиялық революцияның да) алғы шарттары туралы, демек оның

заңдылықтары туралы мәселені жалпыроссиялық революциялық қозғалыстан бөлектеп қарамай, онымен бірлігі жағынан алып қарау керек.

XVIII ғасырдың алғашқы отыз жылы ішінде басталған Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылу процесі XIX ғасырдың 60-жылдарында аяқталды. Қазақстан жалпыроссиялық экономиканың системасына барған сайын көп тартыла берді. Ол патшалы Россияның артта қалған және патша өкіметі, помещиктер, буржуазия бірлесіп талаған колониялық шеткері аймағы бола тұрсада, Россияның шапшаң дамыған экономикасы оған барған сайын күшейген прогрестік әсерін тигізе берді.

Қазақстанның орталық Россиямен сауда айырбасы жылдан-жылға күшеюде болды. Қазақстаннан Россияға көбінесе мал және мал шаруашылығының өнімдері шығарылып, Россиядан оған өнеркәсіп бұйымдары әкелінді. Ярмаркалардың айналымы тез өсті.

Патриархтық-феодалдық қатнастар әлі де үстемдігін жүргізген қазақ ауылына капиталистік қатнастар барған сайын кең тарала берді. Мұның өзі байлардың шаруашылығында жалдамалы еңбекті және ауыл-шаруашылық машиналарын қолданудың ұлғаюынан көрінді. Қазақ ауылының жіктелуі және кедейлердің байларға қарсы тап күресі күшейді.

XIX ғасырдың аяғында, әсіресе XX ғасырдың басында Қазақстанға орыс шаруаларын көшіріп қоныстандыру күшейді. Қазақ еңбекшілерінің жақсы жерлерін тартып алған патша өкіметінің реакцияшылдық саясатына қарамастан, еңбекші орыс шаруаларын қоныстандырудың прогрестік маңызы болды. Көшіп келген шаруалардың егін шаруашылығы қазақ халқы шаруашылығының дамуына игілікті әсерін тигізіп, егіншілік пен отырықшылықтың дамуына көмектесті.

Қоныстанған орыс шаруаларының деревнясында капиталистік қатнастар үстем болды, шаруалардың жіктелуі тез күшейді. Көшіп келген кедей шаруалар ауқатты қазақтардың және кулактардың кіріштарлық тәуелділігіне түсті, оларға жалшылыққа барды, қазақ кедейлерімен бірге өнеркәсіп орындары мен кәсіпшіліктердегі жалдамалы жұмысшылардың қатарын толықтырды.

Патша өкіметі мен орыс буржуазиясы Қазақстанды елдің орталығындағы капиталистік өнеркәсіптің өнімін өткізетін рынокқа, оның шикізат қорына айналдыруға тырысты. Дегенмен, Россия экономикасының әсерінен капиталистік қатнастардың таралып дамуы нәтижесінде Қазақстанда өнеркәсіп пен жұмысшы табы жәй да болса, өсе берді. 1900 жылы 2668 өнеркәсіп орны болса, 1913 жылы бұлардың саны 6000-ға жетті, ал жұмысшылардың саны бұл жылдардың ішінде 7824 адамнан 19860 адамға жетті.

Қазақстанда көбінесе кен және мұнай өнеркәсібі дамытылды. Өлкенің табиғат байлықтарын пайдаланып, еңбекші халқын айуандықпен қанаған шетелдік капитал өнеркәсіптің осы салаларына ұмтылды. Ауыл-шаруашылық шикізаттарын өңдейтін өнеркәсіп те дамыды. Қол еңбегі қолданылған ұсақ кәсіпорындар басым болды.

Қазақстан шаруашылығының дамуы үшін Сибирь және Оренбург — Ташкент темір жолдарын салудың маңызы зор болды.

Қазақстанның Россияға қосылуының прогрестік маңызының неғұрлым елеулі көріністерінің бір қалалардың өсуі болды. Бұл қалалар экономикалық және мәдени өмірдің орталықтарына айналды. Революцияға дейінгі Қазақстанның Сырдария, Ақмола және Торғай облыстарының орталықтары болған Ташкент, Омскі, Оренбург сыяқты ірі қалалардан басқа Семей, Петропавл, Орал қалалары өсті, XIX ғасырдың екінші жартысында бірсыпра жаңа қалалар — Алматы (Верный), Ақтөбе, Қостанай және басқа қалалар пайда болды.

Орыс және украин шаруаларын көптеп қоныстандыру, қалалардың өсуі нәтижесінде Қазақстанда орыстар мен украиндардың саны тез өсті.

1897 жылы бүкілроссиялық санақтың мәліметтері бойынша, Қазақстанда 4 285 471 адам, оның ішінде казак 3 399 544, орыстар, украиндар және белорустар 532 736 адам болды. 1905 — 1907 жылдардағы революциядан кейін шаруаларды қоныстандырудың ұлғаюы нәтижесінде Қазақстандағы орыстар мен украиндардың саны онан сайын мықтап өсті. Қазақстан Россияның көпұлтты шеткері аймағына айнала бастады.

Алдыңғы қатарлы орыс мәдениеті Қазақстанға күшті прогрестік әсер етті. Орыс халқының алдыңғы қатарлы қоғамдық ойы мен әдебиеті классиктерінің шығармалары қазақтың демократиялық әдебиетінің дамуына көмектесті. Ол кезде саны аз казак демократиялық интеллигенциясы осы классиктердің шығармалары бойынша тәрбиеленді.

XIX ғасырдың соңғы жыйырма бес жылы ішінде Россияда пролетариат тарихи майданға шықты, революцияшыл марксизм таралды. Революцияшыл марксизмнің идеялары Қазақстанға да өтті. Бұл идеяларды жер аударылған орыс революционерлері әкелді. Олар Қазақстанда революциялық әдебиетті таратып, бірсыпра қалаларда алғашқы социал-демократиялық топтарды ұйымдастырды.

Орыс, казак жұмысшылары арасында таптық ынтымақ және қанаушыларға қарсы күресте өздерінің мүдделерінің бірлігін түсінгендік сезімі күшейді.

* *
*

XIX ғасырдың аяғында — XX ғасырдың басында Россия капитализмнің дамуының ең жоғарғы және соңғы сатысы, социалистік революцияның қарсаңы — империализм дәуіріне аяқ басты. Империализм дәуірінде капитализмнің негізгі қайшылығы — өндірістің қоғамдық сипаты мен иемденудің жеке меншіктік капиталистік формасы арасындағы қайшылық мейлінше күшейді. Монополиялық капитализмнің негізгі экономикалық заңының әсерінен еңбек пен капитал арасындағы, ықпал жүргізетін аймақ үшін және дүниежүзілік үстемдік үшін күресуші империалистік мемлекеттер арасындағы, колониялардың езілген халықтары мен империалистік державалар арасындағы қайшылықтар мықтап шиеленіседі.

Империалистік дәуірде капитализмнің әркелкі дамуы ерекше күшейді. Капитализм секірмелі түрде дамыды. Бір елдер шапшаң дамып өздерімен бәсекелес елдерді басып озып отырды. Мұның нәтижесінде империалистік мемлекеттер арасында қатнас шиеленісті, қарулану мықтап күшейді, мұнан бұрын бөлінген дүниені қайтадан бөлуді көздеген империалистік соғыстар туды.

Капитализмнің әркелкі экономикалық және саяси дамуы заңы негізінде В. И. Ленин социалистік революцияның жаңа теориясын, империализмнің шынжырын неғұрлым әлсіз буынынан үзу мүмкіндігі туралы, социализмнің әуелі бірнеше елде немесе тіпті жеке бір елде жеңу мүмкіндігі туралы ілімді жасады.

В. И. Лениннің социалистік революцияның жаңа, тұжырымды теориясын жасауының орасан зор саяси және ғылыми маңызы болды. Мұның өзі марксизмді байытып, буржуазияны құлату, пролетарлық диктатураны орнату және қоғамды социалистік негізге қайта құру күресінде революцияшыл пролетариатты күшті құралмен қаруландырды.

Ленин дүниежүзілік империализмнің шынжырын үзіп, социалистік революция жасаудың әуелі капитализм неғұрлым дамыған елде жүзеге асырылуы міндетті емес деп үйретті. Капитализмнің шынжыры неғұрлым әлсіз буынынан үзіледі, капиталистік жағынан басқа кейбір елдерге қарағанда кемірек дамыған, бірақ пролетариаттың жеңуі үшін қолайлы тарихи жағдай жасалған ел осы әлсіз буын болуы мүмкін.

Империализмнің дүниежүзілік системасының неғұрлым әлсіз буыны Россия болып келді. Ол империализмнің барлық қайшылықтарының түіні болды, онда бұл қайшылықтар неғұрлым мықтап шиеленісті.

Елдегі өндіргіш күштердің дамуына ол кездегі үстем өндірістік қатнастар барған сайын күшті бөгет бола берді. Бұл үстем қатнастарда капиталистік қатнастар экономикадағы және саяси құрылыстағы крепостнойлықтың күшті қалдықтарымен тығыз байланысты болды. Бұл қалдықтардың ең маңыздылары самодержавие мен помещиктік жер иелігі болды. Капиталистік қанау феодалдық-крепостниктік қанаумен ұштасып байланысты болып отырды, ал феодалдық-крепостниктік қанау әсіресе деревняда және ұлттық шеткері аймақтарда кең таралды. Патша өкіметі Россияның орыс емес халықтарын қатты езу және зорлап орыстандыру саясатын жүргізді.

Патшалық Россия шетел, көбінесе ағылшын-француз империалистерінің барған сайын күшейген экономикалық және саяси тәуелділігінде болды. Олар ауыр өнеркәсіптің негізгі салаларын өз қолдарына алып, Россияда айуандықпен өздерінің билігін жүргізді. Патша өкіметі мен батыс империализмінің мүдделері тығыз байланысты болды.

Россияның қоғамдық дамуының түбірлі керектері, еліміздің халықтарының ең шұғыл мүдделері ол кездегі құрылысты революциялық жолмен күлатуды, ең алдымен помещиктердің жер иелігін жойып, патшалық монархияны құртуды қатты талап етті. Бұл тарихи міндеттерді тек буржуазиялық-демократиялық, халықтық революция арқылы жүзеге асыруға болатын еді. Сан миллион шаруалармен одақтасып майданға шыққан, дүние жүзіндегі ең революцияшыл пролетариат — Россия пролетариаты міне осы міндеттерді жүзеге асыруға аттанды.

Капитализммен салыстырғанда неғұрлым жоғары социалистік өндіріс тәсілінің иесі болған революцияшыл пролетариат өзінің күресінде объективтік экономикалық заңдарға, ең алдымен өндірістік қатнастардың өндіргіш күштер сипатына міндетті сәйкестілігі заңына сүйенді. Патша өкіметіне, капитализмге қарсы, ескі қоғамның күні озған күштеріне қарсы күресте пролетариаттың мүдделері барлық еңбекшілердің мүдделерімен бір болды.

Ленин ұйымдастырған жаңа тұрпатты революцияшыл марксистік партия — Коммунистік партия Россия пролетариатын бастап шықты.

Орыс буржуазиясы, сол сыяқты ұлттық шеткері аймақтардың буржуазиясы да, елде революциялық-демократиялық өзгерістер жасау үшін күрес жүргізбеді және мұндай күресті жүргізе алмайтын еді. Буржуазияның мүдделері патша өкіметінің, крепостник-помещиктердің және ұлттық шеткері аймақтардағы феодалдық элементтердің мүдделерімен тығыз байланысты болды.

Шаруа жерді де, помещиктік қанаудан және ұлттық езгіден азаттықты да, патша өкіметімен және помещиктермен тығыз байланысты буржуазияның қолынан ала алмайтын еді. Ол жер мен бостандықты, халық бұқарасын бастап шығып, патша өкіметіне және бүкіл помещиктік-буржуазиялық құрылысқа қарсы күрескен революцияшыл пролетариаттың қолынан ғана ала алатын еді.

* *

*

Қазақстан империализм дәуіріне бүкіл Россиямен бірге, оның құрамды бір бөлегі ретінде өтті. Елді дүниежүзілік империалистік шынжырдың неғұрлым әлсіз буынына, ұлы революциялық шайқастар майданына айналдырған, Россияның дамуының жалпы заңдылықтары Қазақстанға да жайылды. Революцияға дейінгі Қазақстанның экономикалық және саяси дамуының беталыстарын, Россиямен екі арадағы тарихи қалыптасқан және орныққан бірліктен бөлектеп қарау әрекеттерінің қандайы

болса да негізінен қате, тарихи фактілерге және нақтылы шындыққа өрескел қайшы келеді. Империализмге тән барлық қайшылықтардың шиеленісуі Қазақстанда да көрінді. Рас, тарихи жағдайдың ерекшеліктері себепті, бұл қайшылықтар көп уақытта ерекше форма алып, әртүрлі көлемде көрініп отырды.

Бұл қайшылықтардың біріншісі — жұмысшыларды қанаудың және саяси езгінің күшеюінен туған, еңбек пен капитал арасындағы қайшылықтар. Қазақстанда дамыған (шағын көлемде болса да) капиталистік қатнастар жағдайында бәріненде қатты шиеленісті. Жұмыс күні мұнда ерекше ұзақ — тәулігіне 15 — 16 сағат болды. Жұмысшылардың, әсіресе тұрғын халық жұмысшыларының жалақысы өте аз болды. Жұмысшылар сұмдық ауыр жағдайда, әдетте қараңғы және ылғалды жер үйлерде тұрды, еңбек қорғау және дәрігерлік көмек болмады. Лениндік «Искра» 1902 жылғы 15 январьда Оренбург — Ташкент темір жолы құрылысындағы жұмысшыларды рақымсыз қанау және ондағы сорақылықтар туралы былай деп жазды: «Жұмыс жағдайларының өте нашарлығын айтпағанның өзінде, жұмысшыларды барып тұрған ұятсыздықпен талайды, ешқандай тежеу жасалмайтын штрафтар системасы мейлінше кеңінен қолданылады, жұмысшыларды есеп айырғанда тікелей алдап соғады».

Мұның бәрі таптық антагонизмді, тап күресін күшейтті. Орыс пролетариатының революциялық қозғалысының әсерімен Қазақстанда ХХ ғасырдың басында бірсыпыра стачкалар — Успен руднигінде, Спас мыс заводында, Екібастұзда, Қарағандыда, Оренбург — Ташкент темір жолы құрылысында болды. 1905 — 1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезінде Қазақстанда стачкалық қозғалыс кең өріс алды.

Қазақ ауылында да тап қайшылықтары шиеленісті. Езілген қазақ шаруалары екі бірдей қысымда — «өздерінің» бай-феодалдарының және патша колонизаторларының қысымында азап шекті. Жұмысшы табының революциялық күресі шаруалар қозғалысының дамуына күшті әсер етті.

Империализмге тән, бір жағынан, езілген халық бұқарасы, екінші жағынан колонизаторлар — патша өкіметі және империалистік буржуазия арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі Қазақстанда айқын көрінді.

Патша өкіметі, Россияның басқа ұлттық шеткері аймақтарындағыдай, Қазақстанда да катал колониялық саясат жүргізді. Патшалық колонизаторлар тұрғын халықтың ауыл шаруашылығына қолайлы жақсы жерлерін тартып алды. 1906 жылдан 1912 жылға дейінгі уақыттың өзінде қоныс аудару қорына қазақ халқының 17 миллион десятинадан астам жақсы жері алынды. Түркстан өлкесінде тексеру жүргізген патша сенаторы Паленнің өзі де тұрғын халықтың зорлықпен тастақ, күмді шөлдерге жаппай көшірілгенін, отырықшылық ошақтарының бұзылғанын амалсыз мойындады.

Сауданың айқын колониялық сипаты болды. Купецтер эквивалентсіз айырбасты кеңінен қолданып, мұнан орасан көп пайда тапты. Сауда өте жиі өсімқорлықпен ұштасып отырды.

ХІХ ғасырдың аяғында, әсіресе ХХ ғасырдың басында Қазақстанға шетелдік, көбінесе ағылшын және америка империалистері өте бастады. Олар елдің орасан мол табиғат байлықтарына, тұрғын еңбекші халықты тежеусіз қанау нәтижесінде бейпіл пайда алу мүмкіндігіне қызықты.

Кен өнеркәсібінің кәсіпорындары (Риддер, Екібастұз, Успен рудниктері және басқалары), Орал—Эмбі бассейнінің негізгі мұнайлы аудандары шетелдік империалистердің қолында болды.

Патшаның колонизаторлары ұлттық мәдениеттің дамуына жол бермеді, зорлықпен орыстандыру саясатын жүргізді, халық бұқарасын қараңғылықта, надандықта ұстауға тырысты.

Патша өкіметі, орыс помещиктері мен буржуазиясы өздерінің колонизаторлық саясатын жүзеге асырғанда, феодал-байларға, қалыптасқан қазақ буржуазиясына сүйенді. Бірінші орыс революциясы жылдарында Қазақстанда құрылған, болашақ буржуазияшыл-ұлтшыл «Алаш» партиясының ұясы орыс империалистік буржуазиясы партиясының — кадеттер партиясының филиалы болуы тегін емес. Бірақ бұған қарамастан, қазақтың буржуазияшыл-ұлтшылдары шетелдік империалистермен байланыс жасап отырды, орысқа қарсы ниетті барынша өршітті.

Ұлттық-колониялық езгі халық бұқарасы арасында наразылық туғызды. Қазақстанда ұлттық-азаттық қозғалыс өсті. Бұл қозғалыс оқшау болмай, жұмысшы қозғалысының дамуына байланысты, Россиядағы жалпы азаттық қозғалыстың бір саласы болып дамыды.

Ақыр-аяғында, Қазақстанда империализмге тән, империалистік державалар арасындағы қайшылық та мықтап шиеленісті. Россия империясының бір бөлегі болған Қазақстан халықаралық империалистік қайшылықтар шумағына тартылды. Бүкіл Россиямен бірге Қазақстан бірінші дүниежүзілік империалистік соғысқа қатысты, бұл соғыстың зор ауырталығы, бүкіл ел сыяқты, Қазақстанға да түсті.

Қазақстан барған сайын империалистік державалар күресінің майданына айнала берді. Бұл күрес шетелдік империалистердің, мысалы, ағылшын және герман капиталистерінің бәсекесі күшті болған жер Орал — Эмбі мұнайлы ауданындағыдай, Қазақстанның табиғат байлықтарын пайдалануды өз қолдарына алу күресінен ғана емес, сол сыяқты олардың Қазақстанда өздерінің саяси позицияларын нығайтуға ұмтылуынан да көрінді.

Шетелдік империалистер Қазақстанға өздерінің шпиондарын көп жіберді. Россияға қарсы күресте панисламизмнің және пантюркизмнің реакциялық ұрандарын кеңінен пайдаланды, мұсылман дінбасылары және буржуазияшыл-ұлтшыл ұйымдар арқылы әрекет жүргізді, өздеріне тәуелді Түркияны өздерінің империалистік мақсаттарына кеңінен пайдаланды.

Сонымен, революцияға дейінгі Қазақстан, өзінің шаруашылық және мәдениет жағынан артта қалуына қарамастан, дүниежүзілік дамудан, зор тарихи оқиғалардан тіпті де бір шеткей қалған жоқ. Империализмге тән қайшылықтар онда мейлінше шиеленісіп отырды. Бұл қайшылықтарды, бүкіл Россиядағыдай, мұнда да тек революциялық жолмен жоюға болатын еді.

Патша өкіметі мен шетелдік империалистер Қазақстанның экономикалық және мәдени артта қалғанын сол күйінде сақтауға тырысты, олар қазақ қоғамының негүрлым реакцияшыл элементтеріне сүйенді. Дамыған өндіргіш күштер барған сайын ауылдағы әлі де үстемдік жүргізуші патриархтық-феодалдық қатнастарға, онда әлі де сақталған ортағасырлық қалдықтарға соқтыға берді.

Бірақ пісуі жетіп келе жатқан, патша өкіметіне және феодализмге қарсы бағытталған буржуазиялық-демократиялық революция империалистік буржуазияның мүдделеріне де тікелей нұқсан келтіретін болды, өйткені оған «буржуазиялық революцияның барлық ескілік қалдықтары тым үзілді-кесілді сыпырып тастамай, олардың біразын қалдырғаны пайдалы, яғни бұл революцияның өте дәйекті болмағаны, ақыр аяғына дейін жетпегені, батыл және рақымсыз болмағаны пайдалы» (В. И. Ленин. Шығармалар, 9-том, қазақшасы, 38-бет). Буржуазия демократиялық революцияның жеңуін, патша өкіметінің жойылуын тілемеді.

Жалпыроссиялық буржуазиялық-демократиялық революцияның құрамды бір саласы болған Қазақстандағы буржуазиялық-демократиялық революция оған тән жалпы заңдылық негізінде дамыды. Сөйтіп,

буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының тарихи қажеттігі Қазақстанда да таралды.

Қазақ халқы өз елінің нақ осындай жолмен дамуына шын мүдделі болды. Тек осы жол, ұлы революциялық дауылдар мен социалистік өзгерістер жолы ғана Қазақстанды орасан артта қалғандықтан және колониялық тәуелділіктен құтқара алатын еді және құтқарды да, Қазақстанды тарихи прогрестің кең жолына шығара алатын еді және шығарды да.

* *
*

Империализм дәуірінде, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың орталығына айналған Россияда патша өкіметін, ал онан кейін бүкіл буржуазиялық-помещиктік құрылысты да құлатып, қоғамды революциялық жолмен қайта құра алатын күштер туып қалыптасты.

Европалық қана емес, онымен бірге азиялық реакцияның да тірегі болған патша өкіметін құлату күресінде, жұмысшы табы басшылық ететін жұмысшы табы мен шаруалар одағы құрылды.

Халық бұқарасының саяси оянуында, оларды революциялық күреске тартуда империализм дәуіріндегі бірінші халықтық революция — 1905 — 1907 жылдардағы бірінші орыс буржуазиялық-демократиялық революциясының маңызы ерекше зор болды. «Россия географиялық, экономикалық және тарихи жағынан, — деп көрсетті В. И. Ленин, — Европаға ғана емес, Азияға да жатады. Сондықтан да біз орыс революциясының Европаның ең ірі және ең артта қалған елін ұйқыдан біржола оятқанын және революцияшыл пролетариаттың басшылығымен революциялық халықты құрғанын көріп отырмыз.

Ол бұған ғана жетіп қойған жоқ. Орыс революциясы бүкіл Азияға қозғау салды» (Шығармалар, 23-том, қазақшасы, 267-бет).

Бірінші орыс революциясының басталуы болған Петербургтегі 1905 жылғы 9 январьдағы оқиғалардың өзі елдің орталығында ғана емес, ұлттық шеткері аймақтарда да, оның ішінде Қазақстанда да жалпы революциялық қозғалыс туғызды. Бірсыпра кәсіпорындар мен темір жолдарда жалпы наразылық ереуілдері өткізілді.

Орыс пролетариатының революциялық күресінің тікелей әсерінен 1905 жылдың жазында Қазақстанның қалаларында саяси ереуілдер мен революциялық демонстрациялар болды. Әсіресе, 1905 жылғы октябрьдегі Бүкілроссиялық саяси стачка және сол жылғы декабрьдегі Москваның қарулы көтерілісі күндерінде революциялық күрес ерекше күшейді. Ереуіл Сибирь және Оренбург — Ташкент темір жолдарына, көптеген кәсіпорындарға таралды. Оренбургте, Верныйда, Оралда, Қостанайда, Қызылорда және басқа көптеген қалаларда революциялық демонстрациялар өткізілді. Орыс және қазақ еңбекшілері өздерінің ортақ жауы — патша өкіметіне қарсы бірігіп күресті.

1905 жылы декабрьде, «Қырғыз-орыс одағы» ұйымдастырған Успен мыс рудниктері жұмысшыларының ереуілі еңбекшілердің күш біріктіріл революциялық қыймыл жасауының тамаша үлгісі болды.

Революциялық күреске қазақ шаруалары да тартылды. Семей, Өскемен, Павлодар және басқа уездерде шаруалардың өкіметке қарсы қыймылдары болды. Мұнан қорыққан патша әкімдері қазақ аудандарындағы қозғалысты басудың арнаулы шараларын қолданды.

Бүкіл елдегідей, Қазақстанда да еңбекшілердің революциялық күресіне, партияның III съезінің тарихи шешімдерімен қаруланған большевиктер басшылық етті. Большевиктер буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партияларға қарсы, буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы ымырасыз күрес жүргізді.

Патша өкімет орындарының қатты қудалауына және қаражүздіктердің бейбастақтығына қарамастан, II Мемлекеттік думаға Торғай және Ақмола облыстарының орыс халқынан большевиктер И. Ф. Голованов пен А. Қ. Виноградовтың депутат болып сайланғаны большевиктердің бұқараға саяси ықпалының айқын белгісі болды.

1905 — 1907 жылдардағы революция, Қазақстан еңбекшілерінің саяси оянуына орасан күшті әсер етті, оларға күрестің мол тәжірибесін берді. Бұл революция, патша өкіметін қолдаған либерал буржуазия мен буржуазияшыл ұлтшылдардың контрреволюцияшылдығын айқын ашып берді, жұмысшы табы басшылық ететін жұмысшы табы мен шаруалар одағы ғана патша өкіметін құлатып, революцияның жеңуін қамтамасыз ете алатын күш болып табылатынын көрсетті. 1905 — 1907 жылдарда патша өкіметіне қарсы күрестің барысында Россияның езілген халықтарының біртұтас революциялық майданын жасаудың берік негізі қаланды; бұл майданды орыс пролетариаты бастап шықты. Бірінші орыс революциясы жылдарында патша өкіметіне берілген соққы, мұнымен бірге, империализмнің бүкіл системасына берілген соққы болды.

Столыпиндік реакция дәуірінде және бірінші империалистік соғыс алдынан жұмысшы қозғалысы өрлеген жылдарда, Қазақстанда капиталистік қатнастардың онан әрі дамуы, отарлық езгінің күшеюі және шетелдік капиталдың өтуі нәтижесінде, таптық қайшылықтар онан сайын мықтап шиеленісті.

Столыпиндік жер саясатын жүргізуге байланысты кедейлердің қудаларға және байларға қарсы күресі күшейді. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанның кәсіпорындары мен темір жолдарында ереуіл қозғалысы ұлғайды. Мысалы, Спасс заводында, Екібастұзда, Оренбург — Ташкент темір жолында стачкалар болды. Бірсыпра қалалар мен селоларда солдаттардың әйелдері соғысқа қарсы қыймылдар жасады.

Бірінші дүниежүзілік соғыс дәуірінде капитализмнің жалпы кризисінің бірінші кезеңі басталды. Ол капиталистік дүниенің экономикалық және саяси өмірінің барлық жақтарын қамтыды. Метрополиялар мен колониялар арасында қайшылықтардың қатты шиеленісуі, сол себепті ұлттық-азаттық қозғалысының өсуі осы кризистің айқын белгілерінің бірі болды. Қазақстанға және Орта Азияға жайылған 1916 жылғы көтерілісті нақ осы тұрғыдан қарау қажет. Бұл көтеріліс Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның толғағы пісуімен байланысты болды. Антиколониялық және антиимпериалистік бұл көтерілістің қозғаушы күші езілген шаруалар болды.


1916 жылғы көтерілісте жеке аудандарда феодал-байлар мен дін басыларының қозғалысқа басшылықты өз қолдарына алып, оны өздерінің реакциялық мақсаттарына пайдалана алғаны біздің бұл көтеріліске прогрестік және ұлттық-азаттық қозғалыс деп баға беруімізге бөгет бола алмайды.

Сонымен, елдегі толғағы піскен революциялық кризис Қазақстанды да қамтыды. Февральдағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуін, патша өкіметінің құлатылуын Қазақстанның еңбекшілері зор қуанышпен қарсы алды. Бүкіл өлкеде еңбекшілер жаппай қыймылға шықты, ескі өкімет құлатылды, жұмысшы және солдат депутаттарының Советтері, ал онан кейінірек шаруа депутаттарының Советтері құрылды. Бүкіл Россиядағыдай, Қазақстанда да қосөкімет орнады.

* *

*

Қазақстан бүкіл Россиямен бірге және дүниежүзілік империализмнің шынжырындағы неғұрлым нашар буын болған Россияның бір бөлегі
3. «Қазақстан Коммунисті» № 3.



ретінде, социалистік революцияға заңдылықпен келді. Нақтылы тарихи материалға талдау жасау, Қазақстанда Совет өкіметін орнату жолындағы күрес еліміздегі социалистік революцияның біртұтас процесінің бөлінбейтін бір саласы болғанын дәлелдейді.

Революцияға дейінгі Қазақстанның экономика және мәдениет жағынан артта қалғаны, пролетариатының саны аздығы оның еңбекшілер бұқарасының, еңбекші шаруаларының Совет өкіметі идеяларын қабылдап, бұл идеяларды жүзеге асыру үшін күресуіне бөгет бола алмады. Шығыстағы совет республикаларының табыстарын айта келіп, В. И. Ленин Советтердің Бүкілроссиялық VIII съезінде Халық Комиссарлары Советінің жұмысы туралы баяндамасында былай деп көрсетті: «Совет өкіметі идеялары мен принциптеріне өнеркәсібі дамыған, әлеуметтік тірегі пролетариат болған елдердің ғана емес, әлеуметтік негізі шаруа болған елдердің де қолы жете алатынына және олардың дереу жүзеге аса алатынына бұл республикалар дәлел және растаушы болып табылады. Шаруа Советтерінің идеясы жеңіп шықты. Өкіметті шаруалардың қолына алуы қамтамасыз етілді; жер, өндіріс құрал-жабдықтары осылардың қолында» (Шығармалар, 31-том, қазақшасы, 506-бет).

Қазақ, сол сияқты орыс жұмысшы табы мен кедей шаруаларының одағы — Қазақстанда Совет өкіметін орнату үшін күрескен күш осындай болды. Бірақ бұл күрес өлкенің артта қалуынан туған қосымша қыйыншылықтар болған жағдайда жүргізілді. Ауылда патриархтық-феодалдық қатнастар әлі үстемдік жүргізді, бай-феодалдардың ықпалы күшті болды. Өнеркәсіп нашар дамыды, оның жеке ошақтары Қазақстанның кең территориясында бытыраңқы болды. Контрреволюцияның кадрлары — казактардың жоғарғы тобы, кулактар, байлар, буржуазиялық ұлтшылдар едәуір көп болды.

Бұл жағдайда Қазақстанда Совет өкіметінің жеңуі үшін орыс пролетариатының басшылығының, орыс халқының қалтқысыз көмегінің маңызы ерекше зор болды. Қазақстанға қайтып оралған, большевиктік ниеттегі майданшы-солдаттар және майдандағы қара жұмысқа қатысқан қазақ жігіттері орыс пролетариатының революциялық ықпалын таратып, аса зор роль атқарды.

Бүкіл еліміздегідей, Қазақстанда да, буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұластыру күресінің лениндік жоспары негізінде Коммунистік партия, буржуазияның өкіметін құлату үшін жұмысшы табының көпшілігін өз жағына шығаруды, еңбекшілер бұқарасын социалистік революция жағына аударуды, жұмысшы табының кедей шаруалармен одағын нығайтуды көздейтін аса күрделі міндетті ойдағыдай жүзеге асырды.

Орталық Россияның үлгісі бойынша, 1917 жылдың көктемінде және жазында өнеркәсіп орындары мен темір жолдарда жұмысшылар революциялық жолмен 8 сағаттық жұмыс күнін енгізді. Жұмысшы бақылауы орнатыла бастады. Кәсіподактар және еңбекшілердің басқа бұқаралық ұйымдары тез өсті, бұл ұйымдарға қазақ еңбекшілері де қатысты. Әсіресе, шетелдік капиталистердің меншігіндегі кәсіпорындарда жұмысшылардың күресі ерекше күшті болды. Бірсыра жерлерде ереуілдер өткізілді.

1917 жылғы июльде Жетісу облысының Лепсі қаласында Уақытша үкіметке қарсы жаппай революциялық қыймыл жасалды, оған большевик Дегтярев басшылық етті. Бұл қыймылға орыс еңбекшілері де, қазақ еңбекшілері де қатысты.

1917 жылдың күзіндегі революциялық кризис Қазақстанды да қамтыды. Большевиктердің басшылығымен жүргізілген революциялық және ұлттық-азаттық қозғалыс онан әрі күшейді. Большевиктер эсерлерді, меньшевиктерді және буржуазияшыл ұлтшылдарды окшаулау күресінде

зор табыстарға жетті. Олар Оренбургтың, Петропавлдың, Перовскийдің, Оралдың және басқа қалалардың Советтерінде көпшілік орын алды.

Бұқаралық қозғалыстың өскені Риддер, Екібастұз, Павлодар тұз кәсіпшіліктері жұмысшыларының ереуілдерінен, жұмысшылардың шетелдік капиталистерді қуып жіберіп, өнеркәсіп орындарын өз қолдарына алу жолындағы күресінен көрінді. Ташкент жұмысшылары мен солдаттарының 1917 жылғы сентябрьдегі революциялық қыймылын Қазақстанның еңбекшілері қызу қолдады.

Шаруалардың революциялық қозғалысы мықтап күшейді. Қоныс аудару басқармасының, бай қызақтардың жерлерін, ал бірсыпра ауылдарда байлардың жерлерін басып алу кең өрістеп ұлғайды. Деревня мен ауылда тап күресі онан сайын шиеленісті. 1917 жылғы октябрьдің басында, қазақ ауылдарының өкілдері де қатысқан, Семей облысының шаруалар съезі өкіметті Советтердің қолына беруді қостады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуін, Советтердің Бүкілроссиялық II съезінің тарихи қаулыларын және В. И. Ленин бастаған Совет үкіметінің құрылуын Қазақстанның еңбекшілері күшті жігермен қарсы алды. Елімізде Совет өкіметінің кең өрістеп жеңіспен алға басуы Қазақстанға жайылды. Бұл өлкеде 1917 жылғы ноябрьден бастап 1918 жылғы мартқа дейін Совет өкіметінің орнатылуы ішкі революцияшыл күштерге — деревня мен ауылдың жұмысшыларына және кедей шаруаларына сүйенді, кейіннен оған орта шаруалар да қосылды. Еліміздің орталығында Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуінен кейін көп ұзамай Совет өкіметі орнатылған Сырдария облысы сыяқты облыстарда да, Совет өкіметі, буржуазия мен қазақтардың контрреволюцияшыл жоғарғы тобының буржуазияшыл ұлтшылдармен бірігіп құрған антисоветтік ошақтарын талқандаудың нәтижесінде жеңген Оренбург және Жетісу сыяқты облыстарда да осындай болды.

Азамат соғысы жылдарында Қазақстанның еңбекшілері Коммунистік партияның басшылығымен, бүкіл совет халқымен бірге Шығыс, Ақтөбе және Жетісу майдандарында шетелдік империалистер мен ішкі контрреволюцияның біріккен күштеріне қарсы қажырлылықпен соғысты. Қызыл Армияның құрамында қазақтардан бірсыпра ұлттық бөлімдер мен бөлімшелер құрылды, бұлар жауға қарсы ұрыстарда табандылық, ерлік көрсетті.

Чапаев дивизиясының және Қызыл Армияның басқа бөлімдерінің жауынгерлері, Черкасскі қорғанысының батырлары, Қостанайдың, Мариновканың, Торғайдың, Алтайдың және Тарбағатайдың партизандары, Орал қаласын қаһармандықпен қорғауға қатысушылар азамат соғысының тарихынан мәңгі өшпейтін орын алды.

Жұмысшы табы басшылық еткен жұмысшы табы мен еңбекші шаруалардың одағы Совет өкіметінің жеңуі үшін жүргізген күресте нығая берді.

Интервенттер мен ішкі контрреволюцияны талқандау, социалистік құрылысты өрістету ісінде Қазақстанның еңбекшілеріне ұлы орыс халқы орасан зор туысқандық көмек көрсетті.

* *
*

Ұлы Октябрь социалистік революциясының, азамат соғысының және социалистік құрылыстың тарихы Қазақстанда социалистік революцияның тарихи шарттылығын және заңдылығын, оның халық арасында терең тамырлары болғанын айқын дәлелдейді. Совет өкіметін орнату жолындағы біріккен күресте еліміздің халықтарының достығы нығайып көркейді. Жұмысшы табы басшылық ететін жұмысшы табы мен еңбекші

шаруалардың одағы советтік құрылыстың мызғымайтын негізі болып табылады.

Коммунистік партия бейбітшілік жолындағы жалпы демократиялық күресті, шаруалардың жер үшін жүргізген демократиялық қозғалысын, езілген халықтардың ұлттық-азаттық қозғалысын, пролетариаттың буржуазияны құлатып, пролетариат диктатурасын орнату жолындағы социалистік қозғалысын жалпы бір революциялық тасқынға біріктіре білді. Мұның өзі шын халықтық өкіметтің, Советтер өкіметінің жеңуін қамтамасыз етті. Күрестің барысында эсерлердің, меньшевиктердің және буржуазияшыл ұлтшылдардың контрреволюциялық партиялары әшкереленіп, талқандалды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңуі негізінде, әуелі РСФСР, онан кейін ССРО-ның құрамына кірген Қазақ Советтік Социалистік Республикасы құрылды, социализм орнатудың бүкіл дүниежүзілік тарихи міндеті ойдағыдай жүзеге асырылды. Қазақ халқы социалистік ұлт болып бірікті. Қазақстанның еңбекшілері бүкіл ұлы совет халқымен бірге коммунизмнің жеңісіне қарай ойдағыдай алға басуда.

Коммунистік партияның советтік мемлекеттік аппаратты нығайта беру жолындағы күресі

К. КОТОВ,

заң ғылымдарының кандидаты

Коммунистік партия басшылық етіп отырған социалистік мемлекет ССРО-да коммунизм құрылысының ұйымдастырушы күші болып есептеледі. Социалистік қоғам құруда, өзінің жеңістерін сыртқы және ішкі жаулардан қорғап қалуда және кәзір бірте-бірте социализмнен коммунизмге өту жолындағы күресінде социалистік мемлекет совет халқының басты және шешуші құралы болып қызмет етіп келеді.

Совет мемлекеті өз дамуының барлық кезеңдерінде, өзінің бүкіл қызметінде партияның елімізде коммунистік қоғам құруға бағытталған саясатын практикада жүзеге асырып келеді. Мұның өзінде біздің басымыздан кешіріп отырған тарихи кезеңнің заңдылығы мынаған алып келеді: еліміздің даму жолы — бұл Совет мемлекетін тынымсыз және жаппай күшейте беру жолы. Екі системаның күресі жағдайында Совет мемлекетін барынша күшейту—объективті қажеттілік және бұл ССРО-да социализм мен коммунизм құрудың құралы болып есептеледі.

Коммунистік партияның ССРО-да коммунизм құруға бағытталған негізгі міндеттерін толық орындау үшін ауыр индустрияны дамыта беру, еліміздің экономикалық және қорғаныс қуатын аумастан нығайта беру, қатаң үнемдеу тәртібін жүзеге асыру, халқымыздың материалдық әл-ауқатын үнемі жақсартып беру, біздің қоғамдық және мемлекеттік құрылысымызды барынша нығайта беру керек.

Социалистік қоғамның қондырмасы ретіндегі Совет мемлекетін нығайту деңгейіміз: бүкіл мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың қызметін жақсарту, социалистік заңдылықты қалтқысыз сақтау және нығайту, коммунизм жолындағы күрестің аса қуатты құралы мемлекетті жетілдіре беру деген сөз.

Социалистік мемлекетті және оның органдарын нығайту жөнінде Коммунистік партия басшылығының шешуші маңызы бар. Коммунистік партия — коммунизм құрып жатқан совет қоғамының басшы және бағыттаушы күші. Ол өз қатарының берік бірлігімен, миллиондаған еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыстылығымен күшті.

Коммунистік партияның советтік мемлекеттік аппаратқа басшылығы әртүрлі формада көрінеді, бірақ бұл формалардың бәрі партияның совет қоғамы дамуының белгілі кезеңіндегі саясатын жүзеге асыру міндетіне, мемлекеттік аппаратты нығайта және жетілдіре беру міндетіне бағындырылады.

Қоғамдық дамудың объективтік заңдарын білуге сүйене отырып, Коммунистік партия әрбір жеке жағдайда дұрыс шешімдердің қабылдануын қамтамасыз ететін саясат белгілеп отырады, советтік мемлекеттік аппараттың кадрларын іріктеу, орналастыру, оқыту және тәрбиелеу жұмыстарын жүргізеді, бүкіл мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың, қызмет адамдарының, ең алдымен коммунистердің жұмысын тексереді, олардың қателері мен кемшіліктерін түзетеді, оларға Совет мемлекетінің заңдарын жүзеге асыруға көмектеседі. Партия совет органдарын халық бұқарасының қолдан отыруын қамтамасыз етеді, еңбекшілерді мемлекеттік аппараттағы жұмысқа қатнастырады, оның құрылысын жетілдіре

беру үшін күреседі және мемлекеттік аппаратты ықшамдауға, арзандатуға бағытталған шараларды үнемі жүргізіп отырады.

Советтік мемлекеттік аппаратты жақсарту мәселелерін шеше отырып, партия В. И. Лениннің барлық күшті аппаратты Коммунистік партияның саясатына түгелдей бағынатын етуге жұмсау керек деген нұсқауын басшылыққа алады.

Советтік мемлекеттік аппараттың жұмысындағы бюрократтық бұрмалауға қарсы күресу мәселесіне партия үнемі зор көңіл бөліп келді және көңіл бөліп отыр. Басшылықтың кеңсешілдік әдісі, істің орындалуын тексеруге мән бермеу және бұл маңызды іске кедергі жасау, партия мен үкіметтің қаулыларын бұзу және уақтылы орындамау, былық, көзбояушылық және осы сыяқтылар зор зыян келтіреді. Қағазға, бұйрықтың ғажайып күшіне сенетін басшылар әлі бар. Партия мен үкіметтің директиваларының орындалуын тексерумен шұғылданудың, істің жағдайын белгілі бір шаралардың тағдыры шешілетін жердің өзінде зерттеудің орнына мұндай «басшылар» істі тек есептер бойынша бағалайды, жанды басшылықты қараз арқылы басшылықпен ауыстырады.

Қағазға сенушілік осы уақытқа дейін, мысалы, республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппаратында орын алып келеді. Қолхоз малы қысқы бағуға ауыстырылып жатқан ең жауапты кезеңде Министрлік мамандардан әртүрлі ақпарлар, есептер, анықтама жолдамалар және тағы сондайлар жіберуді талап етті. Есептер жайылым шаруашылығы бөлімінің бастығы Семушкин жолдас жасаған арнаулы форма бойынша жасалды. Бұл формада 190 сұрау болды!

Бірақ, Алматы облысының мал шаруашылығы мамандары бұл форманы әлі меңгеріп алмай жатып-ақ, облыстық партия комитетінен жаңа тапсырма алды. Ауылшаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары Колесников жолдас үш жыл ішінде «сыйыр мен қойдан түскен нақтылы табыстар» жөнінде, мамандардың білімі және жұмыс стажы, тағы сондайлар туралы ақпар даярлауды талап етті.

Басшылықтың кеңсешілдік-бюрократтық әдісі біздің советтік мемлекеттік аппараттың кейбір жеке қызметкерлерін бұқарамен тығыз байланысты, жедел ұйымдастырушыдан, өмірден қол үзген, істі білмейтін, бірақ кез келген жағдайда директива беруге даяр тұратын төрелерге айналдырып жібертінін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Сондықтан да партия мемлекеттік аппараттағы бюрократизмге қарсы батыл күрес жүргізуде.

ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганин жолдас ССРО Жоғарғы Советінің II сессиясында сөйлеген сөзінде: «Біз кеңсешілдік-бюрократтық басшылық ету әдістерін жоя отырып, басқару орындарының барлық буындарында ұйымдастыру жұмысының дәрежесін және тапсырылған іске жауапкершілікті арттыра отырып, мемлекеттік аппаратты онан әрі жетілдіріп, арзандата беруге және оның жұмысын жақсартуға күш салуға міндеттіміз. Аппараттың жұмысын онан әрі жетілдіре берудің шешуші шарты — ол үлкенді-кішілі барлық басшыларда жаңаны, озаттықты, прогрестікті түсіну сезімін тәрбиелеп отыру, еңбекшілер бұқарасының инициативасын кеңінен пайдалану, сын мен өзара сынды барынша өрістетіп отыру» деп көрсетті.

Мемлекеттік аппаратты күшейтудің маңызды шарты мемлекеттік және еңбек тәртібін нығайту болып есептеледі. Бірте-бірте коммунизмге өту дәуірінде еліміздің алдына қойылып отырған аса ұлы міндеттер советтік мемлекеттік аппараттың барлық кадрларына бұрынғыдан да жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік тәртіпті сақтау дегеніміз — бұл өзінің міндеттерін орындауда жоғары саналылық көрсету, қандай мәселені шешуге болса да мемлекеттік көзбен қарай білу, совет заңдарын қатаң сақтау, жұмысты бел-

сене және творчестволықпен істеу, барлық уақытта және барлық істе бірінші қатарға мемлекеттің мүддесін қою.

Осылай бола тұрсада, бізде әлі де екі тәртіп бар: бірі — басшылар үшін, екіншісі — басшыларға міндетті емес, қатардағы қызметкерлер үшін деп есептейтін қызметкерлер бар. Мұндай адамдар мемлекеттік тәртіпті бұзады, біздің қоғамымызға елеулі зыян келтіреді. Партиялық тәртіпті, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзушыларға, жауапсыздық пен салақтықтың көріністеріне, партия мен үкіметтің шешімдеріне формальды қарау фактілеріне қарсы партия барлық уақытта ымрасыз күрес жүргізіп келді және күрес жүргізуде.

Советтік мемлекеттік аппараттың қызметкерлері, өздеріне қойылатын талаптардың дәрежесінде болу үшін маркстік-лениндік теорияны табандылықпен меңгере, өздерінің ой-пікірін кенейте, іскерлік мамандықтарын үнемі арттыра берулері керек. Республиканың Юстиция министрлігі және Финанс министрлігі өз қызметкерлерінің оқуына елеулі көңіл бөледі. Бірақ, кадрларды оқыту барлық жерде бірдей жолға қойылмаған. Мысалға Қазақ ССР Балық өнеркәсіп министрлігін алайық. Мұнда бірсыпыра басшы қызметтерде нашар даярланған, жеткілікті мамандығы жоқ қызметкерлер істеп отыр. Осылай болса да олардың ешқайсысы арнаулы мамандық алуды өздеріне мақсат етіп қоймаған.

Кадрларды саяси және іскерлік белгілеріне қарап іріктеу аса маңызды партиялық принцип болып есептеледі. Осы ерекшеліктерді ескергенде ғана белгілі бір қызметкердің сапасы туралы айтуға болады. Дегенмен кадрларды іріктеудің және орналастырудың осы принциптерін бұзу фактілері кездесіп отырады. Мысалы, Қазақ ССР Құрылыс материалдары министрлігінің кейбір бөлімдерінде және республиканың басқа министрліктері мен ұйымдарында мамандарды іріктеп алу, орналастыру және пайдалану ісі ойдағыдай емес. Тек бір ғана Алматы құрылыс-монтаж басқармасының «Қазпромстрой» тресінде соңғы екі жылдың ішінде 4 бастық, 5 бас инженер, 5 бас механик, 2 өндіріс бөлімінің бастығы, 3 бас бухгалтер және тағы басқалардың ауысқанын айтудың өзі жеткілікті.

Шаруашылық басшыларының кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісіне жауапсыз қарауының салдарынан трестің кәсіпорындары ұзақ уақыт бойына белгіленген программаны орындай алмай келеді, аса маңызды мемлекеттік тапсырмаларды орындамайды, жылсайын мемлекетке көп зыян келтіреді.

Мемлекеттік аппараттың жұмысын онан әрі жетілдіре берудің міндетті шарты партия мен үкімет директиваларының орындалуын үнемі және жедел тексеріп отыру болып саналады. Коммунистік партия қандай да болмасын шешімдердің, қаулылардың, директивалардың жүзеге асуы істің қалай ұйымдастырылғанына және істің орындалуын тексеруді жолға қоюға байланысты деп үйретеді. Мұның өзінде істің орындалуын тексеруді қағаз жүзінде есеп беріп отыру емес, кадрларды дұрыс орналастыруды, адамдарға олардың міндеттерін түсіндіріп отыруды, тапсырмалардың мерзімінде орындалуын қамтамасыз ететін тиісті материалдық-техникалық алғы жағдайлар жасауды мақсат етіп қойған жанды ұйымдастыру жұмысы деп түсіну керек.

Дегенмен мемлекеттік аппараттың кейбір буындарының қызметінде істің орындалуына бақылау жасау және тексеру жұмыстарына барлық уақытта бірдей тиісті көңіл бөлінбейтінін мойындау керек. Мәселен, республиканың Автотранспорт және тас жолдар министрлігі соңғы уақыттың ішінде тың және тыңайған жерлер игеріп жатқан аудандарда жолдар салу жөнінде көптеген бұйрықтар шығарды. Бірақ Министрлік қаулыларды шығарғанмен, олардың орындалуын үнемі тексеріп отыруды қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан көптеген шаралар жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қойды. Мысалы, 1954 жылдың IV тоқса-

нында Министрлік Қазақстанның солтүстік облыстарында 9 машина-жол станциясын құруға тиісті еді. Бірақ соңғы уақытқа дейін бұл станцияларды ұйымдастыру жұмысы аяқталған жоқ.

Істің орындалуын тексерудің аса маңызды әдісі бұл іске қалың бұқараны тарту болып саналады, бұқараның қатнасуынсыз мәселенің дұрыс шешімін табу, сол сыяқты істің орындалуын ұйымдастыру қиыны. Совет өкіметінің күші — бұқарамен байланысында, бұл байланысты нығайта беретіндігінде, бұқараның үніне құлақ асуға дайын отыратындығында.

Советтік мемлекеттік аппаратты оған әрі нығайта беруде демократиялық централизм принципінен туатын негізгі екі принципті — коллективтілікті және дара басшылықты дұрыс ұштастырудың үлкен маңызы бар.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің тарихи тәжірибесі коллективтік басшылық қабылданатын шешімдерде кездейсоқтық пен біржақтылықтың элементтерін болғызбайтынын, дұрыс саясаттың белгіленуін қамтамасыз ететінін және бұл саясатты жүзеге асыруға миллиондаған еңбекшілер бұқарасының творчестволық белсенділігін жұмылдыратынын көрсетеді.

Бірақ коллегиялық белгілі бір міндетті орындауға жеке жауапкершілікті жоққа шығармайды, қайта оны талап етеді. В. И. Ленин: «Талқылауда — бірігіп талқылансын, ал жауапкершілікке келгенде — жеке дара жауапкершілік болсын» (Шығармалар. 33-том, қазақшасы 53-бет) деп көрсеткен болатын. Коммунистік партия советтік мемлекеттік аппараттың барлық буындарында әрбір қызметкердің белгілі бір жұмыс үшін жеке дара жауапкершілікті қамтамасыз етуге жету үшін тырысып келеді. Осымен бірге коллегиялық еш уақытта да шешімдердің жедел қабылдануына және олардың қатаңдығына кедергі болмауы, әрбір жеке қызметкердің жауапкершілігін тойтармауы керек.

Министрліктердің коллегиялары басшылықтың маңызды буыны болып саналады. Министрліктің коллегиясы — бұл беделді, істі терең білетін коллективтік басшылықтың органы. Онда ірі ұйымдастырушылар, талантты мамандар, өз ісінің білгіштері бар. Министрліктің қызметіндегі аса маңызды мәселелерді коллегиялық жолмен талқылау дара басшылықта болмай қоймайтын біржақты шешімдердің қабылдануынан сақтандырады.

Бірақ республиканың бірсыпыра министрліктерінің коллегия мәжілістерінде шын мәнісінде маңызды мәселелер талқылану орнына көбінесе ұсақ, маңызы шамалы мәселелер қаралады. Мұндай мәселелерді бөлімнің, басқарманың бастықтары, министрліктің басшылары нұсқаулар беру арқылы өздері-ақ толық шеше алар еді және шешуге тиісті. Бұл уақытта проблемалы мәселелер, мемлекеттік маңызы бар істер шешілмей жатады. Мысалы, Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің коллегиясы өзінің мәжілістерінде командировкаларды бекітеді, қатардағы қызметкерлерге тәртіп жазасын қолданады, ал совхоз өндірісін дамытудың түбірлі мәселелерін ескерусіз қалдырады.

Коммунистік партия тек советтік мемлекеттік аппараттың жұмыс формалары мен әдістерін жақсарту бағытында ғана емес, сонымен бірге оны жетілдіре беру, оның құрылысын қоғамымыздың талап-тілегіне икемдей беру бағытында да тынбастан жұмыс жүргізіп келеді. Мемлекеттік аппараттың құрылысын жетілдіре және жақсартып отырып, Коммунистік партия осы арқылы оның халық бұқарасымен байланысын нығайтуды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік аппараттың құрылысы социалистік экономиканың талаптарына сай болуға тиісті. Сондықтан қоғамның материалдық дамуының талаптарының өзгеруімен, социалистік және коммунистік құрылыс-

тың белгілі бір уақыттың ішіндегі міндеттерінің өзгеруімен байланысты мемлекеттік аппараттың да құрылысы өзгереді, ол жаңа саяси міндеттерінің дәрежесіне сай келетін етіледі.

Н. А. Булгагин: «Ұлы Совет Одағына кіретін барлық республикалар мен аудандардың экономикасы мен мәдениетін жан-жақты өркендету саясатын партия дәйектілікпен жүргізіп келеді. Соңғы уақытта кейбір министрліктер жалпы одақтық министрліктерден одақтық-республикалық министрліктер болып қайта құрылды. Осыған байланысты кәсіпорындардың едәуір бөлігі одақтың қарамағынан одақтық-республикалық орындардың қарамағына берілді. Одақтас республикалардың совет және шаруашылық органдары жаңа, бұрынғыдан да гөрі кең мүмкіндіктерді пайдалана отырып, шаруашылық және мәдениет құрылысына өздерінің басшылығын жақсартуға тиіс» деп көрсетті.

Елімізге мемлекеттік басшылық етуді және шаруашылық жөнінен басшылық етуді оған әрі жақсарту саласындағы ұйымдастыру шаралары советтік мемлекеттік аппаратты оған әрі нығайтуда және оны едәуір арзандатуда маңызды роль атқарды. Дегенмен басқару аппаратын ұстау әлі де қымбатқа түседі. Сондықтан үкімет келешекте де мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсартып береді және оның шығындарын батылырақ қысқарта береді. Быйылғы жылы мемлекеттік басқару органдарының қажетіне жұмсалатын шығын өткен жылғыдан 1,3 миллиард сом қысқартылады.

Мемлекеттік аппарат органдары қызметінің түбірлі кемшіліктерінің бірі — оның бөлімдерінің, секторларының шамадан тыс бытырандылығы, онда керексіз, ойдан шығарылған буындардың әлі күнге дейін орын алуы. Олар көбінесе бірін бірі қайталайды, басшылықта алалық шығаралы, кеңсешілдік, бюрократизм туғызады. Бірсыпра мекемелерде басқарушы қызметкерлер мен қатардағы орындаушылардың сан жөнінен ара салмағы барыша үйлесімсіз. Мысалға «Қарағандауголь» және «Қарағандашахтстрой» комбинаттарын алайық, мұнда әкімшілік-басқару қызметіндегі адамдардың саны соңғы уақытқа дейін шамадан тыс көп болып келеді. Осы сыяқты кемшіліктер басқа ұйымдар мен министрліктерде де бар.

Мысалы, сол Қарағанды облысындағы «құрылыстардың дирекциялары» деп аталатын мекемелер ойдан шығарылған, керексіз мекемелер. Осындай дирекциялар Қарағанды ет комбинатының құрылысында, Жезқазған мен Теміртаудың құрылыстарында да бар. Тек Қарағандының өзінде мұндай дирекциялар оған артық, олардың ешқандай әкімшілік праволары, материалдық ресурстары жоқ. Ал бұл мекемелерсіз-ақ толық жұмыс істеуге болады.

Есептің және есеп берудің көлемі аса зор болуы іске үлкен зиянын тигізеді. Статистикалық және бухгалтерлік есеп шамадан тыс көбейіп кеткен, алғашқы есеп негізсіз қыйындатылып жіберілген. Есеп берудің көптеген мәліметтерінің шаруашылыққа басшылық ету үшін және жоспарлы жұмыс үшін керексіз және социалистік есепті дұрыс ұйымдастыруға кедергі жасайды. Есеп берудің шамадан тыс көбейіп кетуі есепші-бухгалтерлік, санақ және жоспарлаушы-экономист қызметкерлердің көбеюіне алып келді.

Қызметкерлер штатының көбейіп кетуі басқару аппаратының үнемді болуы жөніндегі лениндік талапқа түбірінен қарама-қайшы келеді. Әкімшілік-басқару аппаратының көбейіп кетуі мемлекет үшін зиян екені белгілі. Өткен жылдың аяқ шенінде жүргізілген тексеруде Қазақ ССР Совхоздар министрлігінің 32 шаруашылығында штаттан тыс қызметкерлерге, оның едәуір бөлігі басқару аппаратына жатады, 1954 жылы 600 мың сом төленгені анықталды. Ақмола облысындағы Нестеренко атындағы совхоздың директоры Нечитайло жолдас өзінше басқару аппаратын кө-

бейткен және олардың жалақыларын көтерген. Осының салдарынан жалақы қоры 100 мың сом артық жұмсалған, сонымен бірге көптеген қызметкерлер тікелей өндіріске қатнарудан қол үзген.

Осыған байланысты Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің әкімшілік-басқару аппаратының ұйымдастыру құрылысындағы елеулі кемшіліктерді және оның штаттарындағы артықшылықтарды жою жөніндегі кәзіргі шаралары әбден түсінікті. Министрліктердің басқармалары мен бөлімдерінің құрамына кіретін ұсақ бөлімшелер, қосарланып әрекет ететін көптеген ұйымдар мен мекемелер, басқармалар мен дербес бөлімдер жойылады.

Әкімшілік-басқару аппаратының құрылысының жақсаруы және ондағы қызметкерлер санының азаюы басшылардың да, сол сыяқты қатардағы орындаушылардың да тапсырылған іс үшін жауаптылығын арттырады, кәсіпорындар мен колхоздарға жанды басшылықты күшейтеді, әрбір қызметкердің іс сапасын дұрыс анықтауға және кадрларды іріктеп алу, орналастыру ісін жетілдіре беруге жағдай жасайды.

Мемлекеттік аппараттың жұмысын онан әрі жақсарту беру міндеті тек осы шаралармен ғана бітпейді. Мұның бәрі тек үлкен жұмыстың бастамасы ғана.

Коммунистік құрылыстағы, советтік экономика мен мәдениетті жаңадан күшті қарқынмен дамыту, совет халқының материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту беру күресіндегі советтік мемлекеттік аппараттың ұйымдастыру жұмысын онан әрі көтере берудің кепілі—оның еңбекшілердің қалың бұқарасымен байланысын нығайта беру болып саналады.

Мемлекеттік аппараттың күшінің қайнар көзі оның бұқарамен тығыз байланыстылығында. Халықпен байланыс, халыққа, оның белсенді қолдауына және көмегіне сүйену біздің социалистік мемлекетіміздің алдында тұрған міндеттерін толық орындауын қамтамасыз етеді.

Жақында өткізілген Қазақ ССР Жоғарғы Советінің және еңбекшілер депутаттарының жергілікті Советтерінің сайлауы советтік мемлекеттік аппараттың бұқарамен байланысын онан әрі нығайта беру жолындағы жаңа қадам болды.

Республиканың мемлекеттік өкіметінің жергілікті және жоғарғы органдарына өздерінің жақсы ұйымдастырушылар екенін көрсеткен және Қазақстанның шаруашылық және мәдениет құрылысына тікелей қатысқан, халықтың тандаулы ұлдары мен қыздары сайланды.

Советтердің депутаттары — бұлар өндіріс озаттары, жоғары өнімнің шеберлері, озат мал өсірушілер мен механизаторлар, мұғалімдер, дәрігерлер, агрономдар, партия және совет қызметкерлері. Олар өздерінің бүкіл тәжірибесін, білімдерін, күш-жігерлерін коммунистік құрылыстың ісіне жұмсайды.

Мемлекеттік аппараттың қызметін жақсартуға министрліктердің, еңбекшілер депутаттары Советі атқару комитеттерінің және басқа совет мекемелерінің партия ұйымдары маңызды роль атқаруға тиісті. Олар үшін аппараттың қызметін жақсарту жөнінде табандылықпен, үнемі жұмыс істеуден, аппаратты өндірістің керектерінен, еңбекшілер бұқарасынан алыстататын барлық жарамсыз кемшіліктерді жоюдан маңызды міндет жоқ. Советтік мемлекеттік аппараттың әрбір буынындағы партия ұйымдарының басты міндеті — мемлекеттік аппараттың барлық буындарының жұмысын жаңа өскелең талаптардың дәрежесіне көтеру.

Советтік мемлекеттік аппаратты онан әрі жақсарту және жетілдіре беру — Коммунистік партия мен Совет үкіметінің біздің Отанымызды гүлдендіре беруге, оның күш-қуатын молайта беруге, елімізде коммунизм құруға бағытталған саясатын толық жүзеге асырудың аса маңызды шарты.

Партия тұрмысы

Партия басшылығының стилі мен әдістерін жетілдіре беру керек

(Аудандық партия конференцияларының қортындылары жайында)

П. КАЛЮТА, П. КОЛЕСНИКОВ.

Қазақстанның селолық аудандарының партия ұйымдарында жуықта өткізілген аудандық партия конференциялары республиканың партия ұйымының өміріндегі маңызды оқиға болды. Басшы партия органдарының есептері және сайлауы алдынан бастауыш партия ұйымдарының есеп беру-сайлау жыйналыстары өткізілді.

Аудандық партия конференциялары барлық жерде ұйымшылдықпен, күшті сын жағдайында коммунистердің белсеніп қатысуымен өтті. Бұл конференциялар селолық партия ұйымдарының өскен ұйымшылдығын және жауынгерлігін көрсетті. Конференциялар мен жыйналыстардағы баяндамашылар, сөз сөйлеген коммунистер партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, егіннің шығымдылығын арттыру, мал шаруашылығын онан әрі күшейтіп, оның өнімділігін арттыру туралы директиваларын жүзеге асыруды көздейтін көптеген бағалы ұсыныстар енгізді, сын ескертпелер жасады.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету міндеттері село партия ұйымдарына зор талаптар қояды. Бұл міндеттерді село партия ұйымдарының ұйымдастыру және саяси жұмысының кәзіргі дәрежесінде ойлағыдай орындауға болады деп сенуге болмайды. Сондықтан да есеп беру-сайлау жыйналыстары мен партия конференцияларында аудандық партия комитеттерінің жұмыс әдістеріндегі кемшіліктер, әсіресе кадрларды іріктеу, жұмысқа орналастыру және тәрбиелеу ісіндегі, бастауыш партия ұйымдарына, колхоздарға, совхоздарға және МТС-терге басшылық ету практикасындағы, идеологиялық жұмысты жолға қоюдағы кемшіліктер барлық жағынан қатты сыналды.

Бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстары мен аудандық партия конференцияларында көптеген бастауыш партия ұйымдарының, аудандық партия комитеттерінің МТС-тер мен совхоздар жөніндегі нұсқаушылар топтарының, сол сыяқты аудандық партия комитеттерінің жаңа жағдайда колхоздар мен совхоздарға басшылық ету ісінде едәуір тәжірибе алғаны атап көрсетілді. Алайда бұл тәжірибе өте қанағаттанғысыз қортылады, партия қызметкерлерінің жақсы тәжірибені ортаға салып талқылауы әлі де нашар ұйымдастырылған.

Партия конференциялары көптеген облыстық партия комитеттері мен аудандық комитеттерінің өздерінің жұмысын СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының талаптарына сәйкес әлі толық қайта құрмағанын, колхоздарға, совхоздарға, МТС-терге және бастауыш партия ұйымдарына олардағы істің жәйін жете білгендікпен басшылық етпейтінін көрсетті. Кейбір жерлерде партия ұйымдарының ішкі жұмысын түбірінен жақсарту мәселелеріне, облыстық және аудандық партия комитеттерінің бастауыш партия ұйымдарына басшылығын жақсартуға көңіл бөлу нашарлатылған. Облыстық партия комитеттері тек аудандық партия комитеттеріне басшылық етумен қанағаттанады, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету туралы директиваларын іс жүзінде орындайтын бастауыш партия ұйымдарына жетпей қайтады.

Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданының партия конференциясында делегаттар аудандық партия комитетінің колхоздарға кеңесшілдік-бюрократтық әдіспен басшылық ететінін көрсетті. Мұның салдарынан аудан астық өндіруді арттыру, мал шаруашылығын өркендету ісінде барлық мүмкіндіктерді пайдаланбады.

Аудандық партия конференцияларының қортындылары аудандық партия комитеттерінің басшылық ету әдістерін онан әрі жақсартып жетілдіру бүкіл партия жұмысын күшейтудің ең бірінші және қажетті шарты болып табылатынын көрсетті. Партия конференцияларының делегаттары көптеген аудандық партия комитеттері басшыларының басшылықтың зиянды әдістерінен әлі безбегенін, совет және шаруашылық ұйымдарының істеріне орынсыз араласатынын, әкімшілік жүргізетінін, мәжілістер өткізіп, көптеген қаулылар қабылдаумен әуестенетінін, жанды ұйымдастыру жұмысына аз көңіл бөлетінін, бұқарамен нашар байланысты екенін көрсетті.

Әкімшілік жүргізуді, қызметкерлерге үсті-үстіне сөгіс беруді, оларды орынсыз қызметтен алуды өздерінің «басшылығының» негізгі әдісі етіп қолданатын басшысымақтар, амал не, бізде әлі де бар. Меңдіқара аудандық партия комитетінің екінші секретары Сыздықов жолдас және Қостанай аудандық партия комитетінің Озерный МТС-ы жөніндегі секретары Стрельченко жолдас жұмыста осындай зиянды әдісті қолданды. Сол себепті де аудандық партия конференцияларының делегаттары бұл секретарьларға дауыс бермей, аудандық партия комитеттерінің құрамына басқа коммунистерді сайлады.

Ново-Шульба аудандық партия конференциясында делегаттар аудандық партия комитеті басшыларының, ең алдымен оның бірінші секретары Набоков жолдасын адамдарға жекіруден, қызметтен алмақ болып қорқытудан басқа әдісті білмейтінін айтты.

Конференцияларда партия, совет және ауылшаруашылық органдарының мал шаруашылығын өркендетуге басшылық етудегі елеулі кемшіліктері қатты сыналды. Аудандық партия комитеттері, аудандық атқару комитеттері және МТС-тер тұрақты жем-шөп базасын жасау, малды жақсы қоралармен қамтамасыз ету, мал фермаларындағы жұмыстарды механикаландыру үшін жеткілікті күреспейді. Мұның зардабынан мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының басқа салаларынан едәуір артта қалып, малдың өнімділігі әлі де өте кем болып келеді.

Солтүстік Қазақстан облысының Приишим ауданы мал шаруашылығын өркендетуде мықтап артта қалды, мал қыстатуға нашар әзірленді. Малдың күтімінің және азықтандырылуының нашар болуы себепті быйылғы жылдың қысында малдың едәуір шығын болуына жол берілді. Конференция аудандық партия комитетінің жұмысын және оның мал шаруашылығын өркендетуге, сол сыяқты аудан шаруашылығының басқа салаларына басшылығын қатты сынады, аудандық партия комитетінің жұмысын қанағаттанғысыз деп таныды, оның бұрынғы бірінші секретары Соболев жолдасы аудандық комитеттің жаңа құрамына сайламады.

Колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың партия ұйымдары және село аудандық партия комитеттері мал шаруашылығының артта қалуын неғұрлым қысқа мерзімде жойып, ауыл шаруашылығының қызметкерлерін СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын жүзеге асыру ісіне жұмылдыруға міндетті.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін құрылған МТС-тер жөніндегі нұсқаушылар топтары партия басшылығын колхоздар мен машина-трактор станцияларына едәуір жақындатты, колхоздар мен МТС-тер өндірісінің әртүрлі учасоктеріп кадрлармен нығайту ісін-

де едәуір жұмыс істеп, бастауыш партия ұйымдарына өздерінің жұмысын жақсартуға іс жүзінде көмектесіп келеді.

Мұнымен бірге партия конференцияларында бұл нұсқаушылар топтарының жұмысын ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктер көрсетілді. Баяндамаларда және делегаттардың сөздерінде көрсетілгеніндей, аудандық партия комитеттерінің МТС-тер жөніндегі көптеген секретарьлары мен нұсқаушылар топтары жұмыстың кеңесшілік-бюрократтық әдістерін қолданып, шаруашылық қызметкерлерінің жұмысына орынсыз араласады, колхоздар мен МТС-тердің партия ұйымдарына партия жұмысын жолға қоюда нақтылы көмектеспейді, кадрларды зерттеп, іріктеу, озаттардың тәжірибесін зерттеп тарату сыяқты маңызды мәселелермен өте аз шұғылданады.

Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов және Петропавл аудандарының партия конференцияларында делегаттар аудандық партия комитеттерінің нұсқаушылар топтары қызметкерлерінің колхоз партия ұйымдарына оқта-текте бір соғатынын, ал кейбір колхоздарда мүлдем болмайтынын, колхозшылар алдында лекция оқудан, баяндама жасаудан жалтаратынын, бастауыш партия ұйымдарының жұмысына тиісінше көңіл бөлмейтінін айтты. Семей облысы, Ново-Шульба ауданының, Ақтөбе облысы, Родников ауданының партия конференцияларында делегаттар аудандық партия комитеттерінің нұсқаушылар топтарының жұмысындағы кемшіліктерді көрсетіп, бұл топтар МТС директорлары мен колхоз председателдерінің жұмысына араласатынын, бірыңғай шаруашылық істерімен қанағаттанып, колхозшылар арасындағы саяси жұмысты елемейтінін айтты.

Конференцияларда облыстық партия комитеттерінің, аудандық партия комитеттері бюроларының және олардың бірінші секретарьларының нұсқаушылар топтарына басшылық етуіндегі кемшіліктері де ашылды. Нұсқаушылар топтарының жұмысын күнбе-күн бағыттап отыру, олар арқылы басшылық ету орнына, село аудандық партия комитеттерінің көптеген басшылары колхоздар мен МТС-тердің жұмысына байланысты мәселелерді нұсқаушылар топтарынан тыс шешеді, жаңа қызметкерлерді іріктеп тағайындағанда, бұл топтармен кеңеспейді. Аудандық партия комитеттерінің кейбір бөлім меңгерушілері және басқа қызметкерлері аудандық партия комитеттерінің МТС жөніндегі секретарьларын және колхоздарға бекітілген нұсқаушыларын өздеріне бағынышты аппарат деп есептеп, оларға әртүрлі қажетсіз қағаз-қатнас жұмыстарын жүктейді, оларды әртүрлі науқандар өткізетін уәкілдер ретінде пайдаланады. Мұндай практика зиянды, өйткені ол колхоздарға басшылық ету ісінде иесіздік және жауапсыздық туғызады, олай болса, партияның нұсқауларына қайшы келеді.

Партия конференцияларында кадрларды іріктеу, жұмысқа орналастыру және тәрбиелеу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінді. Облыстық және аудандық партия комитеттері МТС-терді, колхоздарды іс білетін, практикалық қызметте тексерілген адамдармен нығайту жөнінде едәуір жұмыс істеді. Қалалар мен аудан орталықтарынан совхоздарға, МТС-терге, колхоздарға тұрақты жұмысқа көптеген мамандар және ауыл шаруашылығын жақсы білетін тәжірибелі қызметкерлер жіберілді. Колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды кадрлармен нығайту жұмысын партия ұйымдары келешекте де тоқтаусыз жүргізе беруге тиіс.

Мұнымен бірге аудандық партия комитеттері кадрларды іріктеудің партиялық принципін бұлжытпай орындап, қызметкерлерге олардың практикалық істері бойынша баға беретін болуы керек. Алайда кейбір аудандық партия комитеттерінде бұл талап орындалмайды, белгілі бір қызметкердің іскерлік қасиеттеріне тек анкет мәліметтер бойынша баға беріледі. Қызметкерлерді жерлестік, туыскандық және тамыр-таныстық жағынан іріктеп белгілейтін, партияға жат қылықтар әлі толық жойыл-

ған жоқ. Көптеген партия конференцияларында өздерінің бұрынғы жұмысында беделін түсірген, өздеріне тапсырылған жұмысты ақсатқан адамдарды басшылық жұмысқа жоғарлатып қойған фактілер келтірілді. Аудандық партия комитеттерінің жұмысты ақсатқан қызметкерлерді, олардың жұмысты атқара алмайтынын, сол себепті көп ұзамай оларды қызметтен босатуға тура келетінін біле тұра, бір басшылық жұмыстан екінші басшылық жұмысқа ауыстырып қоятыны жөнінде фактілер де көп келтірілді.

Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Қаратас аудандық партия комитеті кадрларды іріктеуде партиялық принциптердің бұзылуына жол береді. Бұл ауданда, өздерінің қызмет дәрежесін жолсыз пайдаланғаны үшін басқа ұйымдардағы қызметтен алынған Мамбеталиев, Абдрахманов, Қылышбаев жауапты партия жұмысына қайта қойылды. Көкпекті аудандық партия конференциясының делегаттары өздерінің сөздерінде аудандық партия комитетінің бірінші секретары Орынбаев жолдастың ауылшаруашылық артелінің уставын бұзған адамдарды, колхоздардағы басшылық жұмыстан қуылған жағымпаздар мен маскүнемдерді жауапты қызметке қоятынын айтты.

Оңтүстік Қазақстан облысының Ильич және Киров аудандық партия комитеттері, Семей облысының Чар, Ақсуат, Жарма, Аягөз аудандық партия комитеттері және республиканың басқа кейбір аудандық партия комитеттері кадрларды іріктеуде елеулі қателерге жол берді. Қазіргі уақытта облыстық, аудандық партия комитеттері кадрлар арасындағы жұмыстың бұл кемшіліктерін жойып, партия, совет, шаруашылық аппаратының барлық буындарын сыннан өткен, адал қызметкерлермен нығайтуға баса көңіл бөлуге тиіс. Әсіресе колхоздарды, МТС-терді, совхоздарды кадрлармен онан әрі нығайтуға ерекше назар аудару қажет.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары мен аудандық партия конференцияларында коммунистер партия аппаратының қызметкерлерін идеологиялық жұмысты және партия-ұйымдастыру жұмысын жолға қоюдағы кемшіліктер үшін орынды сынады. Көптеген селолық бастауыш партия ұйымдарында коммунистердің едәуірі өндірісте емес, кеңселерде жұмыс істейді. Қостанай облысы, Семиозер ауданындағы колхоздардың партия ұйымдарында коммунистердің үштен бір бөлегі ғана фермалар мен бригадаларда жұмыс істейді, ал басқаларының бәрі басшылық және кеңсе жұмысында. Басқа да көптеген колхоздардың партия ұйымдарында коммунистер жұмысқа дұрыс орналастырылмаған, мұның өзі олардың ұйымдастырушылық ролін арттыруға бөгет жасайды.

Есеп беру-сайлау жыйналыстары мен аудандық партия конференцияларының нәтижесінде көптеген жаңа қызметкерлер партия және совет ұйымдарының басшылығына келді. СОКП Орталық Комитеті даярлығы және тәжірибесі бар көптеген қызметкерлерді республиканың партия және совет органдарын нығайту үшін жіберді. Бұл кадрларға қамқорлық жасап, олардың жұмысындағы кемшіліктерді мезгілінде байқау және жойып отыру, олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауына көмектесу, іскер қызметкерлерді мезгілінде анықтап, олардың бір орында, бір дәрежеде тұрып қалуына жол бермеу, оларды неғұрлым жауапты орындарға жоғарлатып отыру — облыстық партия комитеттерінің маңызды міндеті.

Партия басшылығының әдістерін үнемі жетілдіре отырып, облыстық және аудандық партия комитеттері барлық совет, шаруашылық және қоғам ұйымдарының бұқарамен тығыз байланысты болуын, партия мен үкіметтің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, еңбекшілердің тұрмысын жақсартып, мәдениет дәрежесін арттыру туралы директиваларын жүзеге асыру жолындағы жұмысты олардың мақсатқа лайықты етіп мінсіз атқаруын қамтамасыз етуге тиіс.

Колхозды деревнядағы көпшілік-саясат жұмысы

Д. БЕРЛИН,

*Қостанай облысы, Қазақстан КП Таран аудандық
комитетінің секретары*

Советтік деревня даңқты күндерді өткізуде. СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының шешімдері Отанымыздың ауыл шаруашылығы алдына астық өндіруді едәуір арттырып, мал шаруашылығын өркендету, сөйтіп халықтың тамақ өнімдеріне деген қажетін толық қамтамасыз етіп, өнеркәсіпке керекті мөлшерде шикізат беру міндетін қойды.

Январь Пленумының шешімдері Қостанай облысы, Таран ауданының колхозшылары, механизаторлары, ауыл шаруашылығының мамандары арасында зор еңбек өрлеуін туғызды. Еңбекшілер партияның шақыруын күшті жігермен қарсы алып, ауылшаруашылық өндірісін онан әрі өркендетудің ортақ ісіне өздерінің үлесін қосуға ұмтылуда.

Таран ауданында көп тың жерлер меңгерілуде. 1954 жылы бұл аудан бітік егінді мезгілінде ысырапсыз жыйнады. Егіс көлемінің ұлғайтуы нәтижесінде аудан мемлекетке астықты 1953 жылғыдан 2 миллион пұт көп тапсырды және сатты. Ал 1955 жылы біздің ауданымызда егіс көлемі екі еседен аса ұлғайтылады. Қолхоздар мен совхоздарда 130 мың гектардан астам тың және тыңайған жер жыртылады. Сонда астықтың өндірілуі үш есе артуға тиіс. Мұның үшін егіннен мол өнім алу жолында қажырлы күрес жүргізу керек болады. Ауданда жана астық совхоздары құрылуда. Мал шаруашылығы саласында да күрделі жұмыстар жүргізіледі.

Еңбекшілердің алдында тұрған зор шаруашылық міндеттері көпшілік-саясат жұмысын онан сайын күшейту мәселесін толығынан алға қойып отыр. Таран ауданына, тың және тыңайған жерлерді игеруге еліміздің тұс-тұсынан көптеген совет патриоттары келді. Бұған байланысты селодағы мәдени-ағарту мекемелерін көбейтіп, мәдениет-көпшілік жұмысын жақсарту керек болды.

1954 жылғы октябрьде Таран ауданының еңбекшілері Молотов атындағы алдыңғы қатарлы ауылшаруашылық артелі колхозшыларының бастауымен, селодағы мәдениет ошақтарының жұмысын жақсартуды көздейтін социалистік жарыс ұйымдастыруға ұйғарып, маңызды міндеттемелер алды.

Бірақ үндеу жазып, міндеттемелер алу — істің бастамасы ғана. Негізгі міндет — қажырлылықпен тыңғылықты ұйымдастыру жұмысын жүргізіп, бұл міндеттемелердің сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуде.

Таран аудандық партия комитеті 1954 жылғы 13 октябрьде «Ауданның колхозшыларының, МТС және совхоз жұмысшыларының, интеллигенциясының Қазақстан еңбекшілеріне арнаған үндеуінде алған міндеттемелерін орындау шаралары туралы» арнаулы қаулы қабылдады. Бұл қаулыда міндеттемелерді жүзеге асырудың бірсыпра шаралары белгіленді, колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшыларына көмектесетін жауапты адамдар бекітілді. Аудан орталығында партия ұйымдары, жергілікті Советтер, колхоздар, МТС-тер және совхоздар басшыларының қатысуымен кең кеңес өткізілді. Оның үстіне мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің екі апталық семинары өткізілді.

Селодағы көпшілік-саясат жұмысын күшейтуді көздейтін бұл зор маңызды істің еш уақытта науқан деп түсінілмей, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуді көздейтін ортақ міндетті орындаудағы қажетті күнбе-күнгі жұмыс деп ұғынылуына аудандық партия комитеті тиісті шаралар қолдануда.

1955 жылғы январьда аудандық партия комитетінің пленумы селодағы мәдениет ошақтарының жұмысын жақсарту туралы мәселені қарады. Пленумның шешімінде аудандағы көпшілік-саясат жұмысын онан әрі күшейте беру керек екені көрсетілді. Бұл шешім ауданның барлық партия ұйымдарының ашық жыйналыстарында талқыланды.

Ауданның партия ұйымы өзінің селодағы көпшілік жұмыс мәселелеріне күнбе-күн көңіл бөліп отыруы арқасында бұл салада едәуір табыстарға жетті. Мәселен, «Донбасс» колхозында клуб пен кітапхана үйлері, Аманқарағай совхозында үйірмелер жұмыс істейтін бөлмелері бар клуб үйі 1954 жылдың өзінде салынып бітті. Жамбыл атындағы колхозда электр станциясы мерзімінен бұрын салынып іске қосылды. «Ақтөбе» колхозында жана радио торабы мен электр станциясы жұмыс істей бастады. Жамбыл атындағы, «Знамя Советов» колхоздарында қызыл бұрыш, «Степной крестьянин», Карл Маркс атындағы, «Красная заря» колхоздарында, Аманқарағай және Таран совхоздарында кітапхана үйлері салынды. Евгенийевка, Покровка поселкаларындағы клубтар күрделі жөнделді. Куйбышев атындағы, Ленин атындағы, «Новый луч», Киров атындағы және басқа колхоздарда кітапханалар жабдықталды.

Клубтар, қызыл бұрыштар, кітапханалар үшін пианинолар, баяндар, гармондар, патефондар, радиоқабылдағыштар, көптеген музыка аспаптары, мебель және басқа керек-жарақтар сатып алынды. Колхоздар кітапханаларды толықтыруға едәуір қаржы бөлді.

Таяудағы жылдың ішінде мұнан да зор жұмыстар істеледі. Таран ауданы жаппай радиоландырылады. Жанадан отызға жуық кітапханалар ашылады, 15 клуб, 2 стадион салынады, әрбір колхозда спорт алаңы жасалады. Барлық селоларда көркемөнерпаздар үйірмелері құрылады.

Әртүрлі тақырыпта лекциялар өткізуге көп көңіл бөлінеді. Мысалы, аудандағы Мәдениет үйінде киносеанстардың басталуы алдынан лекциялар оқылады. 1953 — 1954 жылы аудандық Мәдениет үйі мен Октябрь орта мектебінде балалардың ата-аналарына арналған лекторийлер жұмыс істеді, онда айына екі рет коммунистік тәрбие мәселелері бойынша лекциялар оқылып тұрды. Барлығы отызға жуық лекция оқылды. Қазіргі уақытта ауданның бірсыпыра мектептерінде (Викторовка, Павловка мектептері және т. б.) балалардың ата-аналарына арналған лекторийлер жұмыс істейді. Аудандық Мәдениет үйі жанында комсомол-жастар лекторийі жұмыс істейді. МТС-тер жанында лекторлар топтары қызмет атқарады. Мәселен, Тобыл МТС-нің Ревунов жолдас басқаратын лекторлар тобының жұмысына ауыл шаруашылығының мамандары, орта мектептердің мұғалімдері қатысады. Бұл лекторлар тобы жапсарлас колхоздардың бәрінде үнемі лекциялар өткізеді.

Таран аудандық партия комитеті жапындағы лекторлар тобы тәжірибелі лекторлармен толықтырылды. Лекциялар оқуға аудандық партия комитетінің Виктор МТС жөніндегі секретары Слесарчук, Елизавет орта мектебінің директоры Рудниченко, Тобыл МТС-ы партия бюросының секретары Преймаков және басқа жолдастар белсеніп қатысады. Павловка МТС-ы, Аманқарағай совхозы және аудандық партия комитетінің кітапханасы жанында маркстік-лениндік теорияны үйренушілерге көмектесетін тұрақты лекторийлер ашылды.

Лекцияларды өткізгенде, сол сыяқты селодағы бүкіл мәдени-ағарту жұмысын жүргізгенде біз өзіміздің интеллигенциямызға — дәрігерлерге, педагогтерге, агрономдарға және басқаларына сүйенеміз. Мұны көрсету

үшін мынадай бір фактыны келтірудің өзі жеткілікті: саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының аудандық бөлімінің 50 мүшесінің үштен екі бөлегі — селолық мектептердің мұғалімдері. Олар лектор, насихатшы, әңгіме өткізуші, көркемөнерпаздар жұмысын ұйымдастырушы болып қызмет атқарады. Мәселен, «Знамя Советов» колхозында мұғалім Жевак жолдас атеистік тақырыптарда лекциялар оқыды. «Степной крестьянин» колхозында жергілікті мектептің мұғалімі Клюдт жолдас жиі-жиі лекция оқып тұрады.

Аудандық денсаулық сақтау бөлімінің қызметкері фельдшер Харин, эпидемиология станциясының меңгерушісі Горшков, әйелдер және балалар консультациясының меңгерушісі Гаар, Новоильинская жетіжылдық мектебінің директоры Губарев, Октябрь орта мектебінің мұғалімдері Коврижных, Суржко, Викторовка орта мектебінің мұғалімдері Ким, Донскова, Ли және басқа көптеген жолдастар да мәдени-ағарту жұмысына белсеніп қатысуда.

Көпшілік-саясат жұмысын жақсарту үшін күресе отырып, партия ұйымы СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының мына нұсқауын орындауды өзіне міндет етіп алға қояды: деревнядағы коммунистердің, комсомолецтердің, мәдени-ағарту қызметкерлерінің бүкіл қызметі «адамдарды жұмысты неғұрлым жақсы істеуге ұмтылдыруға, олардың творчестволық инициативасы мен белсенділігін күшейтуге, еңбектің ұйымдастырылуын онан әрі жақсартуға, еңбек тәртібін нығайтуға, белгіленген жоспарларды орындау жолындағы социалистік жарысты кең өрістетуге көмектесетін болуы керек».

Егін егу және егін жыйнау кезінде біз бүкіл көпшілік-мәдениет жұмысын егіннің тағдыры шешілетін жерлердің өзінде ұйымдастырып жүргізуге тырыстық. Лекторлар топтары бригадалар мен егін қостарында ауылшаруашылық, қоғамдық-саяси, ғылыми-атеистік тақырыптарда 216 лекция оқыды.

Егін жұмыстары маусымында колхозшыларға, МТС және совхоз жұмысшыларына арнап 2 мыңнан астам киносеанс берілді. Трактор және егін бригадаларында көшпелі кітапханалар ұйымдастырылды. Бригадаларда күнсайын әңгімелер өткізіліп, газет-журналдар оқылып тұрды. Жауынгерлік листоктар, қабырға газеттері шығарылып тұрды. Павловка және Тобыл МТС-терінің кейбір трактор бригадаларында колхозшылар мен механизаторларға ойын көрсететін көркемөнерпаздар үйірмелері құрылды.

Өткен жылдың жазында егін жыйнау маусымында ауданда көркемөнерпаздардың 29 үйірмесі жұмыс істеді. Олар егін және трактор бригадаларында өнерлерін көрсетті. Егін қостарында сегіз үгіт-мәдениет бригадасы жұмыс істеді. Мысалы, Новоильинская жетіжылдық мектебінің мәдениет бригадасы Киров атындағы, Молотов атындағы колхоздардың егін қостарында жұмыс жүргізді. Тобыл станциясының 91-інші теміржол мектебі «Красная заря» колхозын шефке алып, егін қостарына төрт дүркін өнерпаздар топтарын жіберді. Мектеп оқушылары колхозға кішкене кітапхананы сифа тартты. Аудандық Мәдениет үйінің мәдениет бригадасы жаздықүні бүкіл ауданның колхоздарына қызмет етіп, он шалғай түпкірлерде 100 концерт берді.

Аудандық Мәдениет үйі жанында өнерпаздық жұмыс кең өрістетілді. Оған 100 ден астам колхозшылар, механизаторлар, ауыл шаруашылығының мамандары, селолық интеллигенция қатысады. Мұнда драма, хор, би, ән, музыка үйірмелері жұмыс істейді. Аудандық Мәдениет үйі көркемөнерпаздар үйірмелерінің жетекшілеріне нұсқау беріп, колхоз клубтарына зор көмек көрсетіп отырады. Ауданда оқтын-оқтын көркемөнерпаздар коллективтерінің байқаулары өткізіліп тұрады.

Облыстық драма театры аудандық Мәдениет үйін шефке алып, оған едәуір көмек көрсетуде. Осы жылғы январьда біздің ауданда болған Москваның Үлкен және Кіші театрларының артистері де өнерпаздар үйірмелеріне өздерінің әртүрлі кеңесімен зор көмек көрсетті. Жүреп алдынан олар барлығы 15 мың сомдық бір комплект костюмдер, грим, париктерді Кіші театр атынан Мәдениет үйіне сиға тартты.

Мәдениет-көпшілік жұмысының ең маңызды құралдарының бірі — кино. Алайда біз халықтың бұл саладағы тілектерін әлі де толық қанағаттандыра алмай келеміз. Ауданда небәрі 5 көшпелі кино, 2 тұрақты кино жұмыс істейді. Мысалы, Викторовка МТС-і аймағындағы бір көшпелі кино 17 елді пунктке қызмет етуге тиіс. Мұндай жағдайда кинофильмдерді азды-көпті жиі көрсетуге мүмкіндік болмайтыны түсінікті. 1955 жылы бұл жұмыс біраз жақсартылады, өйткені біз аудан үшін тағы да бірнеше көшпелі кино аламыз.

Ауданда көпшілік-саясат жұмысын өрістетуде кейбір табыстарға қол жетті, бірақ бұл салада әлі де елеулі кемшіліктер бар. Халыққа арналған лекциялар мен баяндамалар әлі де жеткіліксіз оқылады. Еңбекшілерге кинофильмдер көрсетуді жақсарту керек, клубтар мен кітапханалардың жұмысындағы олқылықтарды жойып, барлық мәдениет ошақтарында көркемөнершілер жұмысын күшейту керек.

Тарап ауданы алдына шаруашылық саласында зор міндеттер қойылып отыр. Селодағы көпшілік-саясат жұмысын жақсартып отырып, біз ауданның еңбекшілерін ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету міндеттерін орындауға жұмылдыру ісіне маңызды үлес қосамыз.

Совхоз әкімшілігінің жұмысын бақылау правосы

Н. ЧАЛОВ,

*Солтүстік Қазақстан облысы, Октябрь ауданы,
«Интернациональный» совхозы партия ұйымының секретары*

Бастауыш партия ұйымдары — Коммунистік партияның негізі, оның саясатын, оның шешімдерін кәсіпорындарда, мекемелерде, құрылыстарда, колхоздарда және совхоздарда тікелей жүзеге асырушылар. Партия бастауыш партия ұйымдарына зор міндеттер жүктейді, бұл ұйымдардың бұқара арасында өздерінің саяси және ұйымдастыру жұмысын үнемі жақсартып, партияның шаруашылыққа басшылық ету әдістерін жетілдіре беруіне қамқорлық жасап отырады.

«Интернациональный» совхозы 1954 жылғы көктемде Солтүстік Қазақстанның игерілмеген жерлерінде құрылды. Оның құрылуының алғашқы күндерінен бастап біздің алдымызға: коллективті берік топтастыру, ұйымшылдығы күшті партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдарын құру, коммунистерді өндірістің шешуші участоктеріне дұрыс орналастыру міндеті қойылды.

Бізде коммунистер ең маңызды участоктерде жұмыс істейді, совхоздың барлық жұмысшыларымен бірге еңбек етеді. Совхоз партия ұйымының 27 мүшесінен 14 адам тракторшы, тіркеу сайманшы, 2 адам тракторегін бригадаларының бригадирлері болып жұмыс істейді, 4 адам жөндеу-механика мастерскойында жұмыс істейді. Барлық коммунистер совхоз тұрмысының нақ ортасында болып, істің жәйін өз көздерімен көріп отырады. Мұндай коллективтік бақылау жұмысты жолға қоюға көп көмектеседі.

Совхоздың коллективі өткен жылы 18,5 мың гектар тың және тыңайған жер игерді. Коммунистер өндіріс жоспарларын толық және асыра орындау жарысының алдында келеді. Мысалы, коммунист Шатов жолдас басқаратын трактор бригадасы жана жерлерді жырту жоспарын екі есе асырып орындады. Тың жерлерді игерудің алғашқы жылында-ақ біз дәнді дақылдардан гектарына 100 — 120 пұттан өнім алып, өзімізді тұқыммен қамтамасыз еттік.

Біздің құрылысшыларымыз да едәуір табыстарға жетті. Қажетті материалдар мен аспаптардың жеткіліксіз болуына қарамастан, коммунистер Панферов және Хорошилов жолдастар басқаратын құрылыс бригадалары өндірістік тапсырмаларды күнсайын асыра орындап келді. Құрылысшылардың еңбегі сүйсінерлік нәтиже берді — совхоздың барлық жұмысшылары мен қызметшілері кәзір жақсы жабдықталған пәтерлерде тұрады, әрбір үйде радио, электр жарығы бар.

Партия ұйымының совхоз істеріне әсер етіп, әкімшіліктің шаруашылық жұмысын бақылап отыруы совхоз коллективінің бұл алғашқы табыстарға жетуіне едәуір көмектесті.

СОКП Уставы бойынша өздеріне берілген, әкімшіліктің жұмысын бақылау правосын толық пайдалану үшін партия ұйымдары өндірістің қажетін және жұмысын күнбе-күн зерттеп, шаруашылық мәселелерін талқылап отыруға тиіс. Алайда, тәжірибенің көрсеткеніндей, партия ұйымдары кейде шаруашылық мәселелерін шеберлікпен дұрыс шеше білмейді. Неғұрлым көп кездесетін кемшілік мынадай: партия ұйымдары өндіріс мәселелерін шешуге көп уақытта бір жақты қарайды, мұның нә-

тижесінде партия жыйналысы қабылдаған шешімдердің кейде совхоз тресі немесе министрліктің басшыларының совхоз директорына беретін бұйрықтарынан айырмашылығы аз болады. Мұндай шешімдердің пайдасы аз екені түсінікті. Ал егер партия ұйымы үстірт нұсқау берумен қанағаттанбай, қабылданған шешімді жүзеге асыруға барлық коммунистерді қатыстырып отырса, мұның нәтижесі көп ұзамай көрінеді.

Бірнеше мысал келтірейік. Совхозда егін жыйнау кезінде егін басында бірнеше жабық қырман жасау керек болды. Бұл мәселені партия жыйналысында талқылап, «совхоздың директорына, астық сақтау үшін 1000 тонна сыятын жабық қырындар жасалуын қамтамасыз етуді» міндеттеді және мұны орындаудың мерзімін көрсеттік. Бірақ мұнымен іс алға баспады, өйткені партия жыйналысы мұндай маңызды мәселені шешуге ат үсті қарады, жоғарғы ұйымдардың басшыларының жұмысына араласты. Тек партия ұйымы бұл мәселеге қайтып оралып, барлық коммунистерді, механизаторларды, үй шаруасындағы әйелдерді құрылысқа жұмылдырғаннан кейін ғана, жабық қырындар жасау ойдағыдай аяқталды.

Тағы бір мысал. Тың және тыңайған жерлерді онан әрі игеру туралы мәселе партия жыйналыстарында бірнеше рет алға қойылды. Үстірт қарағанда істің жәйі ойдағыдай сыяқты көрінді, шешімдер қабылданып, протоколға жазылды, бірақ онан әрі бармады, өйткені совхоздың бас агрономы Нечипоренко жолдас әрдайым енді егіске жарамды жер жоқ деп, партия ұйымын сендіріп келді. Тек совхоздың коммунистері аудандық партия комитетінің совхоз жөніндегі секретары Мальцев жолдаспен бірге өздері шығып, 1500 гектардан астам егіске жарамды жерлерді тапқаннан кейін ғана партия жыйналысының шешімі орындалды.

Өткен жылдың күзінде совхозда өндірістік және мәдени-ағарту орындарының үйлерін салу жұмысының жәйі нашар болды. Жөндеу мастерскойлары, асхана, клуб, овощь қоймасы болмады. Құрылыс туралы мәселе партия ұйымының ашық жыйналысында талқыланды. Барлық коммунистер құрылыс бригадалары мен құрылыс орындарына бекітілді. Мұның өзі бірден-ақ тыңғылықты нәтиже берді.

Бұл мысалдардың бәрі партия ұйымының совхоз әкімшілік жұмысын бақылау правосының, ұсыныстар жасап, сынап қана қоймай, мұнымен бірге бұқара арасында түсінік және ұйымдастыру жұмысын жүргізуді міндеттейтінін көрсетеді. Партия ұйымы қандайда болсын өндіріс мәселесімен шұғылданған сайын, ол мұнымен бірге өзі жүзеге асыруға тиісті шараларды белгілейді.

Шаруашылық мәселелерін коммунистермен, сол сыяқты партияда жоқтармен бірге кеңінен талқылау, социалистік жарысты өрістету, түсінік жұмысын жақсарту жолымен партия ұйымы совхозды өркендету күресіне қызметкерлердің бүкіл коллективін қатыстырады. Мұнда біз өндірістің рентабельділігі үшін және өнімнің түсер құнын кеміту үшін күресуге ерекше көңіл бөлеміз.

Құрылуынан кейінгі алғашқы жылдың өзінде-ақ совхоз әрбір центнер астықтың түсер құнын жоспардағыдан кемітіп, оның үстіне пайда келтірді. Алайда біз дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру мүмкіндіктерін әлі де толық пайдаланған жоқпыз. Ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы неғұрлым жоғары болса, өнімнің әрбір өлшеміне жұмсалатын шығын солғұрлым аз болатыны, шаруашылықтың табысы солғұрлым көп болатыны мәлім.

Дәнді дақылдардың шығымдылығын арттыру шаруашылықтың түсіретін пайдасының көбеюін, өнімнің түсер құнының кемуін қамтамасыз етеді. Мұнымен бірге партия ұйымы еңбек өнімділігін онан әрі арттыруға, жұмыстың сапасын жақсартуға, жанар май мен жағар майды үнемдеуге, техниканы толық және дұрыс пайдалануға тырысады.

Көктемгі егіске әзірлене отырып, механизаторлар өткен жылғы көктемгі егіс жұмыстарын жүргізудің тәжірибесін есепке алуда. Бүкіл техника егіс жұмыстарына кәзірдің өзінде толық әзірленді, тракторларға жанармай тікелей боразданың үстінде құйылады. Түнде жұмыс істеу үшін тракторларға және егіс агрегаттарына электр жарығы орнатылды.

Әкімшіліктің жұмысын бақылай отырып, партия ұйымы совхоздың басшыларынан өздерінің адамдарға қамқорлық жасау міндетін ешқашан ұмытпауды талап етеді. Бұл қамқорлық әсіресе егіс жұмыстары маусымында, механизаторлар мен егіншілер совхоздың орталық усадьбасынан алыс жерлерде болатын кезде өте қажет. Трактор бригадалары тұратын далалық вагон-қостарды күні бұрын әзірлеп, механизаторлардың мәдениетті және денсаулыққа қолайлы демалуын қамтамасыз ету керек. Мұнымен бірге егіс жұмыстары маусымында үгіт жұмысын күшейтудің маңызы зор.

Біздің үгітшілеріміз совхоз жұмысшыларына халықаралық және ішкі тұрмыстың күнбе-күнгі оқиғаларын, партия мен үкіметтің шешімдерін түсіндіріп қана қоймай, совхоздың, социалистік жарыс озаттарының істерін де айтып береді. Алайда үгітшілер кемшіліктерді әлі де аз ашатынын, совхоздың жеке жұмысшылары мен қызметшілерінің жұмысты нашар атқаруын сөз қылмайтынын көрсету қажет. Амал не, жұмысты немқұрайды істеп, мемлекеттен көбірек алуға, оған азырақ беруге тырысатындардың қатарында коммунистер де кездеседі. Партия ұйымының беделіне сүйеніп, олар өздеріне артықша жағдай жасалуын талап етеді. Коммунист Богаткин жолдас ағаш ұстасы болып жұмыс істейді, ол тек ақысы көп, «тиімді» жұмыстарды ғана орындауға тырысады. Тракторшы коммунист Боропай жолдас, өзімің мамандығыма жатпайды деген сылтаумен, ауылшаруашылық саймандарын жөндеуге қатысудан бас тартты. Әрине, жұмысты нашар істейтін коммунистер некен-саяқ. Дегенмен, барлық коммунистердің өндірісте авангардтық роль атқарып, партияда жоқ бұқараға жетекші болуына ұмтылу керек.

Совхоздың коллективі СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру туралы» қаулысын аса қанағаттанғандық сезіммен қарсы алды. Пленумның материалдарын үйренуді ұйымдастыра отырып, партия ұйымы астық өндіруді онан әрі арттыру және өнімнің түсер құнын кеміту ісінде біздің совхозымыздың алдында тұрған нақтылы міндеттерге толық көңіл бөлуде.

Көктемде біз тың және тыңайған жерлерді онан әрі кең көлемде игеруге тиістіміз. Бидай, тары, жүгері егістерінің көлемі едәуір ұлғайтылады. Шаруашылықтың табысын арттыру үшін өндірістің тек негізгі салаларына қамқорлық жасаумен іс бітпейтінін тәжірибе көрсетіп келеді. Сондықтан біз дәнді дақылдардың егіс көлемін ұлғайтумен қатар, шаруашылықтың көмекші салаларын да күшейтеміз. Партия ұйымының ұсынысы бойынша быйылғы көктемде оның дақылдарын өсіру ұйымдастырылады, товарлы-сүт фермасы және шошқа фермасы үлкейтіледі, құс фермасы құрылады.

Партия басшылығының әдістерін жетілдіру партия ұйымының күштерін бұқара арасындағы нақтылы ұйымдастыру және саяси жұмысқа жұмылдыруды, совхоздың жұмысына іске жетіктікпен, нақтылы көмек көрсетуді, кадрларды қатаң мемлекеттік тәртіп, тапсырылған іске күшті жауаптылық рухында тәрбиелеуді көздейді.

Уставтың талабын орындап, әкімшілік жұмысын бақылау правосын жүзеге асыра отырып, партия ұйымы басшылықты жақсартуға, коммунистердің өндірістегі істерге жауаптылығын күшейтуге, совхоз экономикасының онан әрі нығаюын қамтамасыз етуге ұмтылуда.

Совет халқының әл-ауқатының өсуі

Еңбекшілердің тамақ өнімдерімен, киім-кешекпен, тұрғын үймен, мәдени жабдықтармен қамтамасыз болуын үздіксіз арттыра беру, халықтың білімін арттырып, денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау—Коммунистік партияның негізгі міндеті; бұл міндет социализмнің негізгі экономикалық заңының талаптарынан туады. Ә. Мұхтаров пен И. Чумактың «Халықтың игілігіне қамқорлық—Совет Одағы Коммунистік партиясының ең жоғарғы заңы»* деген кітапшасы осы мәселелерді баяндауға арналған.

Халықтың игілігіне, оның тұрмысын үнемі жақсарту беруге қамқорлық—Коммунистік партия мен Совет үкіметінің неше алуан қызметінің ең жоғарғы мақсаты дейтін пікір кітапшаның ең бойына арқауы болып отырған. Партияның барлық жұмысы халық мүдделерін өтеуге бағытталады, партияның бүкіл жұмысы—халыққа шын беріліп қызмет етудің үлгісі.

ССРО-да ұлттық табыстың үздіксіз өсуі совет халқының әл-ауқатының күннен күнге арта беруінің аса маңызды белгісі болып табылатынын авторлар дұрыс көрсетеді. Мысалы, ССРО-да ұлттық табыс 1952 жылдың өзінде патшалы Россияның ұлттық табысынан 12 есе артты, ал 1953 жылы 1952 жылғыдан 8 процент өсті. Қанаушылар ұлттық табыстан 50—60 процент үлес алатын капиталистік елдердегіден өзгеше Совет Одағында бүкіл ұлттық табыс еңбекшілердікі. ССРО-да ұлттық табыстың, шамамен айтқанда, төрттен үш бөлегі еңбекшілердің өздерінің материалдық және мәдени керектерін өтеуге, ал қалған бір бөлегі социалистік өндірісті ұлғайтуға және басқа қоғамдық қажеттерге жұмсалады.

Совет Одағында еңбекшілердің әл-ауқатының артып, тұрмысының жақсаруы жұмысшылар мен қызметшілердің ақшалай жалақысының, шаруалардың ақшалай және заттай табысының өсуінен, халық тұтынатын товарлар бағасының үнемі кемітілуінен, еңбекшілердің әлеуметтік-мәдени қажетін өтеуге (халық-ағарту жұмысына, денсаулық сақ-

тауға, тұрғын үйлер салуға және басқаларына) жұмсалатын мемлекет қаржысының үздіксіз көбейтілуінен көрініп отырады.

ССРО еңбекшілерінің әл-ауқатының артуы кітапшанда көптеген мысалдар бойынша сипатталады. Бұл мысалдардың бірсыпырасы Қазақстанның тұрмысынан алынған.

Совет халқының табыстарын, өздерінің келешегін, жұмыссыздыққа және қайыршылыққа ұшырауынан үнемі қорқып отыратын, мұқтаждықта өмір сүретін капиталистік елдер еңбекшілерінің тұрмысымен салыстыру авторларға социализмнің капитализмнен үздік артықшылығын айқын көрсетуге мүмкіндік берген. Мұнымен бірге, біздің пікірімізше, совет елінде жұмыссыздықтың көптеп жойылғанын, дүние жүзіндегі ең қысқа жұмыс күнінің енгізілгенін, мұның өзі еліміздің еңбекшілері тұрмысының жақсаруының аса маңызды белгісі болып табылатынын көрсету қажет еді.

Кітапшаның жартысына жуығы Коммунистік партияның ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуге және халық тұтынатын заттар өндіруді арттыруға бағытталған шараларын көрсетуге арналған. Тың және тынайған жерлерді игеру мәселелері, Қазақстанның бұл аса маңызды мемлекеттік істегі ролі неғұрлым кеңірек баяндалады.

Авторлар совет халқының әл-ауқатын арттырудағы қол жеткен табыстар партияның саясатын бұлжытпай жүзеге асыру нәтижесінде қамтамасыз етілгенін, ауыр өнеркәсіп социалистік халық шаруашылығын өркендетудің негізі болып табылатынын көрсетеді. Алайда бұл дұрыс тезис тиісінше айқын және толық ашылмаған.

Кітапшаның басында «партия совет халқы алдына халық шаруашылығы саласында аса маңызды міндет—ауыр индустрияны келешекте де өркендете отырып, ауыл шаруашылығының барлық салаларын шұғыл өрге бастыру, сөйтін екі-үш жылдың ішінде еліміздің бүкіл халқының азық-түлік және өнеркәсіп товарларымен, ал жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шикізатпен қамтамасыз етілуін мықтап арттыру міндетін қойғанын» көрсете тұрсада, Ә. Мұхтаров пен И. Чумак, кәзірде де және келешекте де партиямыздың бүкіл шаруашылық саясатының негізі болып табылатын ауыр өнеркәсіпті бәсе өркендетудің

* Ә. Мұхтаров, И. Чумак. «Халықтың игілігіне қамқорлық—Совет Одағы Коммунистік партиясының ең жоғарғы заңы». Қазақ мемлекеттік баспасы. Алматы. 1954.

объективтік қажеттігін атап айтуды қажет деп таппаған. Бұл кітапшаның кейінгі бөлімдерінде де көрсетілмейді.

Тақырыпты оған әрі баяндаудың барысында партияның ауыр өнеркәсіпті баса өркендету саласындағы саясаты тек өткендегі уақыттан алып көрсетілді. Мысалы, 35-бетте былай делінген: «Партия мен үкімет, социалистік экономиканың түпкі негізі болып табылатын ауыр өнеркәсіпті тездетіп өркендету саясатын жүргізді» (сөздің астын сызған мен. А. Ч.). Мұнан әрі де осындай рухта жазылған.

Ал, дұрысында, социалистік қоғам орнату дәуірінде де және кәзір, социализммен коммунизмге бірте-бірте оту дәуірінде де, партия мен үкімет өндіріс құрал-жабдықтары өндірісін баса күшейту туралы, ауыр индустрияның шешуші ролі туралы маркстік-лениндік ілімді басшылыққа ала отырып, өнеркәсіптің басқа салаларымен салыстырғанда, ауыр индустрияны шапшаң, басым қарқынмен дамыту саясатын жүргізіп келгені және жүргізіп отырғаны мәлім. Мысалы, егер 1954 жылы ССРО өнеркәсібінің жалпы өнімі соғысқа дейінгіден 2,8 есе өссе, ауыр өнеркәсіптің өнімі бұл уақыттың ішінде 3,4 есе өсті. Өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің оза өсуі, капитализм тұсында ғана емес, социализм тұсында да күшінде болатын ұлғаймалы ұдайы өндірістің экономикалық заңы, партиямыздың сара жолы болып табылады.

Авторлар басқа да сондай көмескі және теріс тұжырымдарға жол береді. Мәселен, 14-бетте олар «товарлардың бағалары мен олардың түсер құны арасындағы айырма — социалистік мемлекеттің табысы» дегенді айтып кателеседі. Біріншіден, Ә. Мұхтаров пен И. Чумактың қандай бағаларды айтып отырғаны айқын емес. Егер өнеркәсіптегі бағалар туралы сөз болып отырса, онда өнеркәсіптегі бағаның екі негізгі түрі — фабрик-заводтық баға (немесе кәсіпорынның бағасы деп аталатын баға) және өнеркәсіптің өткізу бағасы болатыны мәлім. Мұның ішінде фабрик-заводтық баға өнімнің жоспарлы түсер құнына және оған қоса кәсіпорынның таза табысына бара-бар, ал өнеркәсіптің өткізу бағасы фабрик-заводтық бағаны және мемлекеттің орталықтанған таза табысының «айналым салығы» түрінде түсетін бөлегін қамтыйды. Ал егер сауда бағалары туралы сөз болып отырса, онда өткізу және сату бағалары болады. Сауда ұйымдарына (магазиндерге, дүкендерге) товарлар өткізу бағалары бойынша түсіп, халыққа сату бағалары бойынша сатылады. Бұл екеуінің арасындағы айырма — сауданың үстеме бағасы. Мұның есебінен сауда ұйымдарының сауда шығындары өтеледі және таза табыс құралады.

Екіншіден, социализмнің саяси экономиясының үйретуінше, мемлекеттің орталықтанған таза табысы қоғам үшін еңбекпен жасалған өнімнің бір бөлігі

болып табылады. Өнімнің бұл бөлігі, кітапшада көрсетілгеніндей «товарлардың бағалары мен олардың түсер құны арасындағы айырма» болмай, кәсіпорындардан алынып, ақша түрінде мемлекеттің қолына жыйналады, мемлекет оны жалпы халықтың қажеттеріне пайдаланады.

Бірсыра реттерде авторлар мәліметтер келтіргенде, оның қандай уақытқа жататынын көрсетпейді. Мұны дәлелдеу үшін мынадай сөйлемді келтіруге болады: «Қазақстанда машина-трактор станциялары барлық дәнді және бұршақ тұқымдас дақылдардың 96 процентін екті және жыйнады». Мұндай сөйлемдер кітапшаның көптеген беттерінде кездеседі.

Кітапшаны жазғанда ССРО еңбекшілерінің әл-ауқатының артуын сипаттайтын, неғұрлым кейінгі кездегі мәліметтер есепке алынбаған. Мәселен, соғыстан кейінгі дәуірде, 1951 жылдың өзінде, жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы табысы 1940 жылғыдан, шамамен айтқанда, 57 процент, ал шаруалардың табысы, шамамен айтқанда, 60 процент өскенін көрсету орынды болатын еді. Сол сыяқты Қазақстанда соғыстан кейінгі дәуірде тұрғын үйлер қорының өсуі туралы мәліметтер келтіру керек еді.

Кітапшаның текстіне қарағанда, ол 1954 жылдың басында жазылған. Оны жариялаудың кешігуі авторлар мен баспаны қолайсыз жағдайға кездестірген. 1955 жылы сатуға шығарылған кітапшада (ол 1954 жылғы 15 декабрьде басуға берілген) 1954 жылдың оқиғалары кәзіргі уақытпен баяндалады, онда енді қалай орындалғаны айтылуға тиісті міндеттер жиі сөз болады. Мысалы, авторлар былай деп жазады: «СОКП Орталық Комитетінің июнь Пленумы... тиісті министрліктер мен партия органдарына жаңа тың және тыңайған жерлерді ауылшаруашылық айналымына үстем қосу туралы ұсыныстарды 1954 жылғы 15 октябрьге үкіметтің қарауына тапсыруды міндеттеді». Дұрысында, тапсырманың қалай орындалғанын айту керек еді, жаңа жерлерді іріктеу жұмысы 1955 жылдың егініне арнап жер жырту жоспарының асыра орындалуын қамтамасыз еткенін көрсету керек еді. Мұнан әрі кітапшада: «қуатты социалистік өнеркәсіп 1954 жылы МТС-тер мен совхоздарға 120 мың трактор (15 аттың күшімен есептегенде) және басқа көптеген ауылшаруашылық машиналарын жіберетіні» айтылған. Ауыл шаруашылығы жаңа техникамен жабдықтау жоспарының мерзімінен бұрын орындалғаны туралы кітапша да бірде-бір сөз жоқ. Мұндай олқылықтар, амал не кітапшада көп кездеседі. Редактордың бұл олқылықтарды мезгілінде байқап, түзетпеуі қынжыларлық.

А. ЧУГАЙ,

экономикалық ғылымдардың кандидаты.

Мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі іске жетіктікпен насихатталсын

СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді онан әрі арттырудың программасын белгіледі. Коммунистік партия мен Совет үкіметі, — делінді Пленумының шешімдерінде — таяудағы жылдардың ішінде мал шаруашылығын өркендетуді халықтың тамақ өсіміне, өнеркәсіптің шикізатқа деген өскелең керектерін қанағаттандыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін дәрежеге жеткізуді өзінің міндеті етіп қойып отыр. Бұл міндетті орындау үшін таяудағы бес-алты жылдың ішінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өндіруді екі-екіжарым есе көбейту қажет.

Социалистік мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесін насихаттап, бұл тәжірибені өндіріске кеңінен енгізу үшін күресуге тиісті біздің баспасөзімізге СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумының шешімдерін орындауда зор міндет жүктеледі. Солай бола тұрсада, СОКП Орталық Комитеті Пленумының атап көрсеткеніндей, «орталық және жергілікті баспалар мал шаруашылығының мәселелеріне арналған плакаттарды, листовкаларды, кітапшаларды және кітаптарды аз шығарады. Газеттер мен журналдарда малшылардың озат тәжірибесі нашар қорытылады, бұл істері кемшіліктер мен олқылықтар өткір сыналмайды».

Партиямыздың Орталық органы — «Правда» газеті «Кітап баспаларының жұмысы жақсартылсын» деген бас мақаласында Қазақстанның баспалары өз республикасының озат малшыларының тәжірибесін нашар қорытатынын өте дұрыс көрсетті. Мұның Қазақ мемлекеттік баспасының жұмысына тікелей қатысы бар. Бұл баспа республикамыздың колхоздары мен совхоздарында мал шаруашылығын өркендетудің тәжірибесін қорытатын әдебиетті әлі өте жеткіліксіз шығарады, ал шығарылған әдебиеттің мазмұнында елеулі кемшіліктер болып отырады және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту ісінде партия мен үкімет алға қойған зор міндеттерге сай келмейді.

Өткен жылы Қазақ мемлекеттік баспасы шығарған, мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі туралы бірнеше кітапшаны алып қарайық. Оның ішінде, біздің пікірімізше, неғұрлым сәтті бо-

лып шыққаны — Жамбыл облысы, Мерке ауданы, Сталин атындағы колхоздың қой фермасының менгерушісі С. Құрманқұловтың «Біздің биязы жүнді қой өсірудегі тәжірибеміз» деген кітапшасы. Автор Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің шаруашылықтың басқа салаларын өркендетумен қатар, Қазақстанның мал шаруашылығының негізгі саласы — қой шаруашылығын өркендетуде едәуір табыстарға жеткенін дәлелдеп көрсеткен. 1940 жылдан 1953 жылға дейін колхозда қойдың сапы 8 950-ден 36 883-ке жетті, яғни төрт еседен аса көбейді. Оның үстіне ауылшаруашылық артелі жылсайын республиканың басқа колхоздарына көптеген тұқымдық қойлар сатып отырады.

Қойдың санының үнемі көбейіп, жүндестігінің артуы жүннің мемлекетке тапсырылуын және сатылуын едәуір ұлғайтуға мүмкіндік тудырды. 1939 жылдан 1953 жылға дейін мемлекетке тапсырылған және сатылған жүн алты есе дерлік көбейді. Мұнымен бірге мемлекетке неғұрлым бағалы биязы жүнді тапсыру және сату едәуір артқанын — 1948 жылы 8 000 килограмм болса, 1953 жылы 26 060 килограммға жеткенін атап көрсету қажет.

Мемлекетке күн тапсырудан және сатудан алынған ақшалай табыс 1939 жылдан 1953 жылға дейін 24 еседен аса көбейіп, 2 153 622 сом болды. Сталин атындағы колхозда қой шаруашылығы ең табысты салаға айналды. Бүкіл мал шаруашылығынан түсетін табыстың 90 проценттен артығы қой шаруашылығынан алынады. Бұл мәліметтер республикамыздың мал шаруашылығының негізгі саласы — қой шаруашылығын өркендетуге зор мүмкіндіктер, резервтер, бар екенін дәлелдейді.

С. Құрманқұлов колхоздың қой фермасы коллективі жүргізіп отырған күрделі жұмысты шебер көрсеткен, мал тұқымын асылдандыруды ұйымдастырудың тәжірибесін, қойды қолдан ұрықтандыруды дұрыс ұйымдастырудың зор маңызын айқын көрсеткен. Кітапшада қой шаруашылығындағы мал тұқымын асылдандыру жұмысының табысты болуы ең алдымен қойларды дұрыс азықтандырып, жақсы күтуге байланысты екені көрсетіледі. С. Құрманқұлов өзі басқаратын ферманың тәжірибесі негізінде, қойды дайындалған жем-шөппен үстеп азықтандыра отырып, жайлым азығын жыл бойына кеңінен пайдалану қой шаруашылығынан неғұрлым арзан өнім өндіруге мүмкіндік беретінін дәлелдейді.

Автор қой қоздатуды егіннің өнімін жыйнаумен орынды теңгеріп, төл алуды ұйымдастырып өткізуге қандай көп көңіл бөлінетінін көрсетеді, өзі басқара-

С. Құрманқұлов, «Біздің биязы жүнді қой өсірудегі тәжірибеміз»; А. Елеманов, В. Виллиус, Т. Мусин. «Әрбір қойдан алты килограмм жүн»; В. Богатырев, «Сталин атындағы колхоздың сүтті мал шаруашылығы»; И. Дорошенко, Д. Глейберзон. «Мал фермаларын механикаландыру». Қазақ мемлекеттік баспасы. Алматы, 1954.

тын ферманың жұмыс тәжірибесінен бағалы кеңестер береді. Бұл ферма қой қыркуға мезгілінде жан-жақты әзірлік жасауға, оны ұйымшылдықпен өткізуге көп көңіл бөледі.

Фермадағы жұмыстың табысты болуын адамдар — қой шаруашылығын жүргізудің техникасын меңгерген шопандар шешетінін, шопандар бригадаларының мамандармен творчестволық ынтмақ жасай отырып, жұмысты жақсы атқаруы колхозға қой шаруашылығының өнімін үнемі көбейте беруге мүмкіндік туғызғанын кітапшаның авторы айқын дәлелдеп көрсетеді.

Амал не, С. Құрманқұловтың кітапшасында колхоз жерінің әртүрлерінің пайдаланылуына экономикалық талдау жасалмайды. Егістік, шабындық және жайлымдық жерлердің әрбір 100 гектарына шаққанда өнімін және ақшадай табыстың қаншадан келетінін көрсету керек еді. Мұның өзі колхоздың өндірістік табыстарына дұрыс баға беріп, ондағы резервтерді толығырақ ашуға мүмкіндік берер еді.

МТС-тің қой шаруашылығын өркендетудегі ролі де көрсетілмеген. Ал дұрысында, МТС қатыспаған жерде колхоз қой шаруашылығын мұндай дәрежеде өркендете алмаған болар еді. Жұмыстағы, әсіресе жем-шөп базасын ыңғайтудағы елеулі кемшіліктер жеткіліксіз сыналады. Ал мұндай кемшіліктерді толық сынау ауыл шаруашылық артеліне ол кемшіліктерді неғұрлым тез жойып, қой шаруашылығын өркендетуде мұнан да жақсы табыстарға жетуге мүмкіндік берер еді.

Мұндай кемшіліктері бола тұрсада, тұтасынан алғанда, С. Құрманқұловтың кітапшасы толық бағалы болып шыққан.

«Әрбір қойдан алты килограмм жүн» деген кітапшада Павлодар облысының Бесқарағай совхозында биязы жүнді қой шаруашылығын өркендетудің бағалы тәжірибесі айтылады. Бұл совхоздың коллективі әрбір қойдан біздің республикамызда ең көп мөлшерде биязы жүн алды.

Кітапшаның авторлары А. Елеманов, В. Виллиус, Т. Мусин совхоздың қой шаруашылығының тарихын толық және іске жетіктікпен баяндайды, меринос қойларын Павлодар облысының қаған ауа райы жағдайына бейімдеп өсіруде совхоз коллективінің ғылыми қызметкерлермен және мамандармен ынтмақтасып жүргізген зор творчестволық жұмысын көрсетеді, қой тұқымын асылдандыру жұмысының әртүрлі әдістеріне сын көзімен талдау жасайды. Қойдың неғұрлым мол өнімді түрлерін жетілдіру, қой өсірудің неғұрлым тынымды әдістерін белгілеу жолындағы көпжылдық зоотехниялық жұмыс кітапшада жақсы көрсетілген. Авторлар совхоз коллективінің төл өсірудегі жұмысына терең талдау жасап, қойды ерте көктемде қоздатудың артықшылығын ашып көрсетеді, ал мұның маңызы зор. Қойды ерте

көктемде қоздату — республикамыздың солтүстік-шығыс және батыс облыстарындағы колхоздар мен совхоздардың жағдайында прогрестік әдіс. Солай бола тұрсада бұл әдіс әлі де шабан енгізілуде.

Дұрыс азықтандырып, жақсы күтудің қойды ұдайы өсіріп көбейте беруге және оның жүндестігін арттыруға қандай әсер ететіні кітапшада дәлелдеп көрсетілген, колхоздың селеулі жайлымдарды пайдаланудағы бағалы тәжірибесі баяндалған. Егер селеулі жайлымдар дұрыс пайдаланылмаса, қой шаруашылығына көп зиян келтіреді. Ал Қазақстанда селеулі жайлымдар көп, бірақ бұлар қой жаюға жеткіліксіз пайдаланылады.

Кітапшада суреттелген, Бесқарағай совхозының қойды қыстыкүні қолда ұстап бағу жағдайында қоздату тәжірибесін республикамыздың солтүстік-шығыс және батыс облыстарында кеңінен қолдануға болады. Авторлар кітапшада қолдан ұрықтандыру әдісін кеңінен қолдана отырып, қой шағылыстырудың техникасын, қой қырку техникасын және оған қалай даярлық жасауды баяндайды.

Авторлар совхоздың мол өнімді қойлар өсіру ісінде төңіректегі колхоздарға қандай әсер еткенін көрсетеді. Кітапшада биязы жүнді қой шаруашылығының шын шеберлері — таңдаулы шопандардың, сол сияқты совхоздың аға зоотехнигі Н. П. Чифиннің жұмыс тәжірибесі жақсы көрсетілген.

Әрбір 100 саулықтан 117 козы, әрбір қойдан 5 килограмм 930 грам биязы жүн алған Бесқарағай совхозы коллективінің жұмысы биязы жүнді қой шаруашылығын өркендету ісіне бағалы үлес қосты. Бұл совхоздың тәжірибесі — республикамыздың колхоздары мен совхоздарында мейлінше кеңінен қолдануды тілейтін бағалы тәжірибе. Кітапшаның авторлары бұл тәжірибені толық дәлелмен, егжей-тегжейлеп, түсінікті тілмен баяндаған. Бұл еңбектің бағалылығы осында.

Алайда кітапшада елеулі олқылықтар да бар. СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы (1953 жыл), сол сияқты январь Пленумы (1955 жыл) колхоздарға, совхоздарға және басқа шаруашылықтарға бекітіп берілген ауыл шаруашылық жерлерін неғұрлым өнімді пайдалануды басты міндет етіп алға қойғаны мәлім. Егістік, жайлымдық, шабындық жерлерді жақсы пайдаланудың үлгілерін көрсету — совхоздардың міндеті. Алайда Бесқарағай совхозы бұл міндетті орындамай келеді. Совхозға бекітіп берілген 40 653 гектар егістік, шабындық және жайлымдық жерде небәрі 6 250 қой бар, немесе әрбір 100 гектарға 15 қойдан келеді. Ал республиканың оңтүстік және батыс облыстарының көптеген колхоздары шөл және шөлейт жайлымдарды пайдалана тұрсада, бұл жайлымдардың шөп өнімділігі Бесқарағай совхозының жайлымдарындағыдан әлде қайда кем бола тұрсада, олардың

егістік, шабындық және жайлымдық жерлерінің әрбір 100 гектарында жүзге жуық қой және көптеген басқа мал өсіріледі.

Ауылшаруашылық жерлерінің мұндай салақ пайдаланылуына, өзінің жанқырлық еңбегімен қойды көбейтіп өсіру және оның жүндестігін арттыру ісінде зор табыстарға жеткен совхоз коллективі айыпты емес, Қазақ ССР Совхоздар министрлігі айыпты. Бесқарағай совхозының өндірісін жоспарлағанда, Совхоздар министрлігі партиямыз алға қойған басты міндетті — жер көлемінің белгілі бір өлшеміне шаққандағы өнімнің өндірісін мейлінше ұлғайту міндетін — негізге алмады.

Кітапшаның авторлары совхоз өндірісін өркендетудің мұндай теріс жоспарлануын ашпады, қой шаруашылығын өркендетудің басты резервін — совхоз жерлерін неғұрлым тиімді пайдалануды — шын мәнісінде көрсетпеді. Бесқарағай совхозының мол өнімді биязы жүнді қойды және биязы жүн өндіруді бірнеше есе көбейтуге толық мүмкіндіктері бар.

Кітапшада өнімнің түсер құны сыяқты маңызды мәселе де баяндалмаған. Ал, СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы да, январь Пленумы да совхоздар өнімінің түсер құнын кеміту керек екенін ерекше атап көрсетті.

Республикамызда сүт өндіруді арттыру тәжірибесін қорытатын әдебиет өте аз шығарылады. Қазақ мемлекеттік баспасы В. Богатыревтың «Сталин атындағы колхоздың сүтті мал шаруашылығы» деген кітапшасын шығарып, бұл олқылықты толтыруға әрекеттенді. Бірақ оның бұл әрекетін сәтті деп есептеуге болмайды.

Талдықорған облысы, 28 гвардияшы атындағы ауданның Сталин атындағы колхозы сүт өндіруді арттыруда біраз тәжірибе алды. Мәселен, 1953 жылы мұнда әрбір сыйырдан орта есеппен 1813 литр сүт алынды, бұл республикамыздың көп колхоздардағыдан артық. Сол себепті колхоздың товарлы сүт фермасы коллективінің бұл тәжірибесін шындықпен айтып беру, әлі ондай табыстарға жетпеген басқа фермалардың қызметкерлеріне сөзсіз көмектескен болар еді. Оның үстіне Сталин атындағы колхоз фермасының коллективі 1954 жылы сыйырлардың сүттілігін арттыруда кейбір жаңа табыстарға ие болып, әрбір сыйырдан алынатын сүтті 1950 литрге жеткізді.

Алайда, малшылардың озат тәжірибесін қорытатын әдебиетті шығаруға баспаның атүсті қарауы салдарынан, кітапшада өнеге аларлық үлгі өте аз болып шықты. Мәселен, неге екені белгісіз, 1954 жылғы декабрьде баспаға қол қойылған кітапшада тек 1952—1953 шаруашылық жылының мәліметтері келтіріледі.

Сүт өндірудің, бір жағынан, сыйырларды көбейту, екінші жағынан олардың сүттілігін арттыру жолымен ұлғай-

тылатыны мәлім. Бірақ автор, сыйырларды көбейтіп өсіру тәжірибесін сөз қылмағанның өзінде, колхоздағы сыйырлардың саны және олардың барлық сыйыр малы ішіндегі үлес салмағы туралы мәліметтерді келтірмейді.

Сыйырлардың сүттілігін арттыру тәжірибесін баяндағанда В. Богатырев елеулі қателерге жол береді. Колхоздың сыйырдан сүт алудағы көрсеткіштері кітапшада сөз болған әдістер мен тәжірибеге көріне үйлеспейді. Ауылшаруашылық артеліндегі істің жайын дұрыс айырмайынша, автор теріс жолға түседі: ол Сталин атындағы колхоз фермасы коллективінің нақтылы жұмысын емес, фермалардағы сыйырлардың сүттілігін арттыратын жалпы жағдайларды баяндайды.

В. Богатырев Сталин атындағы колхозда суалған сыйырлардың сауын сыйырлармен бірдей азықтандырылатынын айтады. Жоспар бойынша күн тәулігіне 12—15 литр сүт беруге тиісті сыйырға, іштілігінің екінші кезеңінде күн тәулігіне 5 килограмм жақсы табиғи шабындық пішені, 4 килограмм беде пішені, 13 килограмм сүрленген азық және 2 килограмм жем беріледі. Сірә, колхозды сипаттайтын мысал ретінде, автор сауыншы О. Е. Виняченконың жұмыс тәжірибесін баяндай келіп, былай дейді: «Бузаулауынан 12—15 күннен кейін сыйырға толық мөлшерлі көлемді, балғын азық және жем беріледі. Мәселен, тірідей салмағы 460 килограмм болған және күнтәулігіне 18 литр сүт беретін Алатау тұқымының «Нона» деген сыйырына 10 килограмм пішен, 15 килограмм сүрленген азық, 4 килограмм картоп, 10 килограмм малазықтық қызылша және 4 килограмм жем беріледі».

Мұнан әрі автор жайлымның шөбі қураған кезде, мұның есесіне сыйырлар көкшөп конвейері есебінен үстеп азықтандырылатынын, бұл конвейердің құрамында арнап егілген біржылдық және көпжылдық шөптер, тамыржемісті дақылдар және бақша дақылдары болатынын айтады. Сол сыяқты кітапшада, сүтейтуге қойылған сыйырларға берілетін азықтардың мөлшері, шамамен айтқанда, 2—2,5 азық өлшемі көлемінде арттырылатыны көрсетіледі. Егер мұнда сыйырдың сүттілігі артса, онда сыйырға берілетін көлемді, құнарлы және жем азық тағы да көбейтіледі.

Сыйырлардың сүттілігін арттыру үшін мұндай жалпы жағдайлар жасаудың дұрыстығына және прогрестігіне дәуласпасақ та, Сталин атындағы колхозда бұл айтылғандардың нақтылы жүзеге асырылуына күмәнданамыз. Бұл шаралар шын мәнісінде жүзеге асырылған жерлерде Алатау тұқымы сыйырларының 4—5 мың литрге дейін және онан да көп сүт беретінін көптеген мысалдар бойынша дәлелдеуге болады. Мысалы, Алматы облысы, Алматы ауданының «Луч Востока» колхозында ондай шараларды қолдану әрбір сыйырдан алынатын сүтті 3397 ки-

дограмға, ал сауыншы Лозинская жолдасқа бекітіп берілген сыйырлар тобында 5 028 килограмға жеткізуге мүмкіндік туғызды.

Сталин атындағы колхозда әрбір сыйырдан сүттің басқа біреуіне колхоздардағыдан кем алынуының себебі де, онда сыйырларды сүтейтудің жұртқа мәлім жалпы ержелерінің ойдағыдай қолданылмауында болып отырғаны күмәнсіз. Кітапшаның авторы іс жүзінде қолданылатын шараларды асырмай және боямаламай шындықпен баяндай отырып, мұнымен бірге ондағы елеулі кемшіліктерді және бұл кемшіліктерді жоюдың нақтылы жолдарын көрсетуге міндетті еді. Мұның өзі Сталин атындағы колхоз үшін де, сол сыяқты басқа шаруашылықтар үшін де пайдалы болар еді.

Мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды кеңінен механикаландырып, еңбек өнімділігінің мейлінше артуын қамтамасыз етпеген жерде, мал шаруашылығын өркендетудің зор міндеттерін ойдағыдай орындау мүмкін емес. Ал Қазақстанда мал фермаларын механикаландыру әлі өрістетілмей келеді. Сондықтан бұл істегі озат тәжірибені қорытудың зор маңызы бар.

«Мал фермаларын механикаландыру» деген кітапшада Алматы МТС-ның тәжірибесі қорытылады. Бұл МТС тоғыз мал фермасын сумен жабдықтауды механикаландырды, онда 4,5 километрдей су жолы трубаларын салды, жеті фермада автоматты суаттар орнатты, бес фермада сыйырларды электр агрегатпен саууды, жеті фермада көлемді және жем азықтарды ұнтауды, сегіз фермада жем-шөпті жуып турауды, тоғыз фермада жем-шөпті булап баптауды енгізді. МТС алты фермада ішкі фермалық транспортты жабдықтады. Қойлардың көбі электр агрегатпен қыркылады.

Кітапшада механикаландырудың экономикалық тиімділігі көрсетілген. Авторлар МТС-тың фермаларды механикаландыру жұмысының ұйымдастыру формаларына көп көңіл бөлген. МТС-те құрылған тұрақты монтажшы брига-

далардың шешуші маңызын атап көрсеткен. Бұл бригадалар колхоздармен жасасқан шарт бойынша бүкіл жыл бойына машина-жабдықтарды орнату жұмыстарын атқарады.

Авторлар жеке жұмыстарды механикаландыру тәжірибесін толық және түсінікті тілмен баяндайды. Мичурин атындағы колхоздың товарлы сүт фермасында, өздерінің конструкциясы бойынша, мол өнімді сүт пастеризаторын орнатқан МТС механизаторларының инициативасын көрсетеді. Мұнымен бірге кітапшада мал фермаларындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландырудың елеулі кемшіліктері де көрсетіледі. Бұл кемшіліктердің бастысы — жұмыс процестерінің үздіксіз жүргізілуін қамтамасыз ететін комплексті механикаландырудың енгізілмеуі.

Бұл кітапшаның шығарылуын — мал шаруашылығындағы жұмыстарды механикаландыру тәжірибесін кеңінен қорытуды көздейтін зор істің бастамасы деп тану қажет. Әсіресе, жем-шөп өндіруді механикаландыру тәжірибесін қорытудың ерекше маңызы бар, өйткені бұл жұмыс — мал шаруашылығындағы еңбекті ең көп керек ететін жұмыстардың бірі. Ал МТС-тер мен колхоздар көзір аралуан түрлі машиналармен жабдыкталған, бұл машиналар жем-шөп дайындау жұмыстарының бәрін механикаландыруға мүмкіндік туғызады.

Қазақ мемлекеттік баспасы малды жайып және қолдан семірту, ет өндіруді арттыру, жайлымдарды пайдалану, егіндік жем-шөп өндіруді күшейту, мал фермаларын салу, фермалардағы еңбекті ұйымдастыру және еңбекке ақы төлеу тәжірибесін қорытатын әдебиетті әлі өте аз шығарады. Мал шаруашылығын өркендету мүдделері, мал шаруашылығы озаттарының тәжірибесі мен ғылымның табыстарын насихаттаудағы бұл елеулі кемшіліктерді тез жоюды талап етеді.

И. ГАЛОЧКИН,
зоотехник, Сталиндік сыйлықтың лауреаты.

Түркия — түріктің көзімен

Бұл көлемі шағын кітапта түріктің дарындылығы, дүниеге көзқарасы және әдеби стилі жағынан әртүрлі онбес жазушысының творчествосы келтірілген*. Бірақ олардың бәрін біріктіретін бір нәрсе бар — олар шындықты іздейді!

Осы күнгі Түркияны, боямаламайынша, шынында қандай болса, дәл сондай түрінде суреттеген айқын, бейнелі көріністерде, өзінің үкіметі ауыр халге ұшыратқан түрік халқының ұшан-теңіз аза-

бы толық ашып көрсетіледі. Жазушылар Түркиядағы өмірдің ең түпкі жақтарын ашып, буржуазиялық газеттердің насихат тұманымен бүркейтіндерін айқын суреттейді.

Түркияның саяси тұрмысын өтірік пен екіжүзділік жайлаған. «Түрік мемлекеті республикалық, ұлттық, халықтық, эгистік (мемлекеттік кәсіп орындардың дамуын қолдау системасы), азаматтық және революциялық мемлекет болып табылады» дейтін лепірме сөздер жазылған Түркияның конституциясы — демократиялық рухта мәнерленген қолайлы бүркеушілік қана. Ондағы

* «Түрік жазушыларының әңгімелері». Шетел әдебиеті баспасы. Москва. 1954.

атап көрсетілген бостандықтың барлық принциптері бұрмаланған. Мұны ашып айтуға батылы барған әрбір түрік не өлім жазасына немесе ұзақ жылдарға түрме жазасына кесіледі. Түрік «демократиясының» құны қандай екенін АҚШ сенаторы Рассел 1947 жылдың өзінде-ақ турасынан айтып берген болатын:

«Мен Греция мен Түркияның демократиясына көмектескім келеді демеймін. Мен бұл елдердің халықтарында демократия бар деп ойламаймын, бірақ мен түріктердің Россияға қарсы қарулануына көмектескім келеді».

Американ сенаторының Түркиядағы «демократиялық» бостандықтарға берген бағасы осындай, Түркияны Совет мемлекетіне шабуылдың тірегіне айналдырған американ империалистерінің «қалтқысыз» көмегінің шын сыры осындай.

Елдегі халықтың 82 проценті болып отырған түрік шаруаларының көрген күні ауыр, қаратүнек. Олардың жартысының жері жоқ. Шаруалардан 30-дан астам әртүрлі салықтар алынады. Көтере алмастық алым-салықтардың ауырталығынан олар күйзелуде, табыс іздеп қалаларға босуда.

Салық жыйнаушының келуі шаруаларды қатты абыржытады, оны қарақшылардың шабуылындай көреді. Фахри Джелальеддин өзінің «Шабуыл» деген әңгімесінде осындай оқиғаны айтады.

Самим Қоджагездің «Алла, мемлекет және жер» деген шығармасында қатты дауылдан бір түннің ішінде апатқа ұшыраған мал өсіруші шаруалардың ауыр халі суреттеледі.

Бұл апаттың ертеңіне «тірі қалған адамдар тау арасында кешке дейін өліктерді іздеді». Олар өздеріне ешкімнің де, мемлекеттің де, құдайдың да көмектеспейтінін білді. Бұл халден құтқаратын жолды олардың өздерінің іздеуі керек болды, сондықтан Мехмед деген жас жігіт әкесінің кеңесі бойынша, теке мен ешкі сатып алуға ақша табу үшін жұмыс іздеп қалаға кетеді.

Деревиядан қалаға бара жатқан жолында Мехмед помещиктің алқаптағы жайқалған егіндерін көрді. Өзінің орындамайтын, бірақ ежелден көксеген жер туралы арманының әсерімен ол былай дейді:

«...Ең дұрысы — жер, Біздің де жеріміз болуға тиіс.

Жолдастары Мехмедке жауап қайтарған жоқ. Бұлар жолмен қалаға қарай шалшаң жүріп келе жатып бидай, арпа, мақта егісіне көз салды. Олар жерге уайыммен қарады, олар жер талап етті!»

Түркияда ешкім халықтың талаптарымен есептеспейді. Оның үкіметі өз елін Уолл Стриттің жалмауыздарына сатты. Түркия шетелдік капиталға финансылық және экономикалық тәуелділіктің шырмауында азап шегуде. Елдің билеп-төстеуші топтары шаруаларға аграрлық реформа жүргізу жөнінде күрәк уәде берумен алдарқатып келеді.

Бірақ егін егілетін жердің 77 проценті әлі күнге помещиктер мен кулактардың меншігінде, тек 23 проценті ғана еңбекші шаруалардың қолында.

Түркияда байлардың кедейлерге, жалдаушылардың жалданушыларға озбырлығының шегі жоқ. Қалаларда адамдар аштан өлуде, олар жұмыстан айрылудан қорқып қалтырап отырады, қожайыны жақтырмаса, оларды көшеге шығарып тастайды.

Өміріндегі жалғыз қуанышы—кішкене қызы суық лашықта аштықтан бірте-бірте солып бара жатқан, кір жуушы әйелдің тағдыры өте аянышты. Астыртын полицияның жалдамалы агентінің қолынан қаза тапқан Сабахатдин Али өзінің «Аяқталмаған әңгімесінде» Түркияның қараңғы түкпірлеріндегі кедейлердің қайыршылығын, қайғы-қасыретін өзінің талаптының сәулесімен ашып көрсетеді. Қыздың анасының «...жасы отыздың шамасында болды. Алайда оның бүкірейген кішкене денесі, сарғайған жіңішке және ұзын қолдары, өліктікіндей батынқы қара көздері оны қанша жаста екені мәлімсіз кемпірге ұқсататын еді. Оның аузында бір тісі де қалмаған. Бетін ажим басқан, ал қоңыр көйлегінің етегінен көрінетін таяққа ұқсайтын аяқтарына бауы үзілген үлкен бөтинке киген».

Автор бұл әйелдің өткендегі өмірін баяндамайды, онан әрі бұл байғұстың жаңғыз пәрзенті өлгенін білеміз. Сабахатдин Али бізді кір жуушы әйелдің лашығына ертіп барып, оған сөз береді:

«Мен онымен қатар жаттым... мен қызымды құшақтадым, оның денесі мұндай. Бауырыма қыстым, ол ыңырсып: «Мама, қаттырақ құшақта!» дейді. Құшақтағанда, жылытарлық ешнәрсе жоқ — күр сүйегі қалған. Ол ыңқылын тоқтатты... Білмеймін, неше күн өткенін, мүмкін үш күн, мүмкін төрт көн өткен болар, біз құшақтасып жата бердік... Бүгін түсте ол көзін ашты да, маған таңданғандай қарады, сонан кейін енді қайтып көзін жұмған жоқ».

Анатолиядағы кейбір селоларда адамдар қырық жасқа жетпей өледі. Түркияда 8941 адамға небәрі... бір дәрігер. Халықтың 85 процентке жуығы сауатсыз, 3,5 миллион мектеп жасындағы баланың 1,2 миллионы мектепке тартылмаған.

Әдебиет пен санақ әртүрлі нәрсе, бірақ салыстырғанда олар бір-бірін тамаша толықтырады. Санақ жалаң цифрларды келтіреді. Жазушылар өмірді, яғни цифрдың тасасындағыны көрсетеді. Олар, мұқтаждықтың зардабынан Түркия қалаларының көшелеріне шығарып тасталған, мыңдаған балалардың көрген күнін суреттейді.

«Стамбұлда панасыз балалар құмырсқадай. Олар көпірлердің астында, фонтандар жанында, мешіттердің аулаларында, тротуарларда, көшелердің айрығында, пристаньдарда толып жүреді. Олардың киімі жалба-жұлба. Олар қас-

қырдың аш бөлтіріктеріндей, Нанханалардың жанында қолындағы наныңды жұлып әкетеді. Базарларда олар өздерінен бірнеше есе ауыр жүктерді тасиды. Әрқайсысы өзінің білгенінше тамақ асырауға тырысады» — деп жазады да С. Устюнгель, мұның артынша ызалағандықпен былай дейді: «Бір ғана Стамбұлдың өзінде соңғы екі жылдың ішінде отыз бес мың қолөнерші күйзелді. Олардың қаншама балалары көшеге шығарылып тасталды! Ал жұмыссыздардың балалары қандай халде? «Маршал жоспары» күшінде болған кезінде панасыз балалардың саны Түркияның осы қаласының өзінде елу мыңнан асты... Ал іс жүзінде олардың саны қанша, қалай тіршілік етеді, көрген күні қандай қайғылы? Мұны стамбұлдықтардың өздері ғана біледі»

Жазушылар Осман Наджи Атмаджа («Баспанасыз»), Наим Тирали («Рюстем») және басқалары панасыз балалардың өмірін түрік балаларының келешегінен қатты қауіптенгендікпен баяндайды.

Адамдар үшін жұмыстың қандай қадірлі екенін, Түркияда жұмыстан айрылу қандай қорқыныш екенін Садрі Эртеменнің «Үшеуі өлтірілді», Сабри Соранның «Фотограф», Умран Назиф Игитердің «Адалдық», «тігін мастерскойы», Орхан Кемалдің «Жана жылдағы оқиға», «Инджи және оның әкесі», «Түс» және басқа шығармаларынан көруге болады.

Қайыршылыққа, күйзеліске ұшырауына қарамастан, Түркияның қарапайым адамдары ең ауыр сындар кезінде табандылық, туысқандық ынтымақ сезімін көрсетеді. Орхан Кемаль «Резерв кадрлар» деген әңгімесінде түрік халқының осы қасиеттерін қысқаша, бірақ айқын суреттейді.

Түркияда кәсіп иелерінің, әкімет орындарының озбырлығына қарсы, ондағы террорлық қатал тәртіпке қарсы наразылық әртүрлі формада көрініп отырады. Халықтың сана сезімі бірте-бірте оянууда, ол өзінің праволарын қорғап күреске шығуда, американдардың озбырлығына, жанталаса қарулануға, заңсыздыққа, зорлық-зомбылыққа қарсы наразылық білдіруде. Түркияның билеп-төстеушілерінің өз еліндегі прогресшіл күштерді басуы барған сайын қыйындауда. Түркияда тұтқынға алынған, тергеуде жүрген адамдардың көптігі сонша, кәзір оларды ескі түрмелерге сыйғызып орналастыру мүмкін емес. Түркияда сұлтандар әкіметі тұсында 480 түрме салынғаны мәлім. Халықтық-республикалық партия өзінің ел басқаруына есте қалдырғандай 57 түрме салдырды, ал демократиялық партия өзінің үстемдігінің алғашы екі жылында 11 түрме салдырды және 28 түрменің негізін қалап қойды. Магазиндер, ал кей жерлерде мешіттер де түрмеге айналдырылды.

Халықтың жендеттері охранның істеген жауыздықтарын бүркеп қалғысы келеді. Бірақ ол мәлім болмай қалмай-

ды. Бұл жауыздықтарды бүкіл Түркия, бүкіл дүние жүзі біледі. Бұл сөз болып отырған әңгімелер жыйнағында халықтың азабы туралы беттер бұра тартпайтын шежірешінің сыясымен емес, жүрек қанымен жазылған. Бұл әңгімелердің тақырыптарын авторлардың өздері, олардың жақындары, елдестері басынан өткізген.

Фахри Эрдинеттің «Коммунист» деген ерекше әсерлі әңгімесінде күресуші, жанышталған, бірақ жігері мұқамаған прогресшіл Түркияның терең бейнелі образы берілген. Бұл — өзінің саяси күрестегі жолдастарын ұстап беруді талап еткенде, қайыспай қарсылық көрсеткен адам туралы әңгіме. Бірінен бірі қорқынышты, жантүршігерлік азаптар бұл адамды жымданудың шегіне жеткізеді. Февральдың суық түнінде, ашық терезенің жанында, решетканың суық теміріне байлаулы ол, өткір желдің лебімен бірте-бірте есіп жыйнайды. Ол өзімен өзі ойласады. Ол өзінің көп ұзамай өлетінін, енді ақырғы азапты көріп отырғанын түсінеді. Не өлу, не опасыздық ету. Алпыс бес жолдасын ұстап беру, сөйтіп жұмыстан қуылған әйеліне, баласына қайтып бару. Бір дауыс оған: «Өзінің мағнасыз қарыспалығыңды қой, мойныңа ал! Жолдастарың сені айыптамас, бұған нан!» дейді.

Ол енді сақшыны шақырғандай болады. Бірақ, бұл тек елес болып шығады. Ол өз тілінен қорқа бастайды. «Сөйтті де, ол берік тоқтамға келді. Онда ақырғы рет бірнеше сөз айту тілегі туды. Ол өзіне ең қадырлы сөздерді айтқысы келді... Ең алдымен ол: «Түркия! Менің Отаным» деген сөздерді айтты. Ол кішкене баласын әйелін, күрестес жолдастарын, кедей, бірақ ержүрек, қарапайым адамдарымен бүкіл елін көз алдына келтірді... Ақырында оның лебізінен ақырғы сөз шықты:

— Коммунист!

Мұнан кейін ол уақытты босқа өткізбеді: күрек тістерімен тілін қатты тістеп, бар күшімен қыя бастады.

Түн ортасында камераға сақшы кірді. Ол шамды жағып, тұтқынға қарады да, жаңы түршіккендіктен қалшып тұрып қалды.

Тұтқынның бүкіл кеудесі қанмен жуылған, қырқылған тілі аузынан шығып жатыр».

Бұл коммунистің образы — прогресшіл Түркия. Оны қан жосылтты, оның тілін кесті, оны түрмеге тықты. Түрік халқы үнсіз тұр, бірақ мұнан ол өзінің тағдырын ойламайды, ол бақытты болашаққа жету үмітінен безді деген мағна тумамайды. Кезі келгенде бұл халық та келелі сөзін айтады, өз күшін жаңалап, рухтанады, американдардың және өздерінің езушілерінің құлдық қамытын талқандап, өз елінде шын демократиялық тәртіп орнатады.

Р. САМСОНОВА.

Россияда 1905 — 1907 жылдары болған революция туралы әдебиеттердің қысқаша көрсеткіші

БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ СЫПАТЫ ЖӘНЕ ҚОЗҒАУШЫ КҮШТЕРІ ТУРАЛЫ

В. И. Ленин. Не істеу керек? Шығармалар. 5 т., 369 — 574-беттер.

В. И. Ленин. Бір адым ілгері, екі адым кейін. Шығармалар. 7 т., 205 — 443-беттер.

В. И. Ленин. Социал-демократияның 1905 — 1907 жылдары болған бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы. Шығармалар. 13 т., 215 — 440-беттер.

В. И. Ленин. Азаттық қозғалысында сословиелер мен таптардың ролі. Шығармалар. 19 т., 325 — 328-беттер.

В. И. Ленин. Империализм — капитализмнің жоғарғы сатысы. Шығармалар. 22 т., 191 — 320-беттер.

В. И. Ленин. 1905 жылғы революция туралы баяндама. Шығармалар. 23 т., 250 — 269-беттер.

И. В. Сталин. Ленинизм негіздері туралы. Шығармалар. 6 т., 80 — 209-беттер.

Бүкілодақтық коммунист (большевиктер) партиясының тарихы. Қысқаша курс, Қазақтың мемлекет баспасы, 1951 жыл.

Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл (1903 — 1953). Қазақтың мемлекет баспасы, 1953 жыл.

Бірінші орыс революциясының елу жылдығы (тезистер) қазақ мемлекет баспасы, 1955.

ИМПЕРИАЛИЗМ ЗАМАНЫНДАҒЫ БІРІНШІ ХАЛЫҚТЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РОССИЯ

Елде революциялық кризистің пісіп жетілуі

В. И. Ленин. «Искра» редакциясының мәлімдемесі. Шығармалар. 4 т., 368 — 374-беттер.

В. И. Ленин. «Харковта май күндері» деген кітапшаға алғысөз. Шығармалар. 4 т., 377 — 384-беттер.

В. И. Ленин. Жаңа қырғын. Шығармалар. 5 т., 14 — 20-беттер.

В. И. Ленин. Дағдарыстың сабақтары. Шығармалар. 5 т., 82 — 87-беттер.

В. И. Ленин. Демонстрациялардың басталуы. Шығармалар. 5 т., 341 — 344-беттер.

В. И. Ленин. Жаңа оқыйғалар мен ескі мәселелер. Шығармалар. 6 т., 286 — 292-беттер.

В. И. Ленин. Деревня кедейлерінің. Шығармалар. 6 т., 379 — 459-беттер.

В. И. Ленин. Самодержавие және пролетариат. Шығармалар. 8 т., 1 — 13-беттер.

В. И. Ленин. Иван Васильевич Бабшкин. (Некролог) Шығармалар. 16 т., 381 — 385-беттер.

И. В. Сталин. Декабрь ереуілі мен декабрь шарты туралы. Шығармалар. 2 т., 194 — 199-беттер.

Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл (1903 — 1953). Қазақтың мемлекет баспасы. 1953 жыл.

РСДЖП-ның Екінші съезі. СОКП — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 7-ші басылуы. 1 бөлім, 1898 — 1925. Мемлекеттік саяси баспа, 1953.

1904 — 1905 жылдардағы орыс-жапон соғысы

В. И. Ленин. Бірінші Май. Шығармалар. 7 т., 200 — 204-беттер.

В. И. Ленин. Порт-Артурдың құлауы. Шығармалар. 8 т., 34 — 43-беттер.

В. И. Ленин. Европа капиталы мен самодержавие. Шығармалар. 8 т., 272 — 280-беттер.

В. И. Ленин. Тасталқан. Шығармалар. 8 т., 506 — 510-беттер.

1905 — 1907 ЖЫЛДАРДАҒЫ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ БАСТАЛУЫ. 1905 ЖЫЛДЫҢ КӨКТЕМІ МЕН ЖАЗЫНДА РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ДАМУЫ

1905 жылғы 9 январь — Россияда революцияның басталған күні

В. И. Ленин. Петербург стачкасы. Шығармалар. 8 т., 81 — 84-беттер.

В. И. Ленин. Россияда революцияның басталуы. Шығармалар. 8 т., 88 — 91-беттер.

В. И. Ленин. Бірінші сабақтар. Шығармалар. 8 т., 134 — 139-беттер.

В. И. Ленин. Бірінші май. Шығармалар. 8 т., 360 — 364-беттер.

И. В. Сталин. Кавказ жұмысшылары, кек алатын уақыт жетті! Шығармалар. 1 т., 81 — 88-беттер.

И. В. Сталин. Екі шайқасу. Шығармалар. 1 т., 218 — 228-беттер.

Бірінші орыс революциясы дәуіріндегі большевиктердің тактикасы РСДЖП-ның III съезі

В. И. Ленин. Пролетариат пен шаруалар. Шығармалар. 8 т., 235 — 240-беттер.

В. И. Ленин. Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы. Шығармалар. 8 т., 301 — 312-беттер.

В. И. Ленин. Үшінші съезд. Шығармалар. 8 т., 461 — 468-беттер.

В. И. Ленин. Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы. Шығармалар. 9 т., 1 — 131-беттер.

В. И. Ленин. Социал-демократияның шаруалар қозғалысына көзқарасы. Шығармалар. 9 т., 230 — 239-беттер.

И. В. Сталин. Қарулы көтеріліс және біздің тактикамыз. Шығармалар. 1 т., 144 — 151-беттер.

И. В. Сталин. Революциялық уақытша үкімет және социал-демократия. Шығармалар. 1 т., 152 — 176-беттер.

Совет Одағы Коммунистік партиясына елу жыл (1903 — 1953). Қазақтың мемлекет баспасы, 1953 жыл.

РСДЖП-ның Үшінші Съезі. СОКП—Съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 7-ші басылуы, 1898 — 1925. мемлекеттік саяси баспа, 1953

Иваново-Вознесенскідегі стачка. Потемкин броненосындағы көтеріліс

В. И. Ленин. Пролетариат күресі және буржуазияның малайлығы. Шығармалар. 8 т., 568 — 575-беттер.

В. И. Ленин. Революциялық армия мен революциялық үкімет. Шығармалар. 8 т., 593 — 603-беттер.

В. И. Ленин Орыс патшасы өз халқынан қорғану үшін түрік сұлтанынан көмек сұрап отыр. Шығармалар. 8 т., 603 — 608-беттер.

Булыгин думасы және оған большевиктердің белсенді бойкот жариялауы

В. И. Ленин. Конституциялық базар. Шығармалар. 8 т., 365 — 369-беттер.

В. И. Ленин. Буржуазиялық сатқындықтың алғашқы адымдары. Шығармалар. 8 т., 547 — 554-беттер.

В. И. Ленин. Қолдарына кіршік жұқтырғысы келмейтін «революционерлер». Шығармалар. 8 т., 555 — 560-беттер.

В. И. Ленин. Пролетариат күресуде, буржуазия ұрланып өкімет басына ұмтылуда. Шығармалар. 9 т., 163 — 172-беттер.

В. И. Ленин. Булыгин думасына байкот жариялау және көтеріліс. Шығармалар. 9 т., 173 — 182-беттер.

В. И. Ленин. «Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі». Шығармалар. 9 т., 188 — 197-беттер.

ОКтябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачка. декабрьдегі қарулы көтеріліс

1905 жылғы октябрьдегі бүкілроссиялық саяси стачка. Жұмысшы-депутаттары Советтерінің құрылуы

В. И. Ленин. Москвадағы саяси стачка мен көше күресі. Шығармалар. 9 т., 355 — 364-беттер.

В. И. Ленин. Москвадағы оқыйғалардың сабақтары. Шығармалар. 9 т., 387 — 396-беттер.

В. И. Ленин. Бүкілроссиялық саяси стачка. Шығармалар. 9 т., 404 — 407-беттер.

В. И. Ленин. Революцияның бірінші

жеңісі. Шығармалар. 9 т., 443 — 451-беттер.

В. И. Ленин. Николай Эрнестович Бауман. Шығармалар. 9 т., 453 — 454-беттер.

В. И. Ленин. Біздің міндеттеріміз және жұмысшы депутаттарының советі. Шығармалар. 10 т., 1 — 12-беттер.

В. И. Ленин. Өлуші самодержавие және халық өкіметінің жаңа органдары. Шығармалар. 10 т., 53 — 57-беттер.

В. И. Ленин. Социализм және анархизм. Шығармалар. 10 т., 58 — 61-беттер.

И. В. Сталин. Азаматтар! Шығармалар. 1 т., 205 — 209-беттер.

И. В. Сталин. Барлық жұмысшыларға. Шығармалар. 1 т., 210 — 213-беттер.

17 октябрь манифесті. Буржуазиялық партиялардың құрылуы

В. И. Ленин. Үш түрлі конституция немесе мемлекет құрудың үш түрлі тәртібі. Шығармалар. 8 т., 590 — 592-беттер.

В. И. Ленин. Революциялық күрес және либералдардың делдалдығы. Шығармалар. 8 т., 511 — 520-беттер.

В. И. Ленин. Түйіннің шешілуге жақындауы. Шығармалар. 9 т., 465 — 473-беттер.

В. И. Ленин. Екі шайқас арасында. Шығармалар. 9 т., 475 — 484-беттер.

В. И. Ленин. Орыс саяси партияларын жіктеу тәжірибесі. Шығармалар. 11 т., 216 — 222-беттер.

И. В. Сталин. Тифлис, 1905 ж. 20 ноябрьде. Шығармалар. 1 т., 214 — 217-беттер.

И. В. Сталин. Тап күресі. Шығармалар. 1 т., 309 — 318-беттер.

В. И. Ленин. Пролетариат пен шаруалар. Шығармалар. 8 т., 235 — 240-беттер.

В. И. Ленин. Әскер және революция. Шығармалар. 10 т., 41 — 44-беттер.

В. И. Ленин. Таразының табақтары ауытқуда. Шығармалар. 10 т., 45 — 46-беттер.

В. И. Ленин. Жұмысшы партиясы және оның кәзіргі жағдайдағы міндеттері. Шығармалар. 10 т., 83 — 86-беттер.

В. И. Ленин. Москва көтерілістің сабақтары. Шығармалар. 11 т., 157 — 165-беттер.

В. И. Ленин. Пресня ауданында, 1905 жылғы декабрь көтерілісі күніне арналған митингте 1919 ж. 19 декабрьде сөйлеген сөз. Шығармалар. 30 т., 270 — 275-беттер.

В. И. Ленин. Пресня жұмысшыларының ерлік ісі. Шығармалар. 28 т., 379 — 380-беттер.

И. В. Сталин. Кәзіргі кезең және жұмысшы партиясының бірігу съезі. Шығармалар. 1 т., 278 — 308-беттер.

РСДЖП-ның бірінші конференциясы. СОКП — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 7-ші басылуы, I бөлім, 1898 — 1925. Мемлекеттік саяси баспа, 1953.

- 1905 — 1907 жылдардағы революция
Россияның ұлттық аудандарында
В. И. Ленин. Бірінші сабақтар. Шығармалар. 8 т., 134 — 139-беттер.
В. И. Ленин. Ұлт мәселесі жөніндегі тезистер. Шығармалар. 19 т., 236 — 244-беттер.
И. В. Сталин. Азаматтар! Шығармалар. 1 т., 205 — 209-беттер.

РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ШЕГІНУІ.

Мемлекеттік I дума

- В. И. Ленин. Мемлекеттік дума және социал-демократиялық тактика. Шығармалар. 10 т., 91 — 102-беттер.
В. И. Ленин. Кадеттердің жеңісі және жұмысшы партиясының міндеттері. Шығармалар. 10 т., 191 — 274-беттер.
В. И. Ленин. Кадеттер, трудовиктер және жұмысшы партиясы. Шығармалар. 10 т., 465 — 470-беттер.
В. И. Ленин. Думаның таралуы және пролетариаттың міндеттері. Шығармалар. 11 т., 95 — 117-беттер.
В. И. Ленин. Революция және контр-революция. Шығармалар. 13 т., 105 — 114-беттер.
И. В. Сталин. Мемлекеттік дума және социал-демократияның тактикасы. Шығармалар. 1 т., 229 — 238-беттер.

РСДЖП-ның IV Бірігу съезі

- В. И. Ленин. РСДЖП-ның Бірігу съезіне арналған тактикалық платформа. Шығармалар. 10 т., 139 — 156-беттер.
В. И. Ленин. Жұмысшы партиясының аграрлық программасын қайта қарау. Шығармалар. 10 т., 157 — 188-беттер.
В. И. Ленин. РСДЖП Бірігу съезі туралы баяндама. Шығармалар. 10 т., 315 — 385-беттер.
И. В. Сталин. Кәзіргі кезең және жұмысшы партиясының бірігу съезі. Шығармалар. 1 т., 278 — 308-беттер.
РСДЖП Төртінші (Бірігу) съезі. СОКП — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 7-ші басылуы, I бөлім, 1898—1925. Мемлекеттік саяси баспа, 1953. 952 бет.

Мемлекеттік II дума

- В. И. Ленин. Бойкот туралы. Шығармалар. 11 т., 127 — 135-беттер.
В. И. Ленин. Социал-демократия және думаның сайлауы. Шығармалар. 11 т., 441 — 465-беттер.
В. И. Ленин. Дума сайлауы және орыс социал-демократтардың тактикасы. Шығармалар. 12 т., 184 — 194-беттер.

В. И. Ленин. Екінші мемлекеттік думада аграрлық мәселе туралы сөйлеген сөздің жобасы. Шығармалар. 12 т., 253 — 289-беттер.

В. И. Ленин. Байкотқа қарсы. Шығармалар. 13 т., 1 — 37-беттер.

В. И. Ленин. II Думаның социал-демократиялық фракциясы туралы. Бүкіл істің баяндалуы. Шығармалар. 17 т., 316 — 321-беттер.

И. В. Сталин. Петербургтері сайлау күресі және меньшевиктер. Шығармалар. 2 т., 12 — 21-беттер.

И. В. Сталин. Пролетариат үкіметпен күреседі, буржуазия үкіметпен одақтасады. Шығармалар. 2 т., 24—29-беттер.

И. В. Сталин. Думаның қуылуы және пролетариаттың міндеттері. Шығармалар. 2 т., 47 — 52-беттер.

РСДЖП Бесінші (Лондон) съезі. СОКП — съездердің, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. 7-ші басылуы, I бөлім, 1898 — 1925. Мемлекеттік саяси баспа, 1953.

1905 — 1907 жылдардағы революцияның жеңілуі. Бірінші орыс революциясының дүниежүзілік — тарихи маңызы

В. И. Ленин. Революция және контр-революция. Шығармалар. 13 т., 105 — 114-беттер.

В. И. Ленин. Орыс революциясын бағалау жөнінде. Шығармалар. 15 т., 39 — 52-беттер.

В. И. Ленин. Революцияның сабақтары. Шығармалар. 16 т., 311—319-беттер.

В. И. Ленин. Алыстан жазылған хаттар. Шығармалар. 23 т., 315 — 364-беттер.

В. И. Ленин. Азияның оянуы. Шығармалар. 19 т., 67 — 68-беттер.

В. И. Ленин. Дүниежүзілік саясаттағы жаңғыш материал. Шығармалар. 15 т., 178 — 185-беттер.

В. И. Ленин. 1905 жылғы революция туралы баяндама. Шығармалар. 23 т., 250 — 269-беттер.

И. В. Сталин. Халықаралық контр-революция. Шығармалар. 1 т., 274 — 277-беттер.

Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) партиясының тарихы. Қысқаша курс. Қазақтың мемлекет баспасы, 1951 ж.

Совет Одағының Коммунистік партиясына елу жыл (1903 — 1953), Қазақтың мемлекет баспасы, 1953 ж.

Бірінші орыс революциясының елу жылдығы (тезистер). Қазақтың мемлекет баспасы, 1955 ж.

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

Бучкин Б. А. (бас редактор),
Әбілдаев К., Глебов С. А., Ордабаев Б.,
Покровский С. Н., Рахимов Х., Федюкин С. А.

Редакцияның адресі:

Алматы қаласы,
Комсомол көшесі, 107.
Тел. 39-00, 23-03,
11-45, 17-96.